



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

4 (12) 2012



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нурiev М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** – Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** – Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** – Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Баймырзаев Қ.М.** – Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** – Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова А.С.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының акедемигі; **Берікханова А.Е.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** – ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Есполов Т.И.** – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі; **Жарықбаев Қ.К.** – Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Иманбаева С.Т.** – Абай ат., ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Қирабаев С.С.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** – М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қыдырәлиев Д.** – ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** – ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.К.** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура РнД институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Мырзахметов М.** – Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы «Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының» директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Мәдени-антропология» кафедрасының профессоры; **Нөкетаева Д.Ж.** – Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Нәрібаев К.Н.** – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, экономика ғылымдарының докторы, профессор; **Сарыбеков М.Н.** – ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың әкімшілік басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Табылдиев Ә.Т.** – әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** – Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шаханова Р.Ә.** – Абай ат. ҚазҰПУ-дың магистратура және докторантура PhD институтының филология мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор; **Шолпанқұлова Г.К.** – Абай ат. ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Құрманғали А.К.** – жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нурiev М.А. – директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** – руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** – президент международного сообщества “Қазақ тілі”, главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** – профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** – декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Баймырзаев К.М.** – ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Бөлеев К.** – зав. кафедрой “Педагогика и этнопедагогика” Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** – зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Берікханова А.Е.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Ғаббасов С.** – писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есполов Т.И.** – ректор Казахского национального аграрного университета, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Есім Ғ.** – депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарықбаев Қ.К.** – директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Иманбаева С.Т.** – зав. кафедрой «Национального воспитания и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.п.н., профессор; **Қирабаев С.С.** – советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Қасқабасов С.А.** – директор Института литературы и искусства имени М.Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Қыдырәлиев Д.** – эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Қозыбаев И.М.** – председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Қалиев С.К.** – профессор кафедры “Общей педагогики” Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** – зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Мырзахметов М.** – директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** – профессор кафедры “Культурной антропологии” КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук; **Нукетаева Д.Ж.** – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук; **Нәрібаев К.Н.** – зам. председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, доктор экономических наук, профессор; **Сарыбеков М.Н.** – вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** – начальник административного управления КазНПУ им.Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Табылдиев А.Т.** – профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Түрікпенов Ж.** – профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Шаханова Р.А.** – зав. кафедрой филологических специальности Института Магистратуры и докторантуры PhD КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Шолпанқұлова Г.К.** – доцент кафедры «Национальное воспитание» КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Құрманғали А.К.** – ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF
S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** – the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** – the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** – the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** – the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academican of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Baymyrzaev K.M.** – the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** – the university chair of “Pedagogics and ethnopedagogics” of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** – the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academican of NAS RK; professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** – the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** – the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academican of NAS RK; **Espolov T.I.** – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academican of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** – the director of the ethno psychology and ethnopedagogics center named after Tazhibaeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Imanbaeva S.T.** – Head of the Department of “national education and samoponaniya” KazNPU them. Abaya, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** – the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair “Kazakh literature” of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academican of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** – the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academican of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kydyraliev D.** – the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** – the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** – the professor of the chair “General pedagogic” of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** – the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Myrzakhmetov M.** – the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** – the rector of the Kazakh National University named after after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** – the academican of social academy, the academican of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair “Cultural anthropology” of KazNU named after Al-Farabi; **Nuketaeva D.Zh.** – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences; **Naribaev K.N.** – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor; **Sarybekov M.N.** – the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** – the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Tabyldiev A.T.** – the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** – the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academican of Academy of the humanities; **Shahanova R.A.** – the university chair of philological specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, **Sholpankulova G.K.** – the associate professor of a chair “National education” of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Kurmangaly A.K.** – the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012



«Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз»

Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан - 2030». – А.: Білім, 1997

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА «ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ»
ЖУРНАЛЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Нуриев М.А. –

*Интеллектуалды ұлт қалыптастыру
ғылыми-зерттеу институты директоры,
ҚР жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер,
профессор
Абай атындағы ҚазҰПУ*

Халқымыздың «Тәрбие – тамыры тереңде» дегеніндей, бүгінгі жаһандану үрдісі жаппай қарқын алған, нақтырақ рухани құндылықтардан гөрі материалдық құндылықтар басым түсіп жатқан қоғамда қалың көпшілікті тәрбие үрдісі алаңдатып отырғаны ақиқат. Бұл бір тәуелсіз ел Қазақстанды ғана емес, жас ұрпағының бүгінгі мен ертеңіне алаңдап отырған күллі әлем халықтарының да ойландырып, толғантар мәселесі. Өйткені, қазіргі жасырын, мейлі ашық болсын жүргізіліп жатқан халықаралық саясат пен аймақ төңірегіндегі түрлі «ойындар», БАҚ арқылы жасалып жатқан сананы улар түрлі шабуылдардан мемлекеттің тұтастығын сақтап қалар жалғыз жол ұлттық идеологияның қуаты мен пәрменділігінде. Қазақ халқы – қай жағынан қарасаңыз да, рухани өте бай ел. Өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, сана-сезімі, дүниеге көзқарасы, дарқан мінезі бар. Сол арқылы қалыптасқан тәрбиелеу тәсілдері бар. Ол тәсілдердің барлығы да халықпен бірге жасасып, оның тарихына ілесе жүрумен бірге жетіп отырған. Сонымен қатар, ескерер жайт, қоғамдық өмір өзгеріп, жаңарып, экономикалық жағдайлар ілгерілеп дамуға байланысты, халықтың сана-сезімі, дүниеге көзқарасы, тұрмыс-тіршілігі өзгерумен қатар, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің қолданысында да айтарлықтай өзгешіліктер орын алды. Мұның ақыры жаңа мазмұнда өзгеруіне, бұрынғы қалпын біртіндеп жоғалтуына жағдай жасауға әсерін тигізді. Бұл өз кезегінде жас ұрпақ тәрбиесіне де ықпалын түсіреді.

Қазақ халқы – ұлт ретінде дүниедегі ешбір

елге ұқсамайтын, дара болмысты жұрт. Оның даралығы сонда, халқымыздың қарттықты құрметтеп, жастықты үкілейтін, қызын қонақ деп ардақтап сыйлайтын, қайырымдылықты қастерлеп, балаға мейірімін төгіп, үлкенге ізетін, кішіге құрметін, ініге ілтипатын аямайтын рухани өміршендігі ұлттық тәрбиеміздің қанымызға сіңген басты көрінісі екендігінде дау жоқ. Ал, осы жерде кеше біз қандай едік, бүгін қандаймыз, ертең не боламыз деген сұрақтарды қояр болсақ, мәселенің шырғауы осы тұста байқалады. Ертең деген келер шақтан біздің тұспалдап отырғанымыз жастарымыздың рухани-әлеуметтік жағдайы. Себебі, жастар қауымы қай қоғам, не мемлекет өмірінде маңызды орын алатыны белгілі. Сондықтан, бізді алаңдатар мәселе қазақ жастарының тәрбиесі. Жасырын емес, жаһандану деп жарғақ құлағымыз жастыққа тимей ұрандап жатқанымыз, қазақ жастарының батыс мәдениетіне бой ұрып, еліктеушілік үрдісі, қала берді тілінен безгені былай тұрсын, дінінен де, ділінен де айырылып, құрдымға кетіп бара жатқаны қаншама. Олар осылай, (бәрі емес, әрине) өзгенің ықпалына түсе берсе, болашағымыз бұлыңғыр, тұманға айналады. Бүгінде, тәуелсіз Қазақ жерінде, елінде Елбасының бастамасымен істеліп жатқан игілікті істердің барлығы кім үшін? Әрине, болашақ ұрпақ үшін. Сол үшін, қазақ жастарының болмысын сақтап қалу үшін олардың әлеуметтану процесінде ұлттық құндылықтарымызды жүйесімен, ұтымды пайдалана білгенде ғана, көздеген мақсатымызға жеткеніміз. Ұлттық тәрбие мәселесінің қоғамда белсенді талданып,

ұйымдастырылуына, іске асырылуына жағдай жасалып жатыр. Бұл мәселе төңірегінде осы күнге дейін біраз зерттеулер жүргізіліп, түрлі оқу және оқу әдістемелік құралдары жарияланды, баспасөз беттерінде, теледидар, радио кешендерінде айтылып келеді. Оқушыға талай еңбектер жол тартты. Дана халқымыздың «Тәрбие тал бесіктен» дегеніндей, құрсақтан басталатын тәрбие жер бесікке дейін жүріп отырады.

Тәрбие беру процесі оқумен тығыз байланысты, әрі қатар жүруге тиіс. Өйткені, ол алдына қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған жүйелі процес. Бүгінде Абай атындағы ҚазҰПУ-де жүргізіліп жатқан жұмыстар да осыған негізделеді. Яғни, ұлттық тәрбие мақсаты – адамды, ұлтты зиялы мәдениетті бақытты етіп баулу. М.Жұмабаев тәрбиенің мақсаты «Тәрбиеден мақсұт – адамды және сол адамның, ұлттың, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі – әрбір адам бақытты болса, адамзат дүниесінің мүшесі – әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиеден мақсұт адам деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару» деп атап көрсетті.

Сол себепті, бүгінгі заман талабына сәйкес өз мемлекетіміздің ұлттық саясатын жүзеге асыру жолында, сонымен бірге, қазіргі жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістердің даму үрдісінің ерекшелігіне орай, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие бере отырып, интеллектуальды ұлт қалыптастыру ісі бүгінгі күннің өзекті мәселесінің біріне айналып отыр. Қай кезең болмасын адамзат алдында тұратын ұлы міндет – өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. Тәуелсіздікке қол жеткізген осы заманда жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру міндеті уақыт талабымен бірге келген игілікті іс екендігі белгілі.

Жастарымыз қоғамға қажетті және отанымыздың қарыштап дамуына, елінің мәдени, тұрмыстық жағынан гүлденуіне

тек өзі таңдаған білікті маман иесі болу жеткіліксіз. Сол себепті, туған халқының сары майдай сақтап келе жатқан асыл мұраларын – діни-рухани, тарихи-мәдени құндылықтарын қастерлеу, сонымен қатар, терең оқып-танумен ғана емес, қолдан келгенше жеке үлесін қосуға ұлттық сезімін қалыптастырудың маңызы зор. Заман талап етіп отырған жетекші маман иесі болу мүмкіндігі тек классикалық тұрғыда сапалы білім алумен шектелмей өз ұлтының әдебиеті, тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы және ұлттық ерекшеліктері жөнінде қосымша толық мағлұматтар алу мен қатар, сол төл мәдени-тарихи мұраларын әлемдік өркениет биігіне көтеру маңыздылығы зор. Аталған мәселелерді шешу біржақты ғана сипат алып қана қоймай, қайта көпшілік қауымның қолдауымен жүзеге асырылуының тиімді екенін бүгінгі тәжірибелеріміз көрсетіп отыр. Мәселен, осы өзіміздің білім ошағы – Абай атындағы ҚазҰПУ-де ашылған «Ұлттық тәрбие» кафедрасын, журналын және аталған пәннің оқу бағдарламасына енуін айтуға болады. Демек, бүгінгі жалынды да дарынды жас, ертеңгі білікті де, білімді маман – жас ұрпақ өкілдерінің өз елінің тарихы мен құндылықтарын мәдениетін, ұлттық қазыналары мен діни-рухани мұраларын қастерлеуге баулитын ұлы істерге үлес қосатын арнаның бірі – халқымыздың ұлттық тәлім-тәрбиелік мұраларын ізгіліктендіру барша қауымның абыройлы ісі болмақ.

Біздің кемел, интеллектуальды ұлт қалыптастырып, тәрбиелеуде өзіндік үлесі мол, ауыз толтырып айтар жетістігіміз 2010 жылдан бері республикалық ғылыми-көпшілік бағытта тарайтын «Ұлттық тәрбие» журналы. Журнал екі айда бір рет шығады. Жарияланатын мақалалар қазақ және орыс, ағылшын тілдерінде басылады. Журналдың *мақсаты* – ұлттық тәрбие мәселелерін көпшілік қауымға, ғылым саласындағы қызметкерлер мен студент жастарға, жалпы халыққа ақпарат

тарата отырып, қазақ халқының ұлттық салт-дәстүр, менталитетін дәстүрге сай замануи тұрғыда олардың бойына ұлттық болмысты сіңіру, ұлттық құндылықтарын қалыптастыру. Оларды ұлтын сүюге шақыру, отансүйгіштік, ұлтжандылық сияқты рухани қасиеттерді бойына дарыту. Осындай қоғамның рухани жағынан зәру дүниелерін шығарып қана қоймай, сапалы білім алумен қатар, оны оқу саласына да дұрыс пайдалана білуде біздің университетіміз республикада алдыңғы қатардан көрінуге тиісті. Сапалы білім беру мен ұлттық тәлімді студентке қабылдату бірінің жігін бірі басқарғанда ғана нәтижелі жүзеге асады. Бүгінгі студент – болашақ маман иесі, ертеңгі қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін тұлға. Осындай жағдайларды ескере келе, қазіргі уақыттағы жаңа білім үлгісі жастарды білімді, білікті, оны ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік болмысын, азаматтық тұлғасын, ішкі жан дүниесін, халықтық қасиеттерін дұрыс қалыптастыруға мән берілуде. Мұны Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынған «Қазақстан – 2030» стратегиясында негізгі бағыттардың бірі ретінде халықтың ұлттық моделі мен салт-дәстүрлерін есепке ала отырып, білігі мен білімі жағынан өркениетті елдердегі замандастармен қатар тұра алатын, бойында ұлттық, отаншылдық рухы мықты қазақстандықтардың жаңа ұрпағын тәрбиелеу қажеттігі баса айтылған. Сол себепті, қазіргі таңда жаңа білім үлгісін жасау аясында ұжымымыз жұмыла отырып рухани, интеллектуалдық және экономикалық тәуелсіз мемлекет орнатуды, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға үйлестірілген «Ұлттық тәрбие» журналы арқылы жетуді көздеп отырудамыз. Әр халықтың ұлттық-тарихи дәстүрі, оның азаматтық білім берудегі мәдениеті мен дидактикалық білімі осы оқу-тәрбие үдерісіне тікелей байланысты. Сондықтан, біздің көтеріп отырған мәселеміз біріншіден ұлт, екіншіден –

тәрбие мәселесі. Ең алдымен мектептерде ұлттық тәрбие беру мәселесі жаппай өз шешімін табуы тиіс, олай болмаса білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар түпкі нәтижеге қол жеткізілуі мүмкін емес. Мұны Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Менің арманым да, мұратым да – Қазақстан халқын бақытқа жеткізу» деген еңбегінде талдай келіп, қазақтардың этикалық, психологиялық әлемінің әлі де жете зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние екендігін атап көрсетуі педагог-ғалымдар қауымына өткен тарихымызға көз жібере отырып, ұлттық құндылықтарымызды жаңаша зерделеп, озық тұстарын бүгінгі күн қажетіне пайдалануды жүктейтініне көңіл аударғанымыз жөн. Бұл еліміздің білім беру саласындағы көптеген міндеттерін тарихи, мәдени тұрғыдан қайта қарау қажеттегін талап етеді. Әсіресе, тәрбие саласында жүргізіліп жатқан жұмыстарға назар аудару қажет.

Жас ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ұлттың бүгінгі де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Көне шығыс даналығында «Бір баланы адам етіп өсіргенше, бір шаһар абағ болады» деген тамаша сөз бар. Осы салыстырудың өзі-ақ баланың шын мәніндегі адам болып қалыптасуы қыруар уақыт пен тер төгетін зор еңбекті қажет ететін ауқымы кең, жауапкершілігі мол жұмыс екенін ұқтырса керек. Ал, одан кейінгі ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу біздің ұстаздық борышымыз. Жыл сайын білім беріп, тәрбиелеп ұшырып отырған студенттеріміз – ертеңгі ұлтты құраушы интеллектуалды әлеуеті жоғары өкілдер.

Демек, студенттерді оқытып, тәрбиелеу арқылы ертеңгі еліміздің зияткерлік әлеуетін қалыптастыратынымызды естен шығармауымыз абзал. Осы тұста елімізде тұңғыш рет біздің университет қабырғасында ашылып, көпшілік оқырман қауымға жол тартып отырған республикалық ғылыми-

көпшілік бағыттағы «Ұлттық тәрбие» журналына артар үмітіміз көп. Журналдың интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы мақсатымызды жүзеге асыру жолында атқарар рөлі өте жоғары. Мұнда жастарды ұлттық тәрбиенің қайнар көздерімен сусындату қажеттіліктері дұрыс жолға қойылып отыр. Жоғарыда жазылып кеткен мәселелер төңірегінде айтулы тұлғалар мен ғалым, академиктердің көлемі ауқымды, мазмұны терең мақалалары жарияланып,

көпшілік қауымға таралады. Еңбегі ересен азаматтардың тілек, үндеулері де осы басылым арқылы жұртымен табысып, үндесіп жатады. Ал, мұндай еңбектердің болашақ ұрпақ тәрбиесіне ықпал етері даусыз. Сондықтан да, «Ұлттық тәрбие» журналының таралу данасы мен ауқымы кеңейіп, үкімет тарапынан қолдау тауып, барлық оқу орындары мен білім беру мекемелеріне тегін таратылатын болса, көздеген мақсатымызға тезірек жетеміз.

Резюме

В статье рассматриваются актуальность журнала «Национальное воспитания» по формированию интеллектуальной нации.

Summary

The article discusses the relevance of the magazine “National Education” to build an intellectual nation.

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІ: БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Құлсариева Ақтолық Тұрлыханқызы –

философия ғылымдарының докторы, профессор

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқу ісі жөніндегі проректоры

Еліміздегі жоғары оқу орындарының жүйесінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің алатын орны ерекше. Қазақ мемлекетінде тұңғыш болып ашылған университет, басынан неше түрлі кезеңдерді өткізіп, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының бірегей ұлттық мәртебеге ие педагогикалық университеті болып табылатындығы белгілі. Ғасырға жуық игі дәстүрлер мен бастамалардың орталығы болып қалыптасқан оқу орнымыз бүгінгі күні де ұлттық мәртебеге сай білім ордасы болып отыр. Бұл біз үшін үлкен мәртебе әрі міндет.

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан республикасының халықаралық білім беру нарығына енуі отандық білім беру жүйесінде бірқатар өзгерістерді талап етіп

отыр. Нарық заңдары күрделі де қатал болып келеді. Мұнда мықты, бәсекеге қабілетті университеттің ғана болашағы жарқын болады. Сондықтан университет басшылығының алдына қойып отырған мақсаты тек Қазақстан көлемінде ғана емес, халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті университет атану және сапалы маман шығару болып табылады. Заман талабына сай университетіміз алғашқылардың бірі болып «Университеттердің ұлы хартиясына» қол қойды. Бұл – университетке абырой әперетін, сонымен бірге, үлкен жауапкершілік пен міндеттер жүктейтін шара десек артық айтпаған болармыз. Әрине, білім беру ортасы заман талабына икемделген, оқу бағдарламалары халықаралық білім беру кеңістігінде мойындалған, академиялық

еркіндік қағидаларына арқа сүйеген университет қана болашаққа нық қадам баса алады.

Бұл кезекте университет ректорының қолдауымен және тікелей тапсырмасымен жүзеге асырып жатқан шаралар да аз емес. Олардың қатарына 2011-2012 оқу жылында университеттің физика-математика факультетінің білім бағыты бойынша физика және информатика мамандықтары халықаралық деңгейде ASIIN агенттігінен аккредитациядан өтуін жатқызуға болады. Бұл – университет ұжымының үлкен жеңісі, ауыз толтырып айта алатын мақтанышы, еңбегінің халықаралық аренада мойындалғандығы. Мұндай игі бастама келесі жылы да өз жалғасын табары сөзсіз. Келесі оқу жылында математика, химия және биология мамандықтары аккредитациядан өтуді жоспарлап отыр.

Бүгінгі күні университетімізде бакалавриат мамандықтары бойынша 12 мыңнан астам студент тәлім алады. Оның үстіне, бұл мамандар оқуын аяқтағаннан кейін қайда жұмысқа барады деген сауалға да толыққанды жауап бар. Университетімізді бітіруші жас мамандар жоғары сұранысқа ие. Бүгінгі күні түлектеріміздің шамамен 80% өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан.

Педагог кадрлар дайындау ұлтымыздың маңызды мақсаттарының бірі. «Ұлт болам десен, бесігіңді түзе», – дейді дана халқымыз. Адам қалыптасуының маңызды кезеңі бала бақша мен мектептен басталады. Ендеше, мектепке білікті кадрлар даярлайтын университетімізге де үлкен жауапкершілік артылады деген сөз. Тіпті, интеллектуалды ұлт қалыптастыру тұжырымдамасы елімізде педагог кадрлар дайындау сапасынан бастау алады десек артық айтпаймыз.

Қазіргі заманда педагог кадрларға қойылатын талаптың өте күшті екендігін айтпасақ та белгілі. Педагог – жай білім беруші ғана емес, баланы ойлау мәдениетіне үйретуші, оқушының жеке қасиеттеріне сәйкес оның тиімді дамуына жағдай жасаушы. Тұлғалық бағытталған білім беру механизмдерін жүзеге асыру арқылы ғана

біз өз мақсатымызға жетеміз. Бүгінгі күні педагог кадрлар дайындау мәселесінде осы ой басты аксиомаға айналуы керек.

Университетімізде Болон үдерісінің параметрлерін жүзеге асыруға байланысты іс-шаралар жоспары дайындалып, университеттің ғылыми кеңесінде бекітілді. Онда көрініс тапқан маңызды мәселелердің негізгі легі университетіміздің заман талабына сай маман даярлауына ықпал ететіндігі сөзсіз. Ондағы орындалуы міндетті көрсеткіштердің қатарына үш сатылы білім беру жүйесін дамыту, ECTS бойынша академиялық кредиттерді есепке алу, студенттердің, оқытушылардың және әкімшілік қызметкерлердің академиялық ұтқырлығын арттыру, диплом қосымшаларын еуропалық талаптарға сәйкестендіру, білім сапасын қадағалау, біртұтас еуропалық білім аймағына ену жатады. Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін университеттің барлық құрылымдарының бірлесіп тиімді қызмет етуі керек.

Университетімізде Қазақстанда тұңғыш рет ашылған Магистратура және PhD докторантура институты бар. Үш сатылы білім беру жүйесін қалыптастыру мен дамытуда осы ұйымның орны ерекше. Себебі үш сатының екеуі бойынша маман дайындау осы институт қарамағында. Елбасы өз жолдауында білім жүйесіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету арқылы ғана интеллектуалды ұлтқа айнала алатындығымызды айтқан болатын. Бұл мақсатта бакалавриат пен магистратураның арасында тығыз байланыс орнату қажеттілігі айқын сезіледі. Біз білім берудің үш деңгейінде өзара сабақтастықты мүмкін ету арқылы ғана кемел маман дайындау жүйесін қамтамасыз ете аламыз.

Бұл ғасыр ақпарат ғасыры екендігін, ақпараттың жылдам ескіретіндігін есепке алар болсақ, тұлғаның тұрақты түрде ізденіп отыру керектігі айқын. Ал ол үшін ұстаз-оқытушылардың жаңа ақпараттық технологияларды ұтымды қолдана білуі шарт. Алайда, бұл да жеткіліксіз,

себебі мамандардың біліктілігін тұрақты түрде көтеруді қолға алмай, мамандар арасында пікір еркіндігін, өзара ақпарат алмасу жолдарын қамтамасыз етпестен, яғни тұлғаның еркін дамуына жағдай жасамай, кадрлардың шыңдалуына жол ашпай, заманауи маман дайындау қиынға соғатындығы айқын.

Кемел маман дайындау тек қана әлемдік ақпараттық жүйелерден сусындаған, жаһандану заманында адаспай жол таба алатын тұлға қалыптастыру арқылы жүзеге асыру мүмкін. Бұл жағдайда университетімізде шет тілінде оқытатын мамандықтардың ашылуына жағдай жасауымыз керек. Елбасымыздың көтеріп жүрген үштұғырлы тіл мәселесі мүмкіндіктері кең және өзіне тиісті ақпаратты алғашқы қайнар көзден оқи алатын мамандар дайындауға бағытталған. Осы мақсатты жүзеге асыру университет үшін үлкен сын болмақшы. Себебі, соңғы уақыттарда жиі көтеріліп жүрген академиялық ұтқырлық мәселесін тілдік компетенциясы жоқ мамандармен жүзеге асыру мүмкін емес. Шетелдік әріптестермен тең дәрежеде жұмыс істей алатын, халықаралық ақпарат көздерінен нәр татқан мамандарды дайындау арқылы ғана біз алдымызда тұрған мақсаттарға еркін, дербес түрде жете алатын, бәсекеге қабілетті ұлтқа айнала аламыз.

Сондай-ақ, университетте мамандықтар мен оқу бағдарламаларын шетелдік оқу орындарының тәжірибесін ескере отырып жаңарту, оның негізгі талаптарын әріптес университеттердің жоспарларымен сәйкестендіру жұмысы да атқарылып жатыр. Биылғы оқу жылында әріптестеріміз – Түркияның Эрзинджан университетімен, Литваның Вильнюс университетімен, Германияның Дюссельдорф ғылыми орталығымен, Польшаның Варминь-Мазур университетімен бірлесе отырып, педагогикалық бағыттағы 21 мамандық бойынша жаңа оқу бағдарламаларын дайындадық. Бұл жұмыс қазірде Білім және ғылым министрлігі тарапынан сараптамадан өтуде.

Өздеріңізге белгілі, академиялық еркіндік

қағидалары мемлекеттік реттеуді шектеп, болашақта бұл жұмысты университеттердің өз еншісіне беруді көздейді. Бұл саладағы тәжірибеміздің кеңеюі біздің университетіміздің қуатты білім ордасы болып қалыптасуына тікелей ықпал етеді деген үміттеміз. Ал бұл шаруаның тиімді жүргізілуі өз кезегінде біздің қосдипломды бағдарламаларымыздың кеңеюіне жол ашады. Өйткені келісімшарт жасасу бар да, оны жүзеге асыру бар. Ал қосдипломды бағдарламалардың жүзеге асуының ең басты алғышарты – оқу бағдарламаларының сәйкестігі.

Болон үдерісінің жоғары оқу орындарының алдына қойып отырған маңызды мәселелерінің бірі – академиялық еркіндіктің көрсеткіші болып табылатын пән таңдау мүмкіндігін енгізу. Биыл алғаш рет пәндерге тіркелу оқытушылардың арасындағы бәсекелестік пен пән презентацияларының негізінде жүзеге асырылуы жолға қойылып отыр. Бұл біздің профессор-оқытушы құрамға заман талабына сай оқу бағдарламаларын, студенттердің талабын қанағаттандыратын ғылыми базаны жаңартуды, пәндердің бәсекеге қабілеттігін арттыруды талап етеді. Бұл жаңалық белгілі дәрежеде қарсылық тудырып жатыр десек көп айтқандық болмас. Бірақ мұнда оқытушылар мына бір нәрсені түсінуі керек. Студент сабақ мазмұнына, берілетін білімге қанағаттанбайтын болса, университеттің болашағы да болмайды. Сондықтан университет өз қызметінде сапалық деңгейді арттыруға басты назар аударуы тиіс. Академиялық процестегі біздің негізгі әріптесіміз студент екендігін естен шығармаған дұрыс. Сондықтан тек студенттің академиялық еркіндікке деген құқығын жүзеге асыру арқылы ғана біз өзіміздің нарықтық заман талабына икемделе алатынымызды түсінуіміз тиіс.

Студент – біздің басты құндылығымыз. Егер студент болмаса, онда жоғары оқу орындарында мағына қалмайды. Университеттің кадр саясатын оңтайландыру,

білікті мамандар тарту, халықаралық және ұлттық академиялық ұтқырлық шараларының барлығы түптің түбінде біздің студенттер үшін жасалып отыр.

2012-2013 оқу жылының басты жаңалығы университетіміздің модульдік білім беру жүйесіне көшуі болмақшы. Модульдік жүйе пәнаралық, мамандықаралық ұтқырлықты есепке алуды талап етеді. Сондай-ақ, пәндердің өзара байланысы мен бірін-бірі толықтыруына арқа сүйейді. Бұл біздің студенттерімізге модуль таңдауда жаңа мүмкіндіктер берері сөзсіз.

Сондай-ақ, 2012-2015 жылдарға арналған Болон үдерісін жүзеге асыруға байланысты іс-шаралар жоспарында біздер қашықтан білім беру жүйесіне ерекше мән беріп отырмыз. Бұл студенттеріміздің университет қабырғасының тысында білім алуына

мүмкіндіктудырады. Білімді ақпараттандыру мен рұқсат алуға байланысты тиісті дайындық жұмыстары жүргізілгеннен кейін, 2014-2015 оқу жылына толыққанды қашықтықтан білім беру жүйесі енгізілетін болады.

Жоғарыда біз жүзеге асырылып жатқан немесе жүзеге асырылуы жоспарланған шаралардың негізгі бөлігіне тоқталдық. Әрине, мұның тысында да көптеген діттеген идеялар бар. Бұл шаралардың негізгі мақсаты университетіміздің ұлттық беделін көтеру арқылы халықаралық академиялық деңгейін өсіру, заман талабына сай маман дайындау, іргемізді нығайту, болашаққа нық қадам басуға бағытталған. Істелген жұмыс аз емес, бірақ алда бұдан да көлемді жұмыстар күтіп тұр.

Резюме

В статье рассматривается состояние учебного процесса Казахского национального педагогического университета имени Абая, его перспективные развития и совершенствования.

Summary

This article discusses the state of the educational process of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai, its long-term development and improvement.



«XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біздің болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет»

**Қазақстан Республикасының президенті
Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ЖАҢАШАЛАУ

*Совет-Хан Ғаббасов –
жазушы-дәрігер, фантаст,
медицина және педагогика
ғылымдарының докторы,
КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі,
Зайсан ауданының құрметті азаматы,
Махамбет сыйлығының лауреаты,
профессор*

1. КІЛТ

«Білім беруді дамыту тұжырымдамасы мемлекеттік тәуелсіздігі қалыптастыру мен нығайтудың, елдің прогресшіл дамуының негізін құрайтын Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын және негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайтын ғылыми-теориялық, әдіснамалық құжат болып табылады – делінген тұжырымдаманың алғашқы абзацында.

Ал осы сөйлемнің ішіндегі «құндылықтарды» зерделеп көрелік:

«Мемлекеттік тәуелсіздікті қалыптастыру мен нығайту – деген сөз көкейге қонады. Бірақ, қайтып және қалай? – деп сауал қойсақ, жауабы жоқ. Неге? Өйткені, халқымыздың ғасырлар бойы жасаған халықтық педагогикасы мен ұлттық психологиясы, дәстүр-салттары мен өзіндік болмысы (менталитеті) мүлдем ескерілмеген.

«Мақсаттары мен міндеттері» – деу де жөн. Бірақ, ең әуелі өзіне қажет мақсат пен міндетті түгендеп алмай, тағы да сол «дүниежүзілік» немесе «өркениетті елдер деп еміну мен еліктеуден аса алмай қалыпты. Ойланып қараңызшы? Сонда:

- кешегі өз қолымыз өз ауызымызға жетпеген 300-жылдық бодандықты;
- басқаның тілеуін тілеп рухымыз жан-шылған жылдарды;
- басқаның үстемдігіне еріксіз көнген тағдырды;
- қалыптасып қалған құлдық психо-

логиямыздан арылуды ойламай, тағы да сол өзгеге қарап мөңірегенді неге қоя тұрмаймыз, – дейтін, ой мазалайды. Ендеше, қазіргі тілі, діні, ділі бөлшектеніп жатқан ұрпағымыздың болашағы мен халқымыздың келешегін неге бажайламаймыз. Дербестігінің жемісін жеп отырған – жапондар да, немістер де, қытайлар да, тіпті араб пен иран елдері де, «дүниежүзілі» немесе «өркениетті елдер» деп емініп, бас-көзсіз еліктеп отырған жоқ қой. Қайта ғылыми прогресті жетілдірілген сайын, өздерінің ұлттық құндылықтарын бұрынғыдан бетер көздің қарашығындай сақтауға.

Жымсыма ниетпен жүргізіліп жатқан қазіргі ғаламдану саясаты біздер елпек-темесек те, әлі-ақ телпегімізді теріс кигі-зеріне күмәніңіз болмасын.

«Құрылымы мен мазмұны» – деген де дұрыс-ақ бірақ тағы да сол ескі таптау ырыннан аспапты. Ұрпақ тәрбиесі мен білім берудің құрылымы да және мазмұны да баяғы «қызыл империяның құрып берген құрылымынан» тастай қатып айрылмаған екен. Бұл нені көрсетеді? Ақ ниетпен ақиқатын айтсақ, бүгінгі білім беру саласында жүрген «қайраткерлер» бұл мәселені толық түсінбейтіндігі аңғарылады. Әтпесе, жылына ауысқан әр министр келе жасайтын эксперименттерінен ұялар еді?!

Ұсынылып отырған тұжырымдама жобасы – «ғылыми-теориялық әдіснамалық құжат» – делініпті. Сонда, басшылыққа алған теориялық методологиясы қайсы? – дейтін заңды, сұрақ туындайды.

Адамның Тән танымынан басқаны түсінбейтін, Жан мен Рух тәрбиесін таптап отырған, бүкіл Азиялық танымдарды ескермей сыңаржақтылыққа құрылған Еуропацентризм әдіснамасы ма? – деп езу тартып мүсіркеуге тура келеді.

Жок!.. «Соқыр көргенінен жазбайдыны» тоқтатып, «Жансыздан жандының сипатын танитын», Шығыс философиясын бұрылатын мезгіл жетті. Кезінде бұл даналықты Шығыстан үйреніп барған Пифагор өзінің сандық философиясын жетілдірген Платон методологиясының күні туды.

Неге? Өйткені, «Жандыдан – жансыздың сипатын (материя) дәріптейтін» Еуропацентризм методологиясы өзінің өміршеңдігінен айрылғалы қашан?! Оның толып жатқан басқа да кемшілітерін санамаламай-ақ, көтеріп отырған мәселеге байланысты бір ғана әлсіздігін атап өтсек те жетіп жатыр. Ол мынау.

Еуропацентризмнің, бүгінге дейін «адам тәрбиесі дүниеге келген соң ғана басталады» – дейтін тұжырымы, түбегейлі қате болып шықты. – Жок, мүлдем олай емес екен! Жан тәрбиесі, оның 12 түрлі арнасы (түйсік, ұят, зерде, мінез, қабілет, жігер және ішкі сезім) тек ана құрсағында ашылатындығы анықталып, адам тәрбиесінің 80%-ы бала жарық дүниеге келгенге дейін ХХІ ғасырға созылып өркениетімізде жүргізілмек түгіл, тіпті ойға да келмегендігінен, адамзат баласының санасы сансырап және қоғамдағы арсыздықтың не бір сұркия түрлері белең алып отыр. Бұл тікелей ана атаулының – «құрсақтағы тәрбиені» білмеуінің салдарынан екені анық. Адам тәрбиесінің осынау жаңа әдісін біздер 15 жыл бұрын дүниеге әкелген едік. Мұны қазір бүкіл жүниежүзі бойынша интернетте – «внутриутробная педагогика» – деп жүргенін «тұжыры» жасаушылар неге байқамады екен? Әлде, түсінбей ме?

Олай болса, тұжырымдамадағы – «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» – деген бөлімі түгелімен сын көтермейді. Жалпы адам тәрбиесінің біздер ұсынған

жаңа көзқарасы 1990 жылы екі бірдей ғылыми кеңесте (Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми зерттеу институтында КСРО АПН филиалында) және Оқу министрінің 19 облыстағы білім басқарламаларын жинаған жалпы жиналысында және жоба жеке кітапша етіп жарияланған болатын.

Осы талқыланған «Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық оқу-ағарту жүйесі тұжырымдамасының» негізінде «Ізгілік әліппесі» (1991) атты 2 кітаптан тұратын оқулық және «Халық педагогикасының негіздері» (1995) атты монография жарық көрді. Бырақ, бұл еңбектерді келіп-кетіп жатқан министрлер естісе де елемей, әлі күнге дейін «оқу-ағарту үлгісін» мұхиттың арғы жағынан іздеуінен жалығар емес. Өзінде барды елемей, өзгеге өзеуреуді қашан тоқтатамыз? Ұлттық ғылымның қай саласын алсаңыз да, осылай мысалдары көп.

Жоғарыда айтылған монографиялық еңбекте, адам тәрбиесінің жаңа методологиясы 2 сатыдан тұрады.

Біріншісі, биологиялық индивид делініп, оадн Жүрек тәрбиесі атты жүйе қалыптасып, ана құрсағындағы тәрбиенің өзіне тән тәсілдерімен жанның арналарын ашады.

Екіншісі, сананы жетілдіру делініп, одан ақыл тәрбиесі атты жүйе қалыптасып, жарық дүниедегі баланы тұлғаландырудың кезеңі басталады. Сонымен қоса, адам тәрбиесінің осы екі жүйесінен оның жеті түрлі негіздері тек физиологиялық кезеңдерге ғана сүйеніп жасалынады. Осы імім ұсынған жаңа технология арқылы, абай ғұлама армандаған «толық адам, нұрлы ақылды» келешек ұрпағымызға еншілеуге болады. Жеті түрлі негіздердің ұрық тазалығы, жан тәрбиесі, нәресте, балбөбек, сәбилік, балиғат, кәметтік деп аталынатын физиологиялық кезеңдердің әрқайсысының өзіне тән тәрбие тәсілдерді ұсынылады. Олай болса, бұл методология, тіпті ясли мен бала бақшадағы тәрбиеге де жаңа көзқарас беретінін ескерген жөн. Сондықтан да, тұжырымдамадағы «мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» деген бөлімінің сын көтермек түгіл, түп-тамырларымен қате екені көрініп тұр.

2. ОРТА БІЛІМ БЕРУ

Адам баласы биологиялық индивид болғандықтан, оның табиғатындағы күллі тіршілік сипаттары, міндетті түрде биологиялық және физиологиялық заңдылықтарға бағынатыны айдан анық. Ендеше, келешек ұрпақ тәрбиесі мен білім беру жүйесі де, осы заңдылықтарды ескермесе, қабағат үлкен тәрбиесі мен білімін дамыта жетілдірмек «тұжырымдамада» баланың физиологиялық кезеңдерінің ешбір заңдылықтары ескерілмеген. Сонда, бұл қалай? Баяғы сол, қарадүрсін көшірмелік пе?

Біздіңше, егеменді ел болған соң еліктеу мен солықтауды қойып, ұлттық құндылықтарды іздеу ауадай қажеттілік екені дау тудырмаса керек. Тұжырым жобасындағы отра білім берудің мақсаттары мен міндеттері тым жалпылама. ал, құрылымы 4+6+2 дегеніне қарап, кешегі империялық формуладан ауытқып алмағаны да көрініп тұр. Олар жоғарыда айтылған физиология заңдылықтарын ескермек түгіл, тіпті «(6-10 жас – балалық шақ, 11-16 – жеткіншетік шақ, 17-18 жасөспірімдік шақ)» – деген текстегі сөздерден, халық тағылымындағы қолданылатын нәресте, балбөбек, сәби, балиғат, кәметтік – делінетін физиологиялық кезеңдердің жасын да білмейтіндіктері байқалады.

Міне, орта білім берудің құрылымы мен мазмұны да ғылыми негізделмегені көрініп тұр есем пе?

Біздің 1990 жылдары талқылап жариялаған тұжырымдамамызда, керісінше 6-7 жастан 12-13 жасты қамтымайтын балиғат кезеңін біртұтас күйі бөліп-жармай 6-класс етіп, бастауыш мектеп сатысына беріледі. Неге? Себебі, балиғат кезеңінде баланың гарманальды жүйесі (7-де бүршік жарып, 13-де гүлін ашады, шаухат пен етеккір келеді) қалыптасып, логикалық ойлау қабілеттері орныға бастайды. Физиологияның осынау өзгертуге болмайтын тұрақты заңдылығын ескерген жапондықтар бастауышты – 6-класс етсе, немістер бастауыш мектебін 5-класс етіп баяғыдан бері қолданып келеді.

Біздер де, азиялық ел болғандықтан, батыл түрде бастауыш мектепті 6-класқа келтірсек ұтарымыз көп. Сондықтан да, орта білім беру формуласын 6+3+ түріндегі физиология заңына бағындырып ұсынған едік. Бұл тұжырымдама «халық педагогикасының негіздері» атты монографияда жан-жақты дәлелденіп жазылған. Сол себепті, бұл пікірімізге әр сатыны жеке-жеке жазып талдамай, қысқарта ұсынуды жөн көрдік.

Әйтпесе, кәсіптік білім беруде де және жоғары білім салаларында да – ойласатын мәселелер жетіп жатыр. Қазіргі аты бар заты жоқ – гимназия, лицей дегендерді де ақыл елегінен өткізіп, нақтылы сраптамаса болмайтын тәрізді. Ендеше, ұрпақ тәрбиесі мен білім беру жүйесіндегі реформаның шынайы мақсаты мен мазмұны аса үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әсіресе, кезінде өгейлік көрген қазақ мектептерінің проблемалары шаш етекпен. Олай болса, жоғарыда айтылған пікірлерді терең түсініп, дұрыс шешпесек – халқымыздың келешегі түн-түнекпен шырмалып, сара жолын таппай көмескілене бермек.

3. ТҮЙІН

Жалпы ұрпақ тәрбиесі мен білім саласын реформалау мың толғанып, жүз ойланатын мәселе. Бұл тұжырымдасадағы – 2015 жылға дейін – деп шамалаған уақыт мөлшері дұрыс сияқты. Себебі, тұрақтала бастаған экономикамыз да, енді-енді бауырын көтеріп келе жатқан ауыл тұрмысы да, уақытты осылай таразылағанды құптайды. Тек, ең әуелі неден бастауды дәл анықтаған жөн. Міне бұл, көп болып кеңесе шешуді балап етеді.

Біздер, алдымен реформаның алғы шарттарын жасап, ұлттық мектептеріміздегі, әсіресе ауыл мектебіндегі бұрыннан қалыптасып қалған кемшіліктерді түзеуді ең басты мәселеге жатқызамыз. Сонда, ол қандай мәселе? Осы сауалға қысқа түрде тоқталып көрелік.

Империя тұсынан өгейлік көріп келген, қазақ мектептерінің материалдық базасы аса ауыр екені ешкімге де құпия емес.

Сондықтан, жүргізіліп жатқан ауыл жылдарында, бұл ақаудың орнын толтырып, заман талабына сай етіп мектептердің санын да, сапасын да жетілдіруіміз керек;

— қаладағы аралас мектептерді – қазақ тілінің қиянатшысы ретінде – тез арада ажыратпасақ, мемлекеттік тілдің жан төгісіз ауыр күйі жалғаса бермек. Ұрпағымызды қолдан мәңгірттендіру саясатын үзілді-кесілді тоқтату қажет;

— әлі толық жазылып бітпеген қазақ тіліндегі оқу құралдарын халқ педагогикасымен негіздеп, жеткілікті түрде шығаруды тездету мен қоса, мазмұн сапасына ерекше талап қою міндеті тұр. Оқулық дайындауда, тағы да жалпақшешейлікке басып, Ресеймен бірігіп шығарамыз дейтін жолбикелерді, оқу-құрал саласынан мүлдем аластаған аластаған жөн;

— қазақ мектептерінде «Халық педагогикасының негіздері» атты оқулықты келер жылдан бастап 7,8,9 кластарға пән ретінде енгізу қажет;

— ауыл мектептерінде сабақ беретін мұғалімдердің білім сапасын көтеру мен жоғары білімді педагогтармен қамтамасыз етіп уақыт талабына сай жетілдіруді мемлекет өз міндетіне алғаны жөн;

— облыстарда педагогикалық университеттерді қайтадан ашып, білім министрлігі кезінде өздері жауып тастаған бес түрлі мәселені қайыра қалпына келтіру қажет.

Олар мыналар:

- а) Мектеп күні – бұл қазір мүлдем жоқ.
- ә) Тәрбие жұмысының әдістемесі – бұл да жоқ.
- б) Педпрактика – бұрынғы 6-7 аптаның орнына, қазіргі 3 апта;
- в) Педагогикадан мемлекеттік сынақ – қазір жоқ.
- г) Мұғалімдік этика мен шеберліктің арнаулы курстары – жоқ.

Мінеки, осындай тәрбиенің талқаны шыққан жағдайда нағыз ұстаз дайындау мүмкін бе? Әрине – мүмкін емес! Ендеше, осы сорақылықтарды қалпына келтірмей, білім жүйесін реформалауға ауыз бармайды.

Соншама бай ұлттық тарихымызды жүйелеп оқытпасақ, ұрпағымыздың рухани кемтарлығы жалғаса бермек. Құстың қос қанаты тәрізді Ұлттық тарих пен Халықтық педагогика ұлттық санамызды ашып, ұрпағымыздың азаматтық тұлғасын жетілдірмек.

Қысқаша қорытындаласақ, осы айтылған кемшілікті түзетіп алғаннан кейін ғана, ұрпақ тәрбиесі мен білім берудің реформасын ойластыру жөн болмақ. Әйтпесе, адам тәрбиесін саяси ойынға айналдырып, ұрпақ тәрбиесін эксперименттеуге ешкімнің де құқы жоқ. Сонымен қоса, бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан қисапсыз көп факультатив сабақтарды дереу қысқарту керек. Бұл да ми физиологиясымен есептеудің бірден-бір көрінісі болып табылады. Әрнәрсені оқушыларға тықпалағаннан оның ақылмандығы асып жетілмейді. Қазіргі білім беру саласында бұдан басқа да кемшіліктер жетіп жатыр. Ең әуелі осыларды реттеу, білім министрлігінің басты міндеті болса керек.

ТҮЙІНІ:

Педагогика мен психологияның бірінші негізі (отбасын құру және ұрық тазалығы).

Текті сақтау мен ұрық тазалығының мәнін түсіну.

Ата-баба дәстүрі, оның түрлері, халықтың тегін анықтау.

I –ші негіздің этногеографиялық сипаттары – құда түсу түрлері, қыз ұзату тойы, үйлену тойы, шашу, жар-жар, беташар, бата.

Теориялық және методологиялық жаңа көзқарастар, догма, инновациялық жетістіктер.

Резюме

Автор в статье рассматривает и анализирует новую концепцию системы образования.

Summary

The author of the article examines and analyzes a new concept of education.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ ТЕРІС МІНЕЗДІ ТӘРБИЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Әдібай Табылдиев –

педагогика ғылымдарының докторы,

ұстаз-ғалым, ақын, жазушы,

ал-Фараби атындағы ҚазМУ-дің профессоры

Аңқаулық мінезді тәрбиелеу

Әр нәрсені аңғармаудың, сезінбеудің, байқамаудың, танымаудың, қызықпаудың, толық білмеудің, ескермеудің салдарынан пайда болатын мінез – **аңқаулық**.

«Аңқау абайламай басынан айырылады не алдындағы асынан айырылады» деп, халық аңғармаудың кесірін баса айтып, ұрпағын аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Тәрбиеленуші аңғарымпаз болу үшін оған сездіру, оны қызықтыру керек болады.

Әрбір тұлғаның гендік (тектік) ерекшеліктеріне байланысты, оның сезімталдығы да әр дәрежеде болады. Аңғалдық мінез сезімталдығы ұшқырланбаған (тәрбиеленбеген) тұлғада қалыптасады да, оның сезімталдығын арттырудың тәсілдері қолданылады (түсті, істі, сапаны, санды ажырата білу т.б.).

Аңғалдық мінезде, көбінесе, байқамаудың кесірі көп тиеді. Байқамау білместіктен, байқаусыздықтан пайда болады. Байқаусыздығын сезіне білген, мойындаған адам өзінің аңғалдығын ескеріп, «сақ болуды» ойлайды. Сөйтіп, ол аңғалдығын бірте-бірте жоюға тырысады. Аңғалдықты аңғару арқылы жеңіп, әрбір адам өзін-өзі тәрбиелей білуге тиіс болады.

Аңқаулық танымдық сезімді де көрсетеді. Жеке тұлғаның танымдық сезімі нашар болса, ол жақсыны, адамды, іс сапасын, көргенін, үйренгенін танымай, әр нәрсені бағалай алмай, шала ойлап, аңқаулық көрсетеді. Мұндай аңқаулық, көбінесе, жасы «келген», денсаулығы нашарлаған адамда болады. Мұндайда ойлау, түйіндеу арқылы танымдық сезімді ұштау керек.

Әр нәрсеге қызықпау да аңқаулық пен аңғалдықты тудырады. Сондықтан танымға немқұрайлы қарауға болмайды. Әр нәрсені

толық білу, есте сақтау – аңқаулықты болдырмауға себепші жағдайлар.

Аңқаулық мінезді ескерту, талап ету, сынау, мысалдар келтіру, көркем (күлдіргі) шығармаларды тұлғаның өзіне орындату арқылы да тәрбиелеуге болады.

Арсыздық мінезді тәрбиелеу

Жеке тұлғаның басында имансыздықтан, ұятсыздықтан, әдепсіздіктен, намыссыздықтан, ақымақтықтан пайда болатын қырсық мінез.

Иманды қазақ халқы «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп, арын жанынан биік қояды. Имандылыққа үйрететін тәлім-тәрбиелік қағидаларға көңіл аудармай, көргенсіз өскен тұлға арсыздық жасайды.

Ар ұят арқылы қалыптасады. «Ұятсызда иман жоқ» деп, халық ар-ұяты қалыптаспаған қараниетті тұлғадан аулақ болуды уағыздайды. «Арым – ұятым, Барым – миятым» деп, иманды тұлға арын сақтап, ұятын ұлағаттайды.

Арсыздық мінез көбінесе, әдепсіздіктен пайда болады. Халықтық (ұлттық) әдеп жеке тұлғаның адами қасиеттерін (ізеттілігінің, инабаттылығының, әдептілігінің) ұлттық болмысқа сай келуін талап етеді, «әдептілік – әдемілік» деп, әдепті болуды талап етеді. Әдепсіздік жеке тұлғаның тәрбиесіздігінен пайда болып, арсыздық мінез туғызады.

Әрбір жеке тұлға (ұлттық тұлға) ұлттық намысты сезініп, тұшынып, түйсініп, бойына сіңіре білмесе, онда ар-ұят болмайды. «Ұятсыз, арсыз салтынан. Қалғып кетер артынан» деп, Абай дана айтқандай, ұятсыз, арсыз адамда адамгершілік қалыптаспай, арсыздық мінез абыройсыздыққа ұшыратады.

Арсыздық ақымақтықтан (тәрбиесіздіктен, психологиялық кемістіктен) пайда болады. Ақымақ адамның тыңдау, түсіну қабілеті болмайды, ол өзінің кемшілігін білмейді, білгісі де келмейді.

Арсыздық мінезді сынау, ескерту, дәлелдеу, мойындату, талап ету, жаттықтыру тәсілдері арқылы тәрбиелеуге болады. Есі дұрыс адам ұстаздық тәлім-тәрбиеден өнеге алып, үлгі тұтады.

Ақымақтық мінезді тәрбиелеу

Жеке тұлғаның шолақ ойлауынан, дөрекі (аңғармай, қисынсыз) сөйлеуінен, менмендігінен, тәккәпарлығынан, әдепсіздігінен, парықсыздығынан, дүниеқорлығынан көрінетін қор мінез.

Ақымақ адам шолақ ойлайды. Ой қорытуы, қабілеті нашар адам ақымақтығын көрсетіп, көбінесе, білгенсіп, ақымақтық ойын «менікі дұрыс» деген ұғыммен айта салып, басқаларды ұятқа қалдырады.

Аңғармай, қисынсыз, білгенсіп сөйлеу – ақымақтық мінездің көлбең көрінісі. Ақын болмаса да, «өлеңші» болып, шешен болмаса да мылжыңдап сөйлейді. Ақымақ адамның сөзі дөрекі, өзі өңезі болады. Абай дана «бұралып тұрып, буыны құрып, Қисайта тартып мұрынын, Білгенсіп, пәлсіп» сөйлейтін адамның ақымақтық мінезін ашық суреттейді. Ақымақтық мінез жеке тұлғаның беделін жояды.

Ақымақтық мінез, көбінесе, менмендіктен көрінеді. Ақымақ адам менменшіл, мейірімсіз болады. «Мен жақсымын», «мен білемін», «мен озықпын», «мен сұлумын», «мен жақсымын», «мен, мен, мен...» деп, басқа ақылды адамдардың алдын кесіп, ақымақтық жасайтын тұлғалар аз емес.

Тәккәпарлық – ақымақтық мінездің белгісі. Әдепсіздік ақымақтықтан туады да, ақымақтық мінез пайда болады. Тұрақсыздық іс-әрекеттер – ақымақтық мінездің көрінісі ретінде жеке тұлғаның жетесіздігін көрсетеді.

Жеке тұлғаның нәпсісін бұзатын дүниеқорлық оның ақымақтық мінезін

қалыптастырып, адамгершілігін жояды. Әңгүдік, әуейлік – ақымақтықтың белгісі ретінде көрсетеді де жеке тұлғаны жек-көрінішті етеді.

Ақымақтық мінезді түзеу тәрбиесі – қиын. Өйткені ақымақ адам өз кінәсін, көбінесе, мойындамайды. Ол үшін ұстаздық сабыр, «тіл табу» тәсілдері қажет болады. Әдептік әңгіме, келісті кеңесу, өнегелі мысал, көркем әдебиет арқылы тәрбие тәлімін шебер жүргізу керек.

Алаңғасарлық мінезді тәрбиелеу

Аңғармай сөйлейтін арсаландық, абайсыздық, жеңіл ойшылдық, байыпсыздық, әдепсіздік, жиренсіздік құбылыстар алаңғасарлық мінезді қалыптастырып, жеке тұлғаның тектік (қазақи) қасиеттерін бұзады.

«Аңғармай сөйлеген ауырмай өледі» деп, халық сөз қадірін біліп, мәнін аңғарып сөйлеуді уағыздайды. Кіммен сөйлесіп отырсың, қайда сөйлесіп тұрсың, не айту керек?.. Ең әуелі аңғарып барып, сөйлеу қажеттігі мен мүмкіндігін жеке тұлға аңғарымпаздық жасамаса, ол алаңғасар болады.

Арсаландап, абайламай сөйлеу жеке тұлғаның сөйлеу мәнерін бұзып, оны ұятқа қалдырады. «Сөз мәнісін білсеңіз, Ақыл мидан өлшеу қыл» деп, Абай дана сөйлеудің өзі ақылға байланысты екенін уағыздайды. Орынсыз сөйлеу, артық сөз айту байқамаудан (алаңғасарлықтан) пайда болады.

Әр нәрсенің байыбына жетіп, сөйлеу, тіршілік жасау жеке тұлғаның байсалдылығын көрсетеді. Байсалды болмаған адам алаңғасарлықпен ойын да, сөзін де бұзып, жұртты ұятқа қалдырады. Әрбір сөздің ырғағы, әрбір сөйлемнің мәні болады. Сөйлемнің мәнін ашып, сөздің ырғағын келтіріп сөйлемеген адам – алаңғасар.

Алаңғасарлық мінез, көбінесе, әдеп сақтамаудан көрінеді. Қазақ халқы – әдепті халық. Үлкен алдында, көпшілік алдында әдеп сақтап, әдеттенбеген тұлға, алаңғасарлығын білдіріп алады да, өз беделіне нұқсан келтіреді.

«Көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді» деп халық, көргенді адам (тәлімді, тәртіпті адам) алаңғасар болмайтынын дәлелдейді.

Алаңғасар мінезді нысан білдіру, ескерту, талап ету, мойындату тәсілдерін қолданып тәрбиелеуге болады. Мінезді өзгертуге болмайды деген ұғым – жансақ ұғым.

Асқақтық мінезді тәрбиелеу

Өзін-өзі артық санаудан, менменшілдіктен, басқаны менсінбеуден, кесірліктен, өзбілермандықтан, тарпейлдіктен, тасырлықтан пайда болатын асқақтық мінез тұлғаның ақымақтықтығын көрсетеді.

Азғана жетістігі үшін желпініп, жеңіл сөйлеп, өзін-өзі артық санап, асқына құбылған асқақтық мінез жеке тұлғаны асқақтатып, асыл тоқтамын жояды. Ол басқалардан артықтылығын көп деп көпіріп сөйлейді.

Асқақтаған адам менмендікпен мейіршапағатты да ұмытады. «Екі көзің елеріп, Құр қарайсың аспанға». «Ондай адам жолығар кешікпей-ақ тосқанға» деп, Абай дана асқақтық мінез абыройсыздыққа ұшырайтынын ескертеді.

Басқаларды менсінбей, тек өзін ғана артықша «бағалайтын» бұл байыпсыз мінез басқа адамдарды құрметтеу, сыйлау дегенді білмейді. «Адам да – құдірет де, әманда құрметте» деп, халық асқақтық мінезде адамның адами қасиеті болмайтынын қатты сынап, оны имандылыққа тәрбиелейді.

Асқақтық мінез, көбінесе, кесірлі іс-әрекеттен көрінеді. «Менікі дұрыс» деп, кесірленіп, керғайсақтық жасаған адам, басқаның «басуына» көнбейді. Орынсыз сөйлеу, «орынсыз бекер мал шашу» асқақтық мінезден пайда болады. Кесірлі адам әр затты дұрыс пайдалануды да ойламай, кесірленіп, «төге салу», «тастай салу» т.б. кесірлікпен өзіне-өзі көп замал-зиян келтіргенін байқамай да қалады.

Асқақтық мінезді адам өзбілермандыққа салынып, басқының кеңесін тыңдамай керегіп, келеңсіздікке ұшырайды,

тарпейлдікпен тасырланып, татулықты бұзады.

Асқына екіленіп, асқақтық мінез көрсеткен адаммен сабырлы сөйлесіп, салиқалы ой айту арқылы оның «кемшіліктерін» түңілтпей түсіндіріп, тәрбиелеу керек болады.

Ашуланшақтық мінезді тәрбиелеу

Сабырсыздықтан, жек көруден, қараниеттіліктен, теріс ойлаудан, ызакорлықтан, кекшілдіктен, амалсыздықтан пайда болатын ашуланшақтық мінез жеке тұлғаның да, оның айналасын да абыройсыздыққа ұшыратады.

«Сабыр түбі – сары алтын» деп, халық сабыр сақтауды уағыздайды. Сабыр сақтамаған адам ашуға жол береді. Ашу ойды, іс-әрекетті бұзады. Ойы жеңіл адам абайламай қателік жасайды, қателік қасіретке ұшыратып, ашу шақырады.

Жек көру, көбінесе, іштарлықтан пайда болады да, қарсылық (қайшылық) туғызады. Әрбір адамның тек жамандық жағын көріп, жақсылық жағына зер салмаса, ол адам жеккөрінішті болып көрінеді, ашуланшақтың ашуын туғызады.

Қасарысқан қараниеттілік ой ақымақ адамның ашуын туғызады. Іштарлық, көреалмастық титығын құртқанда, қараниет адам қатты ашуланғанын сезбей де қалады. Оның «аузына ақ ит кіріп, көк ит шыққанын», (дөрекі, былапыт сөйлегенін) айналасындағылар аңғарып, азаптанады.

Кейде ашу (албасты) теріс түсінуден пайда болады. Ондай кезде ашуланған адамға сабырлы түрде түсінік беру керек. Бірақ ашуланшақ адам тез түсіне қоймайды.

Ызақор адам ашуланшақ болады. Ыза болу – намыстану емес, өз кінәсін мойындамау, сабырлы адам санасыз мінез көрсетіп, ызаланбайды.

Кекшілдік кесірлі адамның ашуын туғызып, «кек алу» үшін ашуын құсады. Сабырлы адам ондай «құсудың» артын күтіп, ақыл-сабыр сақтауға тиіс.

«Ашу келсе, ақыл кетер, ақыл келсе, ашу не етер?», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос», «ашу аянбайды, ақыл аялдайды»

деп, халық ұрпағына ашуланшақтық мінезден қашық болуды үйретеді. Ашуланшақтық мінезді сабырлықпен тәрбиелеу керек.

Аңғалдық мінезді тәрбиелеу

Әбестік, аңғармаушылық, бағаламаушылық, білместік, тәжірибесіздік, әуейлік, әсірелік арқылы көрінетін бұл мінез жеке тұлғаны ұятқа қалдырады.

Әбестікпен байқамай сөйлеген, байқаусыз іс-әрекетте қателік жіберген адам туралы халық «аңғармай сөйлеген ауырмай өледі», «ауыздан шыққан түкірік қайтып жұтсаң мәкүрік» деп, қатты сынады, «байқамасаң, басың кетеді» дейді.

Байқаусыздық аңғармаушылықтан пайда болады. «Аңғармаған ақылдан танады» деп халық аңғарымпаздықты уағыздап, ұрпағын байқаусыздықтан аулақ болуға тәрбиелейді, «аңғармасаң, арын төгіледі» дейді.

Жеке тұлға іс-әрекетті, жеке тұлғаны бағалай білмесе, байқаусыздықпен бағалауда көп кемшілік жіберіп, «бағасыздыққа» ие болып, беделі төгіледі. «Байқамай бағалаған» адамның қате бағасын халық кешірмейді, оның «қателігін» түзетуді талап етеді.

Байқаусыздық, көбінесе, білместіктен пайда болады. «Өз тіліңді білмесең, өкінесің, күнде сен» деп халық білместікпен (байқамай) айтылған сөз үшін жеке тұлғаны қатты жазғырады, ана тіліне жауапкершілікті талап етеді.

Байқаусыздық, кейде, тәжірибесіздіктен пайда болады. «Көргендінің ісі қонымды, сөзі орынды» деп, халық көргенді (тәжірибелі) адам байқампаз болатынын үлгі етіп көрсетеді.

Әуейлікпен (жеңілтектік) көрінетін байқаусыздық мінезді халық «әуейлік сөздік әрі жоқ» деп сынап, жастарды әуейліктен қамық болуға тәрбиелейді.

«Әсіре қызыл тез оңар» деп, халық әсірелікпен байқамай кесір мінез көрсетудің жаман екенін жастарға жария түсіндіреді.

Байқаусыздық мінезді ескерту, мойындату, талап ету тәсілдері арқылы тәрбиелеуге болады.

Баққұмарлық мінезді тәрбиелеу

Атаққұмарлықтан, баққұмарлықтан, мансапқорлықтан, бақталастықтан, боскеуделіктен пайда болатын бұл мінез жалпы қоғамға, жеке тұлғаға көп кесірін тигізеді.

Атаққұмарлық арсыз адамның өз шамасына қарамай, «атақ қуып», құрғақ атақ үшін құлқы бұзылып, сыбайластықты діттеп, сыңайы ауып, «жаны тыныш таппай» қоғамдық құрылысқа, ұжымға залал келтіреді. Құлқын бұзып, құрғақ атақ алып, кеуде қағатын кесірлі тұлға ұлттық рухты бұзады.

Баққұмарлықтың құлы болған адам бақ пен бақыттың еңбек арқылы келетінін елемей, білім арқылы бекітінін білмей, «бақытқа жету, көбінесе, жеке байлыққа байланысты» деп ойлайды да, ақша үшін арын сатып, анасын бұлдап қырдар елге қырсығын тигізеді. «Адамды бақытқа денсаулық, еңбек, білім жеткізеді» дейді әл-Фараби.

Мансапқорлық пен мансаптың құлы болған адам билік тапса, билей алмай, мансабын жалдап, мардымсыздықпен марқая алмай, елдің еңсесін түсіреді. «Бірақ секіріп, шығам деп, мертігеді жатады, сөйтіп құдай атады» деп, Абай данамыз мансапқордың марқайтпайтын мінезін қатты сынады.

Бақталастық пен баққұмар адам қадірлі адамға қастандық жасайды, әлеумет – әулетіне қылмысты іс-әрекетімен зор зиян келтіреді.

Баққұмарлық мінез, көбінесе, боскеуделіктен, тырақылдықтан пайда болады. «Мен боламын демендер, кеудені бос қаққанға... Ондай адам жасығар кемікпей-ақ тосқанға» дейді Абай.

Баққұмарлық мінезді түсіндіру, мойындату, мәжбүрлету тәсілдерімен тәрбиелеуге болады.

Даңққұмарлық мінезді тәрбиелеу

Менмендік, зымияндық, зұлымдық, паракорлық, сыбайластық, дүниеқұмарлық, күншілдік (іштарлық) арқылы пайда болған бұл дарақы мінезді адам қоғамға кесірін тигізіп, әлеуметті әбігерге түсіреді.

«Мен білем», «мен артықпын», «мен көсеммін» деп кеудесін қаққан даңққұмар адам, басқаға жол бермей, бағалының бағын қайтарып, жақсыны жолдан салып, қоғамдық қозғалыстың өсуіне бөгет болады.

Даңққұмар адам даңқ қуу жолында өз қатарластарының алға басуына кедергі болып, зымияндық жасайды, неше түрлі қулық-сұмдықты «ойлап тауып», қарсыласын «қағып түсіріп», ойсырата опат жасаудан тайынбайды. «Парқынды нарық біледі, даңқынды халық біледі» деп халық даңққұмардың дарақылығының түпкі негізін пайымдайды.

Даңққұмар адам паракорлықтың алауын түрлі амалын тауып, «құлқынға құл болған билік иесінің есін аударып, есек қылады», көбінесе, пара арқылы жеңіске жетіп желпінеді де, есерлігімен ел бүлдіреді.

Даңққұмар «пенде» сыбайластыққа жан-тәнімен беріліп, берік қамалдарды бұзып өту жолдарын іздеп табады, ұлтшыл, рушыл, бауырмашыл болғанын, өз мақсатына жеткен соң, өзгелерді өзегінен тебеді, «төркінін танымай қалады».

Даңқ қуған адам дүниеқұмар, ол ақшаға арын, басқаға барын сатып, өзінің өзгешелігін өршелене көрсетуге тырысады да, халыққа жат қасиетсіз қылықтар көрсетеді, даңқымды шығарам деп, мансап – дәреже біткенді сатып алуға тырысады.

Даңққұмарлық мінез іштарлық мінезбен кірігіп, бірігіп, жеке тұлғаның жеккөрінішті бейнесін көрсетеді. Оны тек өмір талқысы ғана тәрбиелейді.

Дарақылық мінезді тәрбиелеу

Жеңілтек, орашалақты жан, әңгіліктен, өркөкіректен, өзбілермандықтан пайда болатын **дарақылық мінез** жеке тұлғаның беделін түсіреді.

«Сабыр түбі – сары алтын» деп, қазақ халқы әр нәрсеге сабырмен карап, жеңілтектенбей, желпінбей сөйлеп, қисынды қимыл жасауды талап етеді. «Желбуаздық – жетесіздік» деп, дарақыланбай сөйлеу әдептілікті көрсететінін білдіреді.

Дарақылық мінез іс-әрекеттегі орашалақтықты тудырады. Дарақыланған адам өз іс-әрекетінің жүйесін бұзып, «инесін шығарады». Дарақының іс-қимылы жүйесіз, орашалақ болады да, нәтижесі толымды болмайды. «Іс істесең, ретін тап» деп, халық ондай оспадарлықты қатты санайды.

Дарақылық мінез, көбінесе, өркөкіректіктен пайда болады. Өркөкіректеніп, өжетсініп, қиқарланып, қақылдап әдеп бұзған дарақы жалы ұжымдық, әлеуметтік іс-әрекетке де кесірін тигізеді. «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» деп, халық дарақылық мінездің кесірлігін кесіп айтып, ол мінезден аулақ болуды талап етеді.

«Өзім білем» деп, өзбілермандыққа салынған адам дарақылығын танытып, «көпке түкіріп», көптен қарғыс алады. «Көпті жамандама, көмусіз қаласың» дейді халық.

Дарақылық мінез – даңғойлықтың нәтижесі. «Ойламай сөйлеген опық жейді» деп, халық даңғойлық сөзбен, даңғаза іс-әрекеттің түбі – теріс екенін еске салады.

Дарақылық мінезді өзара сын, ескерту, кеңесу, әңгіме әдісін қолдану, мойындату арқылы тәрбиелеуге болады.

Екіжүзділік мінезді тәрбиелеу

Қулықпен, қараниеттілікпен, зымияндылықпен, жағымпаздықпен, арамдықпен, азғындықпен көрінетін бұл құйтұрқы мінез ердің есін аударады.

Қулық жасап, құлқын бұзып, адамды алдап, екіжүзді адам ел бүлдіреді. «Бойы – бұлғаң, сөзі – жылмаң кімді көрсем мен содан бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым жалмажан» деп, Абай дана екіжүзді адамның мінезі адамзатқа қауіпті екенін басып айтады.

Зымияндық пен қулығын білдірмей, құрдай жорғалап, құрметтенгісіп, екі жүзді елпендей ерді жолдан тайдырады. «Екі сөзді – ердің жауы, екіжүзді – елдің жауы» деп, халық даналығы екіжүзділіктен сақ болуды уағыздайды.

Екіжүзді адам – қараниетті. Ол ешкімге,

жақсылық ойламайды, жамандық ойлап, жамандық тілейді, жамандық істейді. Ол біреуге қанша жамандық жасаса, сонша залалын тартады. «Жамандық ойлама досыңа, келеді басыңа» дейді тәжірибелі қазақ халқы. Аққа қара жауып, күнәсізге күйе жағып, екіжүзді «сойқан» – ердің жауы, елдің қасіреті болады.

Екіжүзді адам, көбінесе, жағымпаз болады. «Екісөздінің сөзіне сенбе, екіжүздінің өзіне сенбе» дейді халық. Жарбандай жағымпаздықты халық қалт етпей таниды, одан қашық жүруді уағыздайды.

Арамдық ойын іске асыру үшін, жағымпаз аңқауды алдап, момынды жүгіндеп, әуреге салады, оны қасіретке ұшыратады. Аңқауды арамза жеңіп, ердің татулығын бұзады.

Екіжүзді адам абыройдан жұрдай болып, азғындық жасағаны үшін өмірден «өз сокқысын» алады.

Екіжүзді адам арын сатып, адамдығы қалмай, басқаларды ұятқа қалдырады. Онда қазақи болмайды.

Екіжүзді мінезді әділ сынап, әдептілікті талап етіп, әңгілігін әшкерелеп, тағылыммен тәрбиелеу керек.

Еріншектік мінезді тәрбиелеу

Немқұрайдылықтан, жауапсыздықтан, салғырттықтан, салақтықтан, санасыздықтан, мақсатсыздықтан, намыссыздықтан пайда болатын бұл мінез ер жігітті бақытсыздыққа ұшыратып, бағын тайдырады.

Өз ісіне немқұрайдылықпен жеңіл–желпі қарайтын адам ерініп, «ертеңі» таусылмай, тіршілігінің берекетін кетіріп, «ісі өнбей», «көңілі тынбай» көп кесірге ұшырайды.

Еріншектік, көбінесе, жауапсыздықтан пайда болады. «Жетім адамға бас кесір – еріншектік, ортаншы кесір – ұйқышылдық, кенже кесір – кедейлік» деп, Төле би еріншектіктің «бас кесерлік» зияны бар екенін қатты ескертеді. Өз өміріне, тірлігіне жауапсыздықпен қараған адам қасірет шегеді.

Салғырттық – еріншектіктің салдары.

Санасыз адам салғырттықпен езіліп, еріншек болып, есінен айырылады. Есалаңдық еңбектен бездіреді де, ер азаматты қор қылады.

Салақтықтан «салы суға кетіп», еріншек адам көк тіршілігін істей алмай, көп нәрседен құр қалады. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық» деп білесің, содан қашпақ керек», дейді Абай дана. Салақтықта санасыздықтан туады.

Алдына мақсат қоя білмейтін адам еріншектің «езілмесіне» түсіп кетеді. Мақсатсыз әрекет, үмітсіз іс жемісі болмайды. «Көндің бе қиынға төзуге, Сен күнде есеп бер өзіңе» деп әр адам алдына арымен аптап мақсат қоя білу керек.

Еріншектік намыссыздықтан пайда болады. Намыссыз адам «қатардан қалмайын» деп ойламайды да, опық жейді, бірақ намыстанбайды.

Еріншектік мінезді еңбекке баулу, тапсырмаларды орындату, талап ету, мәжбүр ету тәсілдері арқылы тәрбиелеуге болады. Әсіресе, еріншектікті әшкерлейтін көркем шығармаларды оқытып, талдау пайдалы болады.

Жағымпаздық мінезді тәрбиелеу

Жандайшаптық, жәдігөйлік, жарамсақтық, жалпандық, жалғандық, жанкештік арқылы пайда болатын бұл қатұрғы мінез адал адамның арына нұқсан келтіреді, жақсының жанына кесір болады.

Өзінен қызметі үлкен, дәрежесі жоғары адамға жандайшаптық әрекетпен оның іс-әрекетіне көмек бергенсіп, көңілін аулап, амалдап алдаусыратып, арам пиғылын іске асыратын адам жеке тұлғаға ғана емес, ұжымға, қоғамға зиян келтіреді. «Жаман бастықтың жағымпаз қасынан кетпейді, оны жолдан тайдырып, ептейді» дейді халық.

Жағымпаз адам Жәдігөй болады. Ол ақылсыз басшыны алдаудың амалдарын жақсы біліп, жанын жалдап отырғызып кетеді. Жәдігөй жағынудың басын өтірік мақтаудан бастайды. Өтірік мақтағаны,

андығаны баққаны деп Абай дана өтірік мақтағанға «семіретін» ақымақ басшыны қатты сынайды. «Жағымпаздың мақтағаны ішіне қулық сақтағаны» дейді халық.

Жарамсақтықпен көңіл аулап жалпандықпен жағынып арам ниетті жағымпаз адал адамның ақылын аулап, есін есегіретіп, қасіретті қателікке ұғындырады.

Жалқаулық жасанды әрекеттер арқылы жағымпаз көз аудап көрікті ойды бұзады. «Бойы бұлған, сөзі жылмаң, Кімді көрсем, мен содан бетті бастым, қатты састым, тұра қаштым жалма-жан» деп Абай дана «жасанды қылық жарға жығатынын» өлең арқылы суреттейді.

Жағымпаздық жанкештіктен туады. Адал адамда ақылдан тайдырып, алдау үшін, жағымпаз «міне-жаным, міне – иманым» деп, «сүттен ақ судан таза» болып көрінеді де көрінеді, «бүтінде бүлдіреді, ойды ойрандайды» «сызатқа» тұзақ құрып, өз мақсатына жетеді. Жағымпаздық мінез салауатты, саналы, әділетті басшы шындықты «шымбайына батырып» тәрбиелей алады.

Жалқаулық мінезді тәрбиелеу

Ерітуден, осалаңдықтан, жатағандықтан, жан аяулықтан, жатыпшіерліктен, жауапсыздықтан, топастықтан пайда болатын бұл мінез – еріншектіктің асқынған түрі.

Жалқаулық ерінуден пайда болады. «Еріншектік ердің жауы», ол күрделеніп, әдетке айналып, жалқаулыққа жадыланып қалғанын өзі де білмейді.

Ер жігітте еселі ісін елемейтін есалаңдық пайда болады да, өз ісін өлтіреді. Істің түрі көбейіп, түңілдіреді де, жалқаулық жанды езіп, мақсат-мүдде, ар-намыс жоғалып кетеді. «Жалқауға жан жуымас» деп халық, оның көптен тыс қалып, көріксіз өмір сүретініне өкінеді.

Жалқау адам «жатаған» болады. «Жатқанды ешкім ұрмайды, – жатуға тағы болмайды» дейді Абай дана. Жалқау-ұйқышыл «Нас басқанды ұйқы басады» дейді халық. Жалқаулық-настық, «нас басқан» адам ертеңін ойламайды.

Жан аяғыш жалқау ұжымдық істе «қолының ұшынтигізіп», қопарып еш нәрсе істемей, әдеп сақтамай, әріптестерін ұятқа қалдырады.

Басқаның табысын пайдаланып, жатып ішер болған жалқау, «көзге түскен сүйелдей» көпке жек көрінішті болады. «Жатып ішер» жалқау ұжым абыройын төгеді.

Жауапсыздықтан пайда болған жалқаулық – елге қырсық. Өз өмірін, отбасына, Отанына зиян келтірген жауапсыз жан қылмыскер.

Тоғымарлық пен топастық жалқаулық мінезді қалыптастырып қасіретке ұшыратады.

Жалқаулық мінезді сынау, талап ету, мәжбүр ету, дәлелдеу тәсілдерімен тәрбиелеу керек.

Жасқаншақтық мінезді тәрбиелеу

Именуден, жасқанудан, батылсыздықтан, сескенуден, секем алудан пайда болатын бұл мінез ер азаматтың езгісін шығарып, ерлік бейнесін жасытады.

Үлкеннен, күштіден, бастыдан именіп жасқаншақ адам жарқын іс-әрекет жасай алмайды. «Жақсы істен жасқанба» деп халық жақсылыққа жан арқылы керек екенін уағыздайды.

Жасқаншақтық мінез, көбінесе, жасқанудан пайда болатынын еске салып, халық «Жасқанған жақсыдан құры болады» дейді. Жасқаншақтық өзіне-өзі сенбегендіктен пайда болады. Әрбір адамда сенім деген қозғаушы күш болуға тиіс.

Ынжық әрекет, ырықсыз тірлік жасқантып, жеке тұлғаның тұғырлық кейпін бұзып, кескінсіздік бейнесін көрсетеді. Ынжық адам өзінің сыбағасынан құр қалып, өкінеді.

Әр іске батылдығы жетпеген адам қорқақтап, қолайсызданып іс-әрекетінде тындырымсыз болады. «Қорқаққа қос көрінер» деп халық, «көз – қорқақ, қол – батыр», бастаған істе «тәуекел» болуын уағыздайды.

Әр нәрседен сескену, «секем алу» жасқантып, жарқын әрекет жасауға кесірін тигізеді. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек,

бекер мал шашпақ – бес дұшпанның білсеңіз» деп Абай дана мақтаншақты «бес дұшпанның» бірі деп көрсетеді. Жасқаншақ адамда сенім құдіреті болмайды. Сенім бомаған жерде «өнім» болмайды да, адамның асыл қасиеттерін жойып жібереді.

«Жасқаншақ жігіт оңбайды, жақсылық оған қонбайды», «жасқаншақ болма, жалынды бол, жалпы жұртқа мәлім бол», «жасқаншақтық – жанға қайғы», «жасқаншақ адам жау жеңбес» деп, халық жастарды жасқаншақ болмауға тәрбиелейді. Жасқану – жас жалынның жан дүниесін бүлдіреді де, адами қасиеттерін қалыптастыруы кедергі жасайды.

Жасқаншақтық мінезді сендіру, батылдандыру, тәсілдері арқылы тәрбиелік жүйемен тәлім беруге болады.

Жасықтық мінезді тәрбиелеу

Момындық, икемсіздік, ынжықтық, ымырашылық, көнбестік, жасықтықтан пайда болатын бұл мінез адамды көп нәрседен құрғалдырады.

Момындық ақылға байланысты болмаса, ол адамды жасытып, айтатын сөзін айта алмай, қылатын тірлігін істей алмай, тындырымсыз істе, тиянақсыз ойда көп кемшілік жібергенін байқамай қалады да, жасиды, «Жастың жасықтығы – өмірден қашықтығы» деп, халық тәжірибесіздігі, өмірмен араласпағандығы зиян екенін айтады.

Іс-әрекетке икемсіздік еңбексіздіктен пайда болады да, адамды жасытады. «Байыпты еңбек, бәрін де жеңбек» деп, халық еңбекшіл адам икемсіз болмайтынын ашық айтады. Икемсіз, көбінесе, жалқаулықтың кесірінен пайда болады да, адамның «абыройын» төгеді.

Еңбекке икемсіз адам ынжық болады да, үйренуге үлгі алуға талжынбайды. «Жасық жігіт – пасық жігіт» деп, халық жасықтықтың өзі пасықтықтан пайда болатынын дәлелдеп, пасық болмауды уағыздайды.

Жасық адам ымырашыл болады. Ол кім не айтса, соған көніп, істің байыбына бармай,

бағдарсыз тірлік жасап, оның қасіретін көреді. «Жасық адамды жау алады» деп, халық жасықтықтың кесірін кесіп айтады.

Жасықтықтың бір белгісі – көнбестік. Қандай іс болса да, оның қиындығын жеңбей, келеңсіздік пен кесірлікке көніп, жасық адам жарық дүниеде «жарымайды».

Жасықтық мінез – психологиядағы елеусіз, езілме құбылыс. Ол, көбінесе, көзге «момындықты» көрсетеді де, «имандылық» әлпетте басқалардың көзін алдап, көңіліне кірбең туғызады.

Жасықтық мінезді сынау, мінеу, талап ету, мойындату тәсілдері арқылы тәрбиелеуге болады.

Залымдық мінезді тәрбиелеу

Пайдакүнемдік, тәкаппарлықты, қуакерлікті айлакерлікті, әділетсіздікті, қаскүнемдікті көрсететін залымдық мінез, көбінесіне, билік иесінде болады.

Тек пайда көруді ойлап, «тікбақайлық», «есекқулық жасайтын адам, ақшаға арын сатып, ақылын байлыққа жұмсап, басқаның қанын сорып, малын тонайды». Әсіресе, «нарықтық үнем» заманында пайдакүнемдік әдетке айналады.

Залым адам тәкаппар болады. Ол өзінің шенін пұлдап, билігін қолданып, пайда табудан басқаны ойламайды. Онда адамгершілік, имандылық болмайды. «Залымға болсаң кіріптар, өзің көріңе кіріп бар» – деп, халық залымның қатігездігін айтып, қараниеттігін қатты сынайды.

Залымдыққа қулық-сұмдықты пайдаланып, залым адам алудың амалын табуды көздейді. Парақорлық ниетімен неше түрлі қулық әрекет жасап, жеке тұлғаның желкесіне мініп алуға тырысады. «Күші көп залымға, кісі деп жалынба» дейді халық.

Залым адам айлакерлікпен кісіні кіріптар етуге тырысады да, оның барын жоқ деп, ағын қара деп, әбігерге салады. «Басыңды имесең, басыңды кесем» деген ниетін білдіреді. «Залымға нана берме, алдына бара берме» деп, халық залымнан бездіреді.

Залымдық, әдептілікке қайшы келеді.

Залым тұлға ешқашанда әділдік жолын көздемейді. Сөз айтуда өз пайдасын ойлап, не асыра мақтап, не асыра даттап, өз мақсатына жетуге тырысады. «Ісің түссе залымға кіріптар боп жалынба» дейді халық.

Залым мінезді адам, біреуге қастық ойлауға бейім болады. Қастекі әрекетпен ол басқаның жақсылығын жасырады, ешкімге жақсылықты қимайды.

Залым мінезді дәлелдеу, мойындату арқылы тәрбиеленеді.

Зұлымдық мінезді тәрбиелеу

Көреалмастық, қаскүнемдік, қастандық, айлакерлік, қараниеттілік, азғындық, пәлекорлық арқылы пайда болытын бұл мінез жеке адамға ғана емес, қоғамға, әлеуметке кесірін тигізеді.

Зұлым адам басқаның жақсылығын көре алмай, жақсыны жоққа шығарып, жарқынды жақтырмай, жан біткенді жамандап, дүниені тарылтып жүреді. Оған ешкім жақпайды.

Зұлым адам қаскүнем болады. «Етекті тартып, аяқты шалып, жақсының жауы» болады. «Зұлым қырт – жұлым құрт» деп, халық зұлымды танып, талақ етеді. Саналы адамдар сақтанса да, зұлым адамдар қаскүнемдігін қоймайды.

Зұлым адам қалай етсе де, қастандық жасаудың амалын тауып, сүйкенгенін сүріндіреді. Біреуді мұқатса, сүріндірсе мәз болып, (көңілі уақытша) жай табады. Ол қастандықты мықтылық деп ұғады. Адамгершілік пен ар-ұят ода болмайды да, қиянат жасап, қылмыс өрбітеді.

Зұлым адам айлакер болады, жамандық жасауға, жанын жаулап, арамдықтың амалын табады. Ол – жалақор, пәлекор, қастек болып, алға басқанның «албастысы» болады. Жеке тұлғаның өсуіне кесір кедергі жасайды.

Қара ниетті, қаскүнем адам «теріс ойлап» жақсылыққа жамандық жасайды. Әрбір адамның жақсылығымен жамандығы бар. Ал зұлым адам тек жамандықты көріп, көрге кіргенше «көрсөқырлығын» тия алмайды.

Азғындық жасап, адамзатқа тек жамандық

жасап, дағдыланған зұлым адам, қоғамға, әлеуметке әділетсіздік жасап, әділетсіздікпен халықтың тәлімдік қағидасына зиян келтіреді.

Пәлекорлық іс-әрекеттерімен зұлым адам, қоғамды білдіреді. «Басшы болса зұлым, қор қылар елдің үнін» деп, халық, әсіресе басшының зұлымдығы өте қауіпті екенін ескертеді.

Зұлымдық мінезді сынау, дәлелдеу, мойындау, жазалау арқылы тәрбиелеу керек.

Зымияндық мінезді тәрбиелеу

Қитұрқылық, екісөзділік, қаскүнемдік, қараниеттілік, ішмерездік, кекшілдік, қаныпезерлік арқылы пайда болатын бұл мінез – қауіпті мінез.

Зымиян адам «амалын тауып» жамандық жасауға бейім болады. Іштарлық көреалмастық ниетпен жолдасын жолдан тайдырады.

Екіленіп, екісөзді болып, өз пайдасын ойлап зымияндықпен «тақырға» отырғызып кетеді. «Екі сөзді – елдің жауы»

Зымиян адам, көбінесе, қаскүнеділігін қадірлі адамдарға жасап, өз мақсатына жеткендей болады. Өйтпесе мұңданады, қабағын ашпайды.

Ол жақсылыққа жамандық ойлап, азғындайды. Бәсекеден бәле іздеп тауып, ойламағанға ор қазады.

Ол іштарлықпен жақынына да, жамағайынға да жамандық ойлап, қызғаныштың қызыл отына жанады.

Зымиян адам – кекшіл, күншіл, жоқ жерден кінә тағып, жұрттың басын қатырады. Ол кесірліде ешқандай кешірім болмайды.

Ол зымияндықпен қылмыс жасап, азабын өзі тартады.

Зымияндық мінезді дәлелдеу, жазалау, талап қою, талқылау, тақылетіне келтіру тәсілдерімен тәрбиелеу керек.

Кербездік мінезді тәрбиелеу

Өзгешелік, кірпияздық, кісімсіну, әсемпаздық, сәнқойлық, жасандылық, жарампаздық арқылы пайда болатын кербездік мінез жеке тұлғаның жасанды бейнесін

көрсетіп оның өзгешелік сипатын білдіреді.

Кербез адам көпшілікке өзін өзгеше етіп көрсетуге тырысып, жүріс – тұрысын, сөйлеуін, қарым – қатынасын «өз білгенінше» әсемдеуге бейім болады. Өзгешелікті өзінің ұғымына сәйкес жасағандықтан, оның ақыл – санасына сай әсемденуі де түрлі болады. (Кейде «күлкілі» болады).

Өзін өзгеше бағалайтын адам басқаны бағаламай, жаны сүймей, жақтырмай кірпияздық көрсетіп, ұнамсыз әрекеттерін байяулатып қояды да, «жеккөрінішті» болады.

Кербез адам, көбінесе, өзін басқалардан артық санап, алжасады да, орынсыз қимыл жасап, орайсыз сөз айтып, дауыс ырғағын «далбасалап», танауын көтеріп, тағлымсыздығын көрсетеді. Ол болмысын өзі де байқамайды.

«Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалаң» деп Абай дана кербез мінездің «кесірін» кесіп айтады. Әсемпаз болам деп, кербез адам кейде әсемдікті, жарасымдықты бұзып, тағамын жоғалтып алады да, «жаңа сән» деп жағымсыз «сәнмен» көрініп, жұртты ренжітеді.

«Сәнқойлық» пен кербездік сәйкес келмей сәнді бұзады. Әрине, кербездікке жанын салған адам өзін жақсы көрсетуге тырысады да, бірақ ол көптің көңілінен шыға бермейді. «Сәнқой сәнді бұзады, әнді бұзады» дейді ел.

Кербездік, көбінесе, жасанды болатындықтан, сол «жасаушы» тұлғаның талғамына, ақыл – санысына байланысты әр түрлі дәрежеде болады.

Өзін-өзі «жаратып», кербез адам келеңсіз әрекеттер жасайды да, мүмкін оны өзі байқамайды.

Кербездік кесір мінез емес. Кербездіктің кемісін достық сынап, әсем әзіл арқылы мінеп, түзеуге болады.

Көзқамандық мінезді тәрбиелеу

Елбездерліктен, туажаттықтан, жаутанымастықтан, кесепаттықтан, қаныпезерліктен, опасыздықтан, отансыздықтан

пайда болатын бұл мінез – кесірлі мінез.

Көзқаман (көзуман) адам – тегін білмейтін, басқа елде тәрбиеленіп, сол елдің болмысын қабылдап, ататекті менсінбейтін тұлға. Ол ататегін ардақтауды білмейді, қайта қорлайды, өзін «өркениетті» елде өскенмін деп ойлайды.

Көзқаман (ататекті көрмеген) адам, ата жұртын көргісі де келмейді. «Қанына тартпағанның қары сынсын» дейді қазақ. Туажат болып, халқының қадірін, қасиетін білмеген тұлға, оның әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін «ескілік», «қараңғылықтың қалдығы» деп масқаралайды.

Жаутанымастық әдетпен көзқаман адам жақсылық ойламай, жауына жалбырынып, дұшпанының сойылын соғып, еліне (ататегіне) қарсы шығуы мүмкін. «Ер туған жеріне, ит – тойған жеріне» деп, халық ата жерінде тұрмайтын «ердін» теңеуі «ит» деп көрсетеді

Көзқаман адам кесепаттық мінез көрсетіп, кесірленіп, ататектік әдебиетті, мәдени іс-әрекеттерді жек көреді, жамандайды, жаны қасаяды.

Көзқаман тұлға ататегіне қастандық жасап, қаныпезер болудан тайынбайды, тарихты балағаттайды. «Ататегін сыйламаған арам өледі» деп халық оны қарғайды.

Жалпы адами қасиеттерді аяққа басатын опасыздар осы көзқамандардан шығады.

Отансыздықтан пайда болатын көқамандық туралы халық: «Опасызда Отан жоқ», «Жақсыда кек жоқ, Жаманда тек жоқ» – деп, ол мінезді ашына айқындайды.

Көзқамандық (отансыздық) мінезді тәрбиелеу қиын. Ол үшін таныту, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру тәсілдерін қолдану керек.

Кесірлі мінезді тәрбиелеу

Әдепсіздіктен, әумесерліктен, анайылық, кесепаттық, кесірлік, ысырапшылдықтан пайда болатын меніз жеке тұлғаның бақытсыздыққа ұшыратады.

Кесірлі адам әдепсіз болады. Ұлттың ұлағатты әдептілік дәстүрлерін бойына

сіңірмей өскен бейбақ әдепсіз болады да, кесірленеді. «Әдепсіз боп есірме, жолығасың кесірге» дейді халық. Әдепсіздік – ұлттық тәлімге жат қылық, адами қасиеттерді жояды, жекедайды жеккөрінішті етеді.

Әумесерлік, әсіреңкілік әрекет кесірленуден пайда болады да, жеке тұлғаның жетесіздігін көрсетеді. «Асты қорлама, құстырады, адамды қорлама, састырады» дейді халық. Әсіреңкілікпен әдепті бұзып, дөрекілікпен дөңқайса болу – сорлылық.

Бейпілауыз, бейәдеп сөздерді тоғытып, тоғышарлық пен топасытығын көрсетеді, пайдасыз, қисынсыз, өзінің қадір – қасиетін жояды.

Арнайы сөйлеп, арнайы қимылдап, ақымақтығын көрсеткен кесірлі адам, ұлттық және жалпы адами мәдениетті білмейді де, өзінің мәдениетсіздігін көрсетіп, айналасының абыройын төгеді. Ол көпшілік орнында тәртіп сақтауды білмей, көпті кейітіп, кесір келтіреді.

«Тамағы тойса, тойған нас, келешегін ойламас» деп, халық кесірлігінің кесепаттық әрекетін қатты сынайды. «Кештік өмірің болса, түстік мал жи» деп ел азаматтың еңбекшіл болуын уағыздайды.

Кесірлі адам ысырапсыз болады. Ол әр нәрсенің қалпын қадірлемейді, «артық» деп төге салады, «тозды» деп сөге салады, яғни әр заттың, әрекеттің өз қалпын білмейді, білгісі де келмейді. Ысырапқойлық кедейлендіреді, кесірін тигізетінін түсінбейді.

Кесірлі мінезді дәлелдеу, мойындату, мәжбүр ету тәсілдері арқылы тәрбиелеу керек.

Күйгелектік мінезді тәрбиелеу

Шыдамсыздықтан, сабырсыздықтан, қазымырлықтан, қараниеттіліктен, теріс ойлаудан, абыржудан, ашуланшақтықтан пайда болатын бұл мінез жеке тұлғаның қадірін кетіреді.

Оңай өмір жоқ. Өмірдің кез келген қиындығына шыдай алмай «қиқылдап», күйіп – пісіп, «маңдай сорым қайнады» деп, өзінің берекесін кетіреді.

Күйгелек адамда сабыр болмайды. «Күйгелектің күлі шашылады, арты ашылады» деп халық, «сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа», «сабыр түбі – сары алтын» деп, оны сабырлы болуға үндейді. Ал ол өткізіп алып, өкінеді.

Қазымырлықпен пәле қуып, одан ашу шығарып, күйіп кететін тұлға, секем алып, себеп тауып, ақылынан адасады. Кемшіліксіз тірлік аз. Сол кешілікті кесірлене тауып, одан у тауып, от қойып, күйгелек адам өзін де, басқаларын күйдіреді.

Күйгелектік, көбінесе, қараниеттіліктен пайда болады. Басқаға жамандық ойлап, «қызғаныштың қызық итін» үргізіп, ызалана, ызбарланып күйгелек күн көрсетпеуге тырысады, өзінің де, өзгенің де берекесін кетіреді.

Күйгелек адам өмірдегі жақсы, жаман құбылыстардың тек «жаманын» көріп, «жаны» қиналады. Тепе-тең тірлікті теріс ойлайды. «Ас беріп, ағайынға жақпайсың» деп халық теріс ойлап, теріс қарайтын адамдардың ақымақтығына күйінеді. «Отырсаң опак, тұрсаң – сопақ» деп, күйгелек «күйкі тіршілікте» ешнәрсені ұнатпайды.

Үнемі абыржып, ашуланып жүретін күйгелек адам – отбасының «ойраны», өзбасының өлімі. «Сабыр сақта», «қабағың ашық болсын», «ашу – дұшпан» деп, халық күйгелек адамды үнемі үзбей тәрбиелейді.

Күйгелек мінезді сабырлы ақылмен, әдепті, өнегелі іс-әрекетпен, қамқорлықпен, қажырлы талаппен тәрбиелеу керек.

Қызғаншақтық мінезді тәрбиелеу

Қимастық, көреалмастық, қастекілік, қаскүнемдік, қараниеттілік, қаныпезерлік, іштарлық арқылы пайда болатын бұл мінез жеке тұлғаның жан жүйесін бұзып, адамдығын жоғалтады.

Қызғаншақтық адам ешкімге жақсылық қимайды, тіпті, жақын бауырларына, асып кетсе, ата – анасына, жұбайына жақсылық қимай, жаны бұзылады. Сөйтіп, ол (қызғаншақ) адамдық қасиетін жойып алып «жойқын төбе» болады.

Қызғаншақтық, көбінесе, көреалмас-тықтан пайда болып, қытымыр адам жақсының жақсысын «жаман» деп, жаны қиналып, жарық дүниеге симай кетеді де, әділетсіз, әдепсіз қылықтар жасайды. «Сенің байлығың – қызғаншақ үшін қайғы – мұң» деп, халық қызғаншақтықтың қырсығын қиып айтады.

Қызғаншақ адам қадірлігі қастекілік жасап, етегінен тартып, «аяғынан шалып», адамның алға басыуына кесірлі кедергі жасайды. «Мақтаншақ сызданады, қызғаншақ қызғанады деп, халық қастекілік жасаған қызғаншақтыққа лағнет айтады.

Қызғаншақтық мінезді адам қатардан озған адамға қаскүнемдік әрекетті «білдірмей» жасау үшін, неше түрлі айлашарғы қолданады. «Қызғаншақтың көңілі қош болмайды, ол ешкіммен дос болмайды» дейді халық. «Күліп отырады, текеметінді тіліп отырады» деп, оның (қызғаншақтың) иттігін інге тығады.

Қараниеттілігімен халыққа белгілі болған қызғаншақты «Ісің болса жүйелі, қызғаншақтың іші күйеді» деп, жек көреді.

Қаныпезер қызғаншақ қандасын да, қарындасын да аямайды. Оларды сыбағасынан құр қалдырып, «сынап – мінеп», «қарсы болып», «қарайып», әдептен жұрдай болады.

Іштарлық (ақыл тарлық, ақымақтық, қимай қиқылдап т.б.) әрбір тұлғаның тұғырлығын бұзады. Іштарлықтың кейбір нышандары – барлық адамға тән.

Бұл дүниені бүлдіретін мінезде дәлелдеу, мойындату, көрсету, талап ету тәсілдерімен тәрбиелеу керек.

Қанағатсыздық мінезді тәрбиелеу

Тойымсыздықтан, көзтоймастықтан, дүниеқұмарлықтан, бағасыздықтан, атақ-құмарлықтан, бейберекеттіктен, нәпсі-құмарлықтан пайда болатын қанағатсыздық мінез ақылды аздырады.

Қанағатсыз адам «ала берсем», «жей берсем» дейді, бірақ тоймайды. Ол ала берсем деп, паракорлыққа барады, басқадан

ақысын жей береді, алудың амалын ойлайды, тоймайды.

«Кедей бай болсам дейді, бай құдай болсам дейді» деп, халық қанағатсыздықты қатты сынады. «Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар» деп, халық қанағатсыздықтың кейде кедейлікке де апарытын апаты болатынын айтады.

Көзтоймастық, дүниеқұмарлық қанағатсыздықты қалыптастырады. Бар затқа көзі тоймай, бардың бағасын білмей, дүниеқұмарлық санасын билеп, дүниеқоңыз болған адам адамдық қасиетін жойып, ақша үшін арын сатып, дүние үшін қан төгіп, қылмыстыққа барып, қиылады.

Қанағатсыз адам дүниені бағалай білмейді, парықсыздық, нарықсыздық, үнемсіздік ондай адамның берекетін кетіріп, беделін жояды.

Атаққұмарлық қанағатсыздықты тудырып, мансапқорлық, билікке таласу, шен-құмарлық шермендігі пайда болып, елге зиянын тигізеді. Ақылы жоқ болса да, атағы бар нақ ұрыс халықтың қасы, адамзаттың азғыны.

Қанағатсыз адам берекет дегенді білмейді, дүниесі көп болса, орынсыз шашады, нәпсіқұмар болып, ар – ұятты жойып, отбасын, Отанын бұзады.

Қаскүнем мінезді мойындату, жазалау арқылы тәрбиелеу керек.

Қастекілік мінезді тәрбиелеу

Қысастықтан, әділетсіздіктен, қараниеттіліктен, теріс пікірден, зымияндықтан, ішмерездіктен, іштарлықтан пайда болатын бұл мінез ерді бүлдіреді. Белгілі бір мансапқа болған қастекі, сол манабын мақұлықтықпен пайдаланып, басқа адамдардың бағын кесіп, сағын сындыруға бейім болады. «Қастекі бағы жанса, нас болады, ісі түскен адаммен қас болады» деп, қастекіні жек көреді.

Қастекілік мінез, көбінесе, әділетсіздіктен пайда болады. Қастекі адам жақсыны жаман деуден тайынбай, әділетсіздік жасап, әдепті бұзады. Жақсы адамның жанын жаралап, оны кіріптар қылуға тырысады.

Қастекі адам қараниетті, қаскүнем болады. Жадырамайды, жақынын да күндейді, жақсылық істемейді, тек өз қамын ойлап, өзгенің «өзегін өртейді». «Тоны жаманды ит қабады, пейілі жаманды құдай табады» деп, халық қастекінің түбінде қасірет көретінін түйеді. Қастекі адам теріс пиғыл, теріс ойлау кесірінен ешкімді ұнатпайды, жақсыға жаман баға беріп, жалқылық, жағымсыздық көрсетіп, елген жек көрінішті болады.

Зымияндықпен жақсыға жамандық жасаудың тәсілін тауып, тәлімді бұзып, тәубаны ұмытып, қастекінің қадірі кетеді. Ол

«қадірім кетті» деп ойламайды.

Қастекілік көп жағдайда іштарлықтан, ішмерездіктен пайда болады, ол басқаға жақсылық қимай, кең дүниеге симай, кезі келгенге кесірін тигізеді. «Қастегінің қабағы ашылмайды», қастығы басылмайды» деп, халық қастекіні айнытпай танып, аластауды уағыздайды.

Қастекі мінезді тәрбиелеу өте қиын, өйткені ол (қастекі) жамандықты білдірмей істейді. Оны дәлелдеу, әшкерелеу, мойынұсындыру, сезіндіру тәсілдерімен тәрбиелеу керек.

Резюме

В статье рассматриваются способы воздействия на негативные проявления у молодежи в национальном воспитании.

Summary

The article discusses how the negative effects of praeveniya young people in national education.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГ-ҰСТАЗДАР НЕГІЗГІ РӨЛГЕ ИЕ

Нуриев М.А. –

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру

ҒЗИ директоры,

ҚР жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер,

профессор

Сейсенбаева Ж.А. –

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру

ҒЗИ-ның бөлім басшысы

ф.ғ.к.,

Садыкова А.Е. –

ғылыми істер жөніндегі инспектор,

педагогика ғылымдарының магистрі

Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі кезде ел экономикасын көтеру, тұрақтылықты арттыру, халықтың әлауқатын жақсарту өте маңызды мәселе. Себебі, қоғамның қарқынды дамуы әлеуметтік, экономикалық құндылықтарды, оның ішінде қарым-қатынас және адам мәдениетінің деңгейін түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Әсіресе, әлемдік деңгейде

қарым-қатынас мәселелерінің шиеленісіп отырған шағында өзіміздің ұлттық болмысымызды сақтап қалу, рухани мәдени ахуалымызды әлемдік өркениет биігіне көтеру мәселелері, соған орай тұлғааралық қарым-қатынасты ізгілендіру, оны ең жоғары мәдениеттіліктің деңгейіне көтеру негізінде тұтастай интеллектуалды

ұлт қалыптастыру қажеттілік талабы айқындала түсуде. Ол үшін, әрине, отандық білім беру саласындағы тәлім мен тәрбие үдерісін әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, өзіміздің ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктерімізді ескере отырып, ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар негізінде жаңа инновациялармен толықтыру керек.

Бұл туралы Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті – «ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» екендігі атап көрсетіліп, онда білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Осындай міндеттерді жүзеге асыру үшін ұлт көшбасшысы Н.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасын ұсынды. Бұл жобада еліміздегі білім берудің барлық жүйесі жаңғыртылып қана қоймай, экономиканы дамыту, азаматтардың әлауқатын жақсарту, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды толық қамту, 12 жылдыққа көшу «Назарбаев интеллектуалды мектебі» және «Бейімдік мектеп» желілерін дамыту, жоғары білім беру саласында бәсекелестікті өрістетіп, білім мен ғылымды кіріктіру, «Ұлттық университеттерге» мәртебесіне сай бұрынғыдан да кең құқықтар беріп, ондағы берілетін білім сапасын көтеру, бір сөзбен айтқанда, өзіміз қосылған Болон процесі шеңберінде атқарылатын жұмыс өлшемдерін орындау.

Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарының оқытушылары білім беру мен тәрбие үдерісінің көп қырлы мақсаттарын көздей отырып, осындай мемлекеттік құжаттар аясында мұғалім кадрларын әзірлеуді міндеттейді. Осы орайда, оқытушылар мен студенттер, оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынастарын оқыту үдерісінде қалыптастыру – әлеуметтік-экономикалық және мәдени дағдарыс жағдайында бірегей

көтеріліп отырған өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондай-ақ, интеллектуалды ұлт болу үшін тұлғаның ғылыми, кәсіби, мәдени ақпаратына, білімі және біліктілігіне, психологиялық, моралдық ерекшеліктері мен әлеуметтік ұжымда өзін-өзі ұйымдастыра, басқара алуына баса назар аудару қажеттігі туындап отыр.

Оқытушылар мен студенттер, оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынастарын оқыту үдерісінде қалыптастыру қажеттілігі оқытушының өз пәнін оқыту барысында жеке басының үлгісімен, сонымен қатар, пәнді меңгеруде жеке тұлға ретінде өз мүмкіндіктерінің жаңа қырларын танытуға қызықтыру арқылы білім алушы жеткіншектерге зор ықпал ете алуымен байланысты. Осындай сабақтастық қатынасқа қол жеткізу үшін оқытушы мен білім алушылардың тұлғааралық қарым-қатынастарын оқыту үдерісінде қалыптастыруымыз қажет.

Қазақстанның жаңа кезеңдегі дамуы стратегиясының басты бағыттарының бірі – білім жүйесін, сондай-ақ кадрларды қайта даярлауды әлемдік стандарттарға жақындату.

Бұл орайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Кейбір мемлекеттік оқу орындарына айрықша мәртебе беру туралы» 2001 жылғы 5 шілдедегі Жарлығының маңызы зор болды. Бұл жарлықпен ұлттық университеттерге бұрынғыдан гөрі кең құқықтар берілді. Бұл жоғары оқу орындарының басшылары Президент Жарлығымен тағайындалатын болды. Мұның өзі сонымен қатар оқу орындарына жоғары жауапкершілік жүктейді. Отанымыздағы осы айтулы ұлттық университеттердің ректорын Елбасының бекіту үрдісінің қалыптасуы бұл оқу орындарының беделін көтерумен бірге уақыт өлшеміне сай білім берудің деңгейін көтеруге өлшеусіз үлес қосуда. Бұл сапта еліміздегі айтулы тоғыз ұлттық университет жұмыс жасауда. Осы тоғыз ұлттық университет қатарынан Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін бөліп көрсетудің маңызы

ерекше. Себебі, ол Республикамыздағы педагогтарды даярлайтын «Ұлттық педагогикалық» статусына ие жалғыз университет болып табылады. Тәрбиесіз ұлт дамып, қалыптаспайтындықтан, жетістіктері көркеймейтіндіктен, мақалада көтеріліп отырған интеллектуалды ұлт қалыптастыру мәселесін ең әуелі, тәрбие мәселесімен байланыстырып қарастырамыз. Ал, аталмыш оқу орны болса – дәл осы ұстанымды ұстаған бірден-бір тұңғыш университет болып отыр. Өркениеттің ғалами талабы білімді ұстазды қанаттандырып, жаңашылдық пен ізденіс шыңына қондырады десек, дүниедегі білім атаулының кілті де, құпия, сыры да ұстазға ғана тәуелді екендігіне дауымыз жоқ. Университетте интеллектуалдығы жоғары педагог-ұстаздар даярлау проблемасы төтесінен қойылып отыр. Бұл жердегі интеллектуалдылығы жоғары деп отырғанымыз – біліммен бірге тәлім-тәрбиені қатар бойына сіңірген тәрбиелі тұлға иесі. Ұлт көшбасшымыздың сөзімен айтқанда, «Қазақстан немен мақтануы керек дегенде кешегі бабамызбен, бүгінгі шамамызбен, келешектегі болмысымызбен мақтануымыз керек». Экономикадағы ең басты капитал – шикізат, өндіріс, сауда немесе қаржы саласы емес, адам капиталы. Адам капиталының негізі тәрбие десек, соның ішінде ұлттық тәрбие бір төбе. Қазіргі ақпарат қарқынды дамыған, ұлттық құндылықтар көмескілене бастаған заманда ұрпақ санасына салт-дәстүрді сіңіру – кезек күттірмейтін іс. Қазақ – салтқа, дәстүрге, ырым мен тыйымға, әдет-ғұрыпқа бай халық. Солардың әрқайсысын қажетіне қарай пайдалана білген. Ұлттық құндылықтар – басқа ұлттардан оқшаулап, даралайтын халықтың жүрегі һәм тамыр бүлкілі. Ол жойылса, ұлттың өмір сүруі де тоқтайды. Сондықтан, еліміздің өркениеті мен экономикасын тұрақтандыру, патриоттық сезімін арттыру жолында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жастарды ұлттық тәрбиенің қайнар көздерімен сусындату қажеттіліктері дұрыс жолға қойылып отыр. Халқымыздың

орасан зор адамгершілігі, үлкенге құрмет, кішіге ізет, қонақжайлық қасиетімен, ақыл-парасатымен, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен, көрегендігімен ерекшеленетін салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын, мәдени, рухани мол мұрасын сақтап, оны уақыт өткен сайын жаңалап, жаңғырта түсетін қырларын жастарға ұғындыру сияқты сан-салалық тәлімдік, тәрбиелік қырларын білім беруде негізделіп отыр. Мұндағы біздің мақсатымыз – жаһандану кезінде халқымыздың асыл қасиеттерін білім беру үрдісіне сіңіру арқылы ұлттық қасиетімізді сақтап қалу, келешек ұрпақты тәрбиелеу арқылы интеллектуалды ұлт қалыптастыру. Осы жерде баса назар аударып, айта кетер жағдай, бұл – ауыр жүкті міндет етіп алып арқалаған, елімізде тұңғыш рет біздің университет қабырғасында ашылып, көпшілік оқырман қауымға жол тартып отырған республикалық ғылыми-көпшілік бағыттағы «Ұлттық тәрбие» журналы рөлінің асқақ, еңбегінің ересен екендігі. Журналдың интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы мақсатымызды жүзеге асыру жолында атқарар рөлі өте жоғары. Мұнда елімізге айтулы тұлғалар мен ғалым, академиктердің осы мәселе төңірегіндегі көлемі ауқымды, мазмұны терең мақалалары жарияланып, көпшілік қауымға таралады. Еңбегі ересен азаматтардың тілек, үндеулері де осы басылым арқылы жұртымен табысып, үндесіп жатады. Ал, мұндай еңбектердің болашақ ұрпақ тәрбиесіне ықпал етері сөзсіз. Сондықтан, осы «Ұлттық тәрбие» журналы үкімет тарапынан қолдау тауып, таралымы көбейіп, барлық оқу орындарына тегін таратылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Екінші үлкен мәселе, дүниеде адамды тәрбиелеп, азамат атандырғаннан артық абырой мен құрмет, сондай-ақ, ауыр міндеттің жоқтығы. Сондықтан, ұстаздың сапасын ең жоғары деңгейге көтеруіміз керек. Өйткені, келешек ұрпақтың барлығы ұстаз қолынан өтіп, тәлім-тәрбие алады.

Бұл жөнінде жоғарыда айтып өткеніміздей республикада атқарылған жұмыстар көп. Осындай талаптан шығу үшін ұлттық мәртебесін иемденген тоғыз университеттің статустарына сай маңызы мен мәні жоғары болу керек. Ол үшін педагогикалық университетте оқитын болашақ мұғалім-студенттердің сапасын ең биік сатыға көтеріп, шәкіртақыны көбейтіп және шәкірттеріне сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар, тіл үйрету, ағартушылық бағыттарында да елеулі еңбек ететін ұстаздардың да әлауқатын жақсартуымыз керек.

Ол үшін университеттегі атқарылатын ғылыми жұмыстардың сапасын арттыру – жас ұрпақты тәрбиелеуде нәтиже беруде үлкен мүмкіншілікке ие. Сол себепті, жастарды тәрбиелеуде бүгінгі күнге сай жолдарын қарастырып, амал-тәсілін табатын ғылыми жұмыстар ұйымдастырылу керек. Алысқа бармай-ақ, көрші қоңыстанған Ресей мемлекетін мысалға алатын болсақ, онда педагогикалық ғылыммен шұғылданатын көптеген ғылыми-зерттеу институттары бар екендіне куә боламыз. Ал, біздің республикада бұл жоқтың қасы. Сондықтан, осы университетте ұстаз тәрбиелеу мәселесін теориялық және практикалық ғылыми негіздерін қарастыратын ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтарын ашу мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, жолға қойылса құба-құп болар еді. Өйткені, елімізге керек дарынды тұлғаны да, білікті маманды да, адами қасиеті жоғары азаматты да қалыптастыратын – ұстаз.

Ұстаздық ету – ұлылық болса да, өкінішке орай, бұл мамандықты өз дегенімен қалап, сүйіп таңдап келетін талапкерлер тым аз. Оның себебі, мәңгі нұрдың қызметшісі, тынымсызлаулаған жалын иесі – ұстаздардың еңбегі қаншалық ерен болса, табар айлығы соншалық мардымсыз аздығында.

«Білім туралы» Заңның «Педагог қызметкерлердің мәртебесі» туралы тарауында «... келешекте мұғалім мамандығы ең беделді әрі жоғары ақы төленетін мамандықтардың бірі болуы керек»

деп көрсетілген болатын. Ал, Ахмет Байтұрсынов: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім», – деген. Бұл даналық пікірдің маңызы уақыт жылжыған сайын арта түсуде. Міне, осы талапқа сай ұстаздардың беделін көтеру, соған орай еңбекақысын жоғарлату, өзінің ісіне жауапкершілікпен қарау мәселесі жиі қозғалып келеді. Шынында, ағарту орындарының алтын дінгегі – мұғалім. Жас ұрпақ мұғалімге қарап бой түзейді. Нағыз ұстаз қай ғасырда да ұстаз болып қала бермек. Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол – білімділік, имандылық, парасаттылық барлық ғылым атауылының алғашқы әліппесі өркениет ұстазының тәлім сабағында күн сайын үйретіліп, үлкен «білім мұхитына» айналып, рухы мықты, интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп шығару. Олай болса, осындай игі ниеттен туындаған өзіміз тарапынан ұстазға қойлар талаптарды жүйелеп ұсынар болсақ:

Біріншіден – мәдениеті жоғары дамыған маман болуы керектігі:

1. Қазақ халқының және дүниежүзілік тарихтан жүйелі хабардар болуы;
2. Қазақ философиясын терең түсініп, одан нақты мысалдар келтіре алатындай болуы;
3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің даму жолдарын дұрыс саралап, жаңа заман талабына сай баға бере алатын, дүниежүзілік әдебиеттен өзгешеліктерін түсініп, саралай алатындай болуы;
4. Қазақ қандай мәдениет түрлерімен мақтана алатындығы;
5. Бізде дамыған мәдениеттің түрлері мен одан қандай тәлім-тәрбие алуға болатындығы туралы мағлұматтардан хабары болуы.

Екіншіден – Қазақстан экономикасы мен оның даму жолдарының ерекшеліктеріне

талдау жасай алуы. Қазақстанның дүниежүзілік қоршаған ортадан қандай жетістіктерімен (брендпен) орын алады деген сауалға жауап таба алуы. Үшіншіден – ұстаздың адами қасиетіне қойылатын талаптар. Төртіншіден – білім, біліктілігіне қойылатын талаптар. Бесіншіден – жан-жақты дамыған «толық адам» екеніндігіне, оқушылардың қызыға қарайтын қасиеттерінің болуы. Алтыншыдан – ұстазға тән лидерлік қасиеттерге ие болуы. Жетіншіден – ұстаздықты таңдап алған оқушылардың дайындығы: 7.1 оқу орындарына қойылатын талаптар;

7.2 оқытушыларды сараптап алу;

7.3 саяси әлеуметтік жағдай жасау (жалақы, үй, шәкіртақы, т.б.). Мысалға ұстаздың үйі (әсіресе, ауылдық жерде) ауылдың көркі болуы керек. Шәкірттердің ұстаз үйіне қызығушылықпен қарап, сондай үйде тұруға деген ынтасы мен сол арманына жету жолындағы талап-жігері;

7.4 ұстаздың жалақысы екі тұрғыдан қарастырылуы керек: базалық төлемақы және қосымша төлемдер;

7.5 ер азаматтардың мұғалім болуы үшін не істеу керек деген мәселе. Жасыратыны жоқ, қазіргі күндері мұғалімдік салаға көбінесе әйел адамдар барып жатады. Ал ұрпаққа берілер тәрбие қай кезде де, қай жерде де, қандай ортада да ер азаматтардың қалыс қалуы себебінен ақсап жатады;

7.6 Мектепті нағыз білім ордасына және мәдениет ордасына айналдырудың мәселелерін жан-жақты қарастырылу қажеттігі.

Сонымен, өркениеттің ғарыштап дамуындағы ғажап идеялар, дархан істер, ғаламат жоспарлар – жаңа ғасырдың қолынан ғана келеді. Ал, осы ғасырдың тізгіні – ұрпақтарының қолында ғана, ендеше ұрпақтың бар бақыты озық ойлы ұстаздың еншісіне ғана берілмек.

Жан сарайыңды жібітетін тәрбиенің үлгісі де, ащы ақиқаттың күмбір күйі де өркениет ұстазының әр сабағында шежіре боп сөйлеп жатады. Бұл жалғандық болмай, педагогиканың барлық жүйесінде мазмұнды жүрсе, адамзаттың ой-өрісі дамып, сәулелене түспек.

Резюме

В статье рассматривается роль педагога в формировании интеллектуальной нации.

Summary

The article examines the role of the teacher in the development of intellectual nation.

ФОРМИРОВАНИЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА НАЦИИ В УСЛОВИЯХ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ

Нурiev М.А. –

директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им.Абая, профессор, заслуженный работник высшей школы РК
Якупова А.Н.

Глобальное развитие и мощь государства определяется интеллектуальным потенциалом нации, как основы его инновационного развития. Возрастающее

соперничество между основными мировыми центрами в политике, экономике, военной мощи, культурно-информационном влиянии, также предполагает ускоренное

наращивание человеческого, прежде всего интеллектуального потенциала. В современном мире процветающей страной станет государство, создающее простор для реализации интеллектуальных и творческих способностей человека, которое сумеет поставить их на службу обществу.

Переход развитых стран от индустриального к постиндустриальному, информационному обществу, интеллектуальной экономике выдвигает на первый план интеллектуальную составляющую человеческой деятельности, все более возрастает роль науки, образования, новых технологий – всего, что имеет отношение к интеллектуальному потенциалу.

Развитие человеческих ресурсов Казахстана является одним из высших приоритетов долгосрочной Стратегии развития РК «Казахстан – 2030» [1]. Принятая в 1997 году она обозначила новые ориентиры и горизонты развития страны и стала «визитной карточкой» нового Казахстана

В 2008 году Глава государства инициировал проект «Интеллектуальная нация – 2020». В своем выступлении Н.А.Назарбаев отметил: **«Его главная цель – воспитание казахстанцев новой формации, превращение Казахстана в страну с конкурентоспособным человеческим капиталом»** [2].

В настоящее время Казахстан признан мировым сообществом как государство с рыночной экономикой. За короткий исторический период обретения независимости был сделан прорыв в экономике, интегрируясь в мировую цивилизацию, используя новые прогрессивные технологии. Казахстан обладая значительным интеллектуальным потенциалом должен озаботиться его рациональным использованием и дальнейшим преумножением. В этом контексте возрастает роль и значение современной системы образования, человеческого капитала, составляющих основу нового

уровня жизни общества и являющихся важнейшими факторами, базой экономической мощи и национальной безопасности страны.

Современное мировое сообщество придает особое значение развитию системы образования. Для него приоритетным становится развитие интеллектуального потенциала учащихся, выявление их одаренности и развитие познавательных процессов. Понятие интеллектуального потенциала объединяет интеллектуальные компоненты человеческой деятельности, придающие ей творческий инновационный характер, позволяющие выходить за рамки автоматизированных действий, наработанных алгоритмов деятельности. Интеллектуальный потенциал общества – это его инновационные возможности, использование которых позволяет решать возникающие проблемы, вносить в исторический процесс нечто новое и тем самым создавать предпосылки для движения истории вперед.

С приобретением независимости образование было определено одним из приоритетов государственной политики социально-экономического развития Казахстана, где главной задачей стояло поднятие его до передового мирового уровня. Один из первых законов страны – Закон «Об образовании», принятый в 1992 году, закреплял приоритетность сферы образования и ее исключительная значимость для развития интеллектуального, культурного и экономического потенциала государства.

Образование модернизируется в таком же высоком темпе, как развивается весь Казахстан, что потребовало в 2012 году внесения изменений и в законодательную базу образования, приводя ее в соответствие с достигнутым уровнем и новыми задачами развития страны. Принятие Закона «О внесении изменений и дополнений в Закон Республики Казахстан «Об образовании»» направлено на дальнейшее

совершенствование системы образования, повышение его качества и расширение доступности.

В Казахстане сделаны крупные шаги в поддержку обновления системы образования. Принята Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, осуществляется переход на 12-летнее образование. 11 марта 2010 года Казахстан присоединился к Болонскому процессу, что, несомненно, будет способствовать дальнейшей интеграции в мировое образовательное сообщество.

В Казахстане в рамках реформирования систем высшего образования выдвигается задача подготовки творчески мыслящего специалиста. Принятая Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы нацелена на повышение конкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала путем обеспечения доступности качественного образования для устойчивого роста экономики.

В области высшего образования намечено **«...достижение высокого уровня качества образования, удовлетворяющего потребности рынка труда, задач индустриально-инновационного развития страны, личности и соответствующего лучшим мировым практикам в области образования. А также формирование у молодежи активной гражданской позиции, социальной ответственности, чувства патриотизма, высоких нравственных и лидерских качеств»** [3].

Высшая школа любой страны, как социальный институт, несет на себе основную ответственность за формирование интеллектуального кадрового ресурса страны, необходимого для реализации стратегии инновационного развития, так как именно образованность общества является условием развития всех секторов экономики. Как отмечает доктор философских наук, профессор, член-корреспондент РАН Юдин Б.Г.: **«Обеспечивая людям возможность**

получать качественное высшее образование, общество повышает и их, и свой собственный интеллектуальный потенциал» [5]. В тоже время сфера образования осталась одним из немногих составляющих национального согласия, объединительным общественным фактором. Особая роль в этом вопросе отводится педагогическим вузам, которые направлены на подготовку педагогических кадров. Именно педагогические вузы должны стать эталоном вузовской культуры, демонстрируя обществу образцы гражданственности, межнационального и межрелигиозного согласия.

Современному миру, в том числе и казахстанскому обществу, требуется личность, способная к самостоятельному творческому интеллектуальному развитию. Формирование интеллектуальной личности соответственно предполагает педагога, просвещенного, мыслящего, способного к непрерывному саморазвитию и самосовершенствованию, творчески применяющего в своей ежедневной профессиональной практике достижения фундаментальных педагогических исследований, глубокие методологические знания, инновационные технологии и интерактивные методики.

Говоря о формировании интеллектуальной нации, мы должны озаботиться духовно-нравственным состоянием общества. Поэтому мы должны стремиться к национальному возрождению общества, воспитать чувство патриотизма, национальной гордости, гражданской ответственности у каждого гражданина, а у молодежи в первую очередь. Нельзя ограничиваться только «качественной передачей знаний», необходимо вложить в сознание каждого как будут использоваться эти знания, в какой мере они будут работать на благо всего общества, а не только для построения собственной карьеры, и это, прежде всего воспитательная проблема. Так еще разработанные системы образования

Конфуция и Платона включали в себя не только получение знаний, но прежде всего духовное и нравственное самосознание, высшие интеллектуальные и моральные качества. Приобретая образование, человек усваивает не только некоторые знания о мире и способы оперирования этими знаниями, но и то, что относится к духовности, культуре, ценностям и нравственности.

Многотысячелетняя культурная традиция выработала и сохранила законы нравственности. Эти законы усваиваются отдельным человеком не как результат индивидуального жизненного опыта. Они бережно сохраняются и передаются от поколения к поколению как бесценный духовный опыт многих поколений, прививаются через процесс воспитания. Роль духовной памяти, играют национальная ментальность, национальные обычаи и традиции, не последнюю роль играют в воспитании и простая доброта матери, теплота отношений семейной жизни, а мудрость государственного лидера способна изменить ход истории.

На сегодняшний день формирование национальных ценностей, как одной из составляющих интеллектуальной нации – это социальный процесс. Ориентация на национальные ценности, социально-политические изменения в стране поставила на повестку дня вопросы формирования, развития, становления, воспитания патриота, гражданина, специалиста. Президент Республики Казахстан – Лидер Нации Н.А.Назарбаев в своем послании народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» от 27 января 2012 года отметил, что в ходе модернизации системы образования: **«...важно усилить воспитательный компонент процесса обучения. Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание.**

Эти ценности должны прививаться во всех учебных заведениях, независимо от формы собственности» [4].

Процессы глобализации ставят наше общество перед важной проблемой: подготовить такую национальную интеллигенцию, которая готова провести в общество новые идеи и достижения. Реализация этих и других задач основана на глубоком осмыслении и освоении национальных ценностей. Образование должно органично вписаться в учебный процесс фундаментальные ценности духовного опыта, важнейшие этапы культурно-исторического развития человечества, философско-нравственное наследие, без которых невозможно сформировать интеллектуальную нацию.

Особую роль они играют в образовании при формировании интеллектуальной личности педагога. Ведь именно педагог в современном обществе – основа знаний и воспитания. Учитель сегодня рассматривается не как узкий предметник, а как носитель духовности, культуры, национальных и общечеловеческих ценностей, он должен уметь раскрыть личные качества учеников, привить им любовь к родине, патриотизм.

Несмотря на то, что интеллектуальный потенциал казахстанской нации достаточно высокий, уровень его использования недостаточен. Взаимодействие государства, бизнеса, науки и образования для обеспечения ускоренной модернизации страны, инновационного развития общества носит неполный характер и не всегда демонстрирует взаимную заинтересованность сторон на деле.

Как социальный институт, воспроизводящий интеллектуальный потенциал страны, образование должно обладать способностью к опережающему развитию, отвечать интересам общества, конкретной личности и потенциального работодателя.

Здесь на первый план выходит принцип оценки «профпригодности» специалиста. Если раньше он оценивался по степени своей квалификации (знаниям и умениям в рамках данной специальности), то теперь речь идет о компетенции как способности и умении

решать все задачи, возникающие в процессе профессиональной деятельности, а не только сугубо специализированные. Преодоление традиционного репродуктивного стиля обучения и переход к новой развивающей, конструктивной модели образования, обеспечивающей познавательную активность и самостоятельность мышления обучающихся, является одним из стратегических направлений мирового образования. При этом повышение уровня сложности современного университетского образования определяет серьезность требований к интеллектуальному и культурному потенциалу студента.

Высшая школа с ее исторически сформированной структурой, кадрами (доктора и кандидаты наук), связями – это сегодня главный интеллектуальный потенциал страны. В системе наука – образование – производство высшая школа занимает центральное место как генератор кадров высшей квалификации. Следовательно, от уровня и состояния развития высшей школы как интеллектуального потенциала общества зависит уровень и состояние развития научной, технической и производственной деятельности.

Литература:

- 1 Стратегия «Казахстан – 2030», 1997 г.
- 2 Выступление Президента РК Н.А.Назарбаева на встрече со стипендиатами программы «Болашак», г. Астана, 30 января 2008 г.
- 3 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы.
- 4 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана», Астана, от 27 января 2012 г.
- 5 Б.Г. Юдин Интеллектуальный потенциал личности. Человеческий потенциал России: интеллектуальное, социальное, культурное измерение. Сборник научных работ / под ред. Б.Г. Юдина. -- М.: Институт человека РАН, 2002. - 265 с.

Түйіндеме

Мақалада жоғарғы мектеп қабырғасында ұлттық интеллектуальды әлеует қалыптастыру мәселесі қарастырылған.

Summary

The paper considered the formation of the intellectual potential of the nation in high school.



Адамға екі нәрсе тірек тегі:

Бірі — тіл, бірі — ділің жүректегі.

Жүсіп Баласағұн

Андабекова Серіккүл: ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ – ІРКІЛІКСІЗ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІС



Тәуелсіздіктен кейін бұрынғы училищелердің білім беру міндеті колледждерге жүктелді. Бүгінде отандық білім беурдің озық үлгісі саналатын колледждер елімізде көптеп саналады. Солардың ішінде №1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжінің орыны бөлек, тәуелсіздіктің бел құрдасы болып табылатын оқу орыны мектепке білім беретін маман даярлауда өнімді еңбек етіп келеді. Төменде назарларыңызға осы оқу орынының директоры Андабекова Серіккүл Жолшыбекқызымен болған сұхбатымызды ұсынамыз.

– Серіккүл Жолшыбекқызы, ең әуелі колледждің тарихына тоқтала кетсеңіз.

– Колледжіміз алғаш 1978 жылы «Алматы қалалық мектепке дейінгі тәрбие педагогикалық училищесі» деген атпен, орыс тілінде, «Мектепке дейінгі тәрбие» мамандығы бойынша ғана мамандар дайындайтын училище болып құрылған. Одан бергі уақытта оқу орынының атауы түрлі атаулармен аталды, 1990 ж. «№1 Алматы педагогтік училищесі», 1994 ж. «№1 Алматы қазақ педагогтік училищесі», 1999 ж. «Республикалық педагогикалық

колледждің ғылыми-әдістемелік алаңы», 1999 ж. «Ы.Алтынсарин атындағы ҚБА-ның ғылыми әдістемелік алаңы», 1999 ж. «Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік» болды. Ал, 2008 жылдан бері «№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі» деген атпен, педагог маман даярлайтын отандық бірден-бір оқу орынына айналды.

«Су ағады, тас қалады» демекші, кеше келіп оқуға қабылданғандар бүгін біздің оқу орнын бітіріп дипломын алып, жаңа өмір жолына түсті. Колледжге басқа білім алушылар келіп, колледж өмірі осылайша уақытпен келген жастармен жалғасын табуда. Негізгі мақсатымыз – заман талабынан тыс қалмай, «елім» дейтін, еліне қызмет ететін азаматтарға білім беру және оларды тәрбиелеу. Бұл оқу орны 33 жылдан бері жастарды біліммен сусындатса, қазақ тілінде мамандар дайындай бастағанына 20 жыл болды. 1989-1993 жылдар аралығында Алматы қаласында 13 қазақ мектебі, 10 қазақ балабақшасы ашылды. Ол кезде қазақ педучилищесі Алматы қаласының бюджетінен қаржыландырылатын. 1991 жылы Заманбек Нұрқаділов ауылдан келген жастарды қалада тіркеуге алып,

содан бастап қазақ балалары педучилищеге қабылдана бастады. Сол кезеңге дейін түрлі себептермен қазақ балалары педучилищеге қабылданбады. ҚазССР халыққа білім беру министрлігінің 29.10.88 жылғы №129 бұйрығымен еңбек сүйгіш, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен жас ұстаз Роза Зәкірқызы Жүсіпова Алматы қазақ педагогикалық училищенің тұңғыш директоры болып тағайындалды.

– Бүгінде қандай мамандықтар бойынша мамандар даярлайды?

– Бүгінде колледжде 9 мамандық бойынша күндізгі және сырттай оқу нысанында мамандар даярлау ісі мемлекетті тілде жүзеге асырылады.

Олар:

0101000 – «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

0103000 – «Дене шынықтыру және спорт мұғалімі»

0105000 – «Бастауыш білім беру»

0105013 – «Бастауыш білім беру мұғалімі»

0105023 – «Бастауыш білім берудің информатика мұғалімі»

0105033 – «Бастауыш білім берудің шетел тілі мұғалімі»

0105034 – «Бастауыш білім берудің қазақ тілі мұғалімі»

0512000 – «Аударма ісі»

0510000 – «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттау»

0111000 – «Негізгі орта білім»

0111013 – «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі»

0111083 – «Негізгі мектептің шет тілі мұғалімі»

0111093 – «Негізгі мектептің информатика мұғалімі»

– Оқытушылық құрам толығып, білім алушылардың саны да артқан шығар?

– Иә, бізде жыл сайын сұраныс көбейіп, үкімет тарапынан қолдау артып, мемлекеттік грант саны да толығып. Бүгінде

колледжде 85 оқытушы жұмыс істейді, күндізгі оқу бөлімі бойынша – 1028, сырттай оқу бөлімі бойынша – 274 білім алушы оқиды. Оқытушылардың барлығы жоғары білімді мамандар және базалық білімдері колледждегі мамандықтар біліктілігіне сәйкес келеді. Оқу-әдістемелік қызмет 7 кафедра арқылы жүзеге асырылады. Әрбір кафедра оқытушылары, еліміздегі қазіргі кезеңдегі білім беруді дамытудың ерекшеліктерін ескере отырып, жастардың ұлттық санасын, саяси сауаттылығын оятуда, жан-жақты жарасымды дамыған, бастамашыл, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісіне өз үлестерін қосуда.

Оқу-әдістемелік жұмыс – колледж қызыметі бағыттарының негізгісі, ол оқу тәрбие үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етеді, инновациялық оқыту технологияларын қолдану арқылы бәсекеге қабілетті мамандар дайындау сапасын арттырады.

Білім берусаласындашынайыбәсекелестік туғызатын мамандар дайындауға қомақты үлес қосып отырған оқытушылар мен білім алушылардың есімдерін мақтаныш етеміз. Олар, халқаралық, республикалық, қалалық «Үздік жыл оқытушысы» ғылыми-педагогикалық жобалар байқауының және педагогикалық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері.

– Ауыз толтырып айтатын жетістіктеріңіздің бірнешеуін атап өтсеңіз?

– Оқу орынының тарихындағы жетістіктерді дәл қазір санап тауыса алмаспыз, дегенмен, бірнешеуіне тоқталып өтейін. 2001 жылы ЮНЕСКО, Н.Назарбаев атындағы білім қоры, Алматы білім департаменті ұйымдастырған байқауда білім алушы Д.Молдағожинаның «Кедейшілікке қарсы күрес жолдары» атты шығармасынан II орынды иеленді.

2002 жылы колледж директоры Жүсіпова Д.З. кәсіптік білім беру және дайындау жүйесімен танысу мақсатында білім министрлігінің шақыруымен Түркияда тәжірибе алмасып келді. Британ

консулдығымен бірлесе отырып, «Мұғалімдерді кәсіби дамытудың халықаралық бағдарламасы» (TPD) аясында колледж базасында ашық сабақтар мен тәрбиелік іс-шаралар сериясы өткізіліп тұрады. Француз тілінің оқытушылары мен білім алушылары Франкофония күндеріне қатысып, «Француз Альянсы» қоғамдық бірлестігі және Қазақстандағы Француз елшілігінің әріптестік және мәдениет мәселелері бойынша орынбасары Иоан Шиттердің алғысын алды. Білім алушы студенттеріміз республика, қала, аудан көлемінде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатынасып, марапаттар алды.

2006 жылы колледж базасында ЮНЕСКО-ның кадастерлік бюросы мен ҚР БЖҒМ бастамасымен «Оқушылар арасында ВИЧ инфекциясын жұқтыруды азайту» халқаралық семинары өткізіліп, нәтижесінде аталған тақырыпта орыс және қазақ тілінде әдістемелік нұсқау және бағдарламалар жарық көрді.

2012 жылы 7 республикалық «Дарынды балаларға – таланитты ұстаз» атты байқауда Мақпал Бекенқызы, Айнұр Жолдыбаева, Лазат Бексұлтанқызы, Демеханова Айнұр қатарлы ұстаздарымыз жеңіспен оралды.

– Колледждің материалдық-техникалық базасының жағдайы қалай?

– Колледжде 45 дәрісхана, 8 мультимедиялықкабинет бар. Оқуғимараты 2009 жылы күрделі жөндеуден өтті, 5 компьютерлік, 3 мультимедиялық оқу кабинеттерімен, 9 интерактивті тақтамен, химия және физика оқу кабинеттері зертханасымен, «Өзін-өзі тану» арнайы кабинетімен, спорт, мәжіліс және жаттығу залдарымен толықты. Оқу жоспарлары бойынша заман талабына сай оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілді. Компьютерлердің барлығы интернет желісіне қосылған, білім алушылардың дайындығына көп пайдасын тигізеді. Колледжден білім алушы жастар спортпен шұғылдандуына толық жағдай жасалған.

Колледждің кітапханасы 1978 жылы

училище болып құрылғаннан бері өз жұмысын жалғастыруда және оқу үдерісінен алатын үлкен орыны бар.

Кітапхана қоры 50 286 дана оның ішінде оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, көркем әдебиет, мерзімдік басылымдар кіреді. Кітапханада абонемент, оқу залдары бар. Оқырмандардың өз бетімен отырып дайындалуына қажетті сұраныстармен қамтамасыз етуге толық мүмкіншілік қарастырылған. Бүгінгі күні кітапхана оқырмандарының интеллектуалдық деңгейі мен сұраныстары күрделі, мазмұны өзгерген. Сондықтанда олардың талап-тілектерін орындау, жаңа ақпарат көздерін дер кезінде ашып, оны кітапхана оқырмандарына жедел хабарлап, жеткізіп отыру кітапхана қызметкерлеріне үлкен міндеттер жүктейді.

Кітапхана оқырмандарының пайдалануына видеокассеталар, аудиокассеталар, 200-ге тарта электронды оқулықтар, 117 дана мерзімдік басылымдар бар.

– Колледждегі тәрбие мәселесі турасында тоқтала кетсеңіз.

– Тәрбие – қайшылықты ұзақ үдеріс, оның нәтижесін есепке алу күрделі мәселе. Ол үшін жобаланған және қол жеткен шынайы нәтижені салыстырып талдауды қажет етеді. Тәртіптілік, тәртіптілікке әдеттену, өз мінез-құлқын қоғамдық тәртіппен белгіленген нормаларына саналы түрде бағындыру тәрбиеліліктің белгісі.

Тәрбие жұмысы – іркіліксіз және кешенді түрде жүргізілетін іс. Сондықтан болашақ мамандарды қазіргі әлемдік мідениеттің рухымен, бәсекеге қабілетті етіп тәрбиелеу бүгінгі күн талабы. Ол үшін жас ұрпақтың бойына туған халқының қасиеттерін сіңіріп қана қоймай, ақыл-ой мәдениетін қалыптастыру, жеке тұлғаның интеллектуалды деңгейін дамыту қажет. Жас жеткіншектер ғылыми-техникалық прогрестік күнделікті жетістіктерін еркін меңгеріп және оны өмірлік тәжірибеде пайдалана білуге психологиялық жағынан дайын болу керек.

Колледжде жастармен жүргізілетін тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – ғылым мен техникалық прогрестің қарқынды жаңалықтарын шапшаң қабылдайтын, мәселені тез талдап, логикалық дұрыс қорытынды жасайтын, әрбір істе дұрыс шешім қабылдайтын бәсекеге қабілетті маман дайындау.

Колледждегі білім алушылардың басым көпшілігі – қазақтың ибалы да ұяң мінезді қыз балалары болғандықтан білім ордасында тәрбие мәселесіне баса көңіл аударылады. Оқу жылының басынан топ жетекшілерімен тәрбие жұмысының негізгі бағыттары білім алушылардың курс ерекшеліктеріне қарай бағыттары айқындалады.

1 курс бойынша білім алушылардың жеке тұлғасын және тұлғаның дамып, қалыптасуына әсер етуші негізгі фактор отбасын зерттеу, топта өзара жағымды қарым-қатынаспен қолайлы психологиялық климат қалыптастыру, этикалық-эстетикалық тәрбиесін қалыптасытыру.

2 курста өз бетінше білім алу мен өзін тәрбиелеу, қажеттілігін қалыптастыру.

3 курс бойынша кәсіптік іс-әрекетке деген қабілеті мен дайындығын қалыптастыру.

4 курс бойынша, диплом қорғауға дайындау. Отаналыдындағы жауапкершілігін сезінуге, еңбек ұжымында жұмысқа әрқашан дайындық пен біліктілікке тәрбиелеу.

Бүгінгі білім алушы – ертеңгі маман.

Болашақ мамандарды бәсекеге қабілетті интеллектуалды, ұшқыр ойлы, шығармашыл болып қалыптасуына бірден-бірат салысатын мәселенің бірі – тәрбие болғандықтан, әрбір ұстаз, топ жетекшілері, әр түрлі бағытта тәрбие беруді жоспарлайды.

Әрбір топ жетекшілері тәрбие жұмысын жоспарлауда білім алушыларды сабақтан тыс уақытта түрлі қоғамдық жұмыстарға тәрбиелік іс-шараларға қатыстырып, бос уақыттарын мазмұнды да қызықты өтуіне қамқорлық жасауды мақсат етеді.

– Сөз соңында «Ұлттық тәрбие» журналының оқырмандарына қандай тілек жолдайсыз?

– Ұлттық тәрбие журналының оқырманға жол тартуы уақытыснда қолға алынған игілікті жұмыстардың бірі болды. Бұл арада журналдың шығуына бастамашы болған Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Серік Жайлауұлының еңбегін атап өткеніміз жөн. Осы жұмысқа атсалысып республика көлемінде таралуына өз тарапымыздан қолдау көрсеткеніміз жөн деп білемін.

Ұлттық тәрбие – біздің кемел болашағымыздың кепілі. Сондықтан, жастарымыз ұлттық тәрбиеден сусындап, журналдарыңыздың оқырмандарының саны арта берсін!

Әңгімелескен: Құмар Жұмаханұлы



“Тәрбиелі – тәртіптің құлы, тәртіпті – елдің ұлы”

“Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды”

Бауыржан Момышұлы

«НЕГІЗГІ ЖӘНЕ БЕЙІНДІ МЕКТЕПТЕР ОҚУШЫЛАРЫНА
ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ» ЭЛЕКТИВТІ КУРСЫНЫҢ

бағдарламасы

Құрастырғандар:
*Бөлеев Қ.,
Бұзаубақова К.Ж.,
Елубаева М.С.,
Досмуханбетова К.*

Түсінік хат

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» жалпы білім беретін мектептерде «Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгертін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту» деп атап көрсеткендей, мектеп оқушыларының бойында рухани құндылықтарды қалыптастыру міндеті тұр.

Жаңа ғасырда тәрбиенің мақсат-міндеттері, мазмұны түбегейлі өзгеруде. Тәрбиенің басты мақсаты – әрбір тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамыту, оқушылардың бойында ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыру, олардың іскерлік, креативтік тәрізді құндылық сапаларын арттыру: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі жетілдіру.

«Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие беру» элективті курсының мақсаты – негізгі және бейінді мектептерде бәсекеге қабілетті білімді меңгерген, жоғары азаматтық және адамгершілік ұстанымы, отансүйгіштік сезімі мен әлеуметтік жауапкершілігі қалыптасқан **зияткер тұлғаны** тәрбиелеу үшін болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындау.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Негізгі және бейінді мектептер оқушыларын отансүйгіштікке тәрбиелеу және олардың азаматтық белсенділігін, әлеу-

меттік жауапкершілігін және әлеуетін ашу тетіктерін қалыптастыру үшін болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық және психологиялық-педагогикалық негіздерімен қаруландыру;

2. Болашақ мұғалімдерге негізгі және бейінді мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие берудің әдістемесін меңгерту.

Бағдарламаның мазмұны

Кіріспе. Курстың мақсаты, міндеттері мен құрылымы. Негізгі және бейінді мектептердегі ұлттық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттері, ұлттық тәрбие беруді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері.

1-тақырып. Негізгі және бейінді мектептердегі ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері

Қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» тәрбие жұмысы мен жастар саясаты бағытындағы жастардың бойында отансүйгіштікті, қазақстандық патриотизмді, рухани адамгершілік мәдениетті және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселелері.

«Қоғам-Адам-Мәдениет» жүйесіндегі ұлттық құндылықтар. Қоғамның индустриялық-инновациялық дамуындағы ұлттық тәрбиенің рөлі. Жаһандану кезеңіндегі «ұлттық тәрбие» ұғымының мәні.

Ұлттық тәрбие үрдісіне әсер ететін әлеуметтік ортаның ықпалы: микро, макро, мезофакторлар.

2-тақырып. Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық негіздері

Жаңа әлемдегі жеке тұлғаны қалыптастырудағы «ұлттық сана», «ұлттық намыс», «ұлттық мінез-құлық», «ұлттық дүниетаным» «ұлттық мәдениет», «зияткерлік тұлға» ұғымдарының мәні. Ұлттық дүниетанымды қалыптастыруындағы халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің маңызы. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудің мазмұндық сипаттамасы.

3-тақырып. Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие берудің мазмұны

Ұлттық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері, негізгі ұстанымдары. Негізгі және бейінді мектептер оқушыларымен жүргізілетін ұлттық тәрбиенің түрлері мен әдістері. «Атамекен», «Кәусар бұлақ», «Дәстүр», «Жігер», «Тағылым», «Мәдени мұра», «Мың бір бала» бағдарламаларының ұлттық тәрбие берудегі рөлі.

4-тақырып. Ұлттық тәрбие беруде инновациялық технологияларды пайдалану

Ұлттық тәрбие берудің инновациялық бағыттылығы, тәрбие берудің инновациялық парадигмасы. Әлемдік білім беру кеңістігінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы және ұлттық тәрбие берудегі инновациялық технологиялар: пікірталас, дөңгелек үстел, іскерлік ойындар, психологиялық-педагогикалық тренингтер, баспасөз конференциясы және т.б. Ұлттық тәрбие берудегі ойын технологиялары: «Алтын қақпа», «Мың бір мақал», «Жүзден жүйрік», «XXI ғасыр көшбасшысы», «Сиқырлы қазан», «Интеллектуалдық олимпиада» және т.б.

5-тақырып. Мемлекеттік жастар саясаты және ұлттық тәрбие

Негізгі және бейінді мектептерде оқушылар бойында белсенді азаматтық қасиеттерді, отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімдерді қалыптастыру. Қазақстан Республикасындағы қазіргі жастар қозғалысы мен қоғамдық ұйымдарындағы ұлттық тәрбиенің басым бағыттары. Балалардың қоғамдық бірлестіктерінде ұлттық тәрбие беру.

6-тақырып. Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беру негізінде оқушылар ұжымын қалыптастыру

Негізгі және бейінді мектептерде ұжымды қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің маңызы. Ұжымдық дәстүрлер. Ұжымдық іс-әрекет арқылы ұлттық тәрбие беру. Ұжымды қалыптастыру деңгейлері. Ұлттық тәрбие беру негізінде ұжымда интеллектуалды тұлға тәрбиелеу.

7-тақырып. Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің рөлі

Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің міндеттері және жұмысының мазмұны. Негізгі және бейінді мектептерде сынып жетекшісінің ұлттық тәрбиені ұйымдастыру қызметі. Сынып жетекшісінің ұлттық тәрбие беруде ата-аналармен атқаратын жұмыстарының мазмұны.

8-тақырып. Негізгі және бейінді мектеп оқушыларының ұлттық тәрбиелілігін диагностикалау әдістері

Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беруді диагностикалау жолдары: педагогикалық эксперимент, педагогикалық мониторинг. Негізгі және бейінді мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие беру критерийлері. Оқушылардың ұлттық тәрбиелілігін зерттеу әдістері: сұрақ-жауап, сауалнама, тест т.б.

**Кесте 1. «Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие беру»
элективті курсының тақырыптық үлгі жоспары**

№ р/с	Тақырыптардың аттары	Сағат саны	
		лекция	семинар, практ.
1.	Кіріспе. Курстың мақсаты, міндеттері мен құрылымы	1	1
2.	Негізгі және бейінді мектептердегі ұлттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері	2	2
3.	Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие берудің психологиялық-педагогикалық негіздері	1	1
4.	Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие берудің мазмұны	2	2
5.	Ұлттық тәрбие берудегі инновациялық технологияларды пайдалану	2	2
6.	Мемлекеттік жастар саясаты және ұлттық тәрбие	1	1
7.	Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беру негізінде оқушылар ұжымын қалыптастыру	2	2
8.	Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің рөлі	2	2
9.	Негізгі және бейінді мектеп оқушыларының ұлттық тәрбиелілігін диагностикалау әдістері	2	2
	Барлығы: 30 сағат	15	15

Семинар сабақтардың тақырыптары

- 12 жылдық білім беру жағдайында негізгі және бейінді мектептердің тәрбие үрдісінің ерекшеліктері.
- Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудің басым бағыттары.
- Әлемдік білім беру кеңістігінде ұлттық тәрбие берудегі инновациялық технологиялар.
- Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беру бағдарламалары.
- Жаңа әлемдегі ұлттық тұлғаның әлеуметтік ортадағы орны.
- Жаһандану дәуіріндегі халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәні.
- Негізгі және бейінді мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие беру құралдары.
- Ұлттық тәрбие беруде инновациялық технологияларды пайдалану.
- Үшінші мыңжылдықта қоғам және жастар саясатындағы ұлттық тәрбие мәселесі.
- Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беруде сынып жетекшісінің қызметі.

- Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беруді диагностикалау әдістері.
- Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудегі «МЕН» тұжырымдамасы.

Студенттердің оқытушымен өзіндік жұмыстарының тақырыптары

- 12 жылдық білім беру жағдайында оқушыларға ұлттық тәрбие берудің ерекшеліктері.
- Негізгі мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудің ерекшеліктері.
- Бейінді мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие берудің ерекшеліктері.
- Жаңа мыңжылдықтағы «Ұлттық сана», «ұлттық мінез-құлық», «ұлттық мәдениет», «ұлттық дүниетаным», «зияткерлік ұлт», «зияткерлік тұлға» ұғымдарының мәні.
- Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық сананы қалыптастырудағы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің маңызы.
- Жаһандану әлеміндегі негізгі және бейінді мектептерде зияткер тұлғаны қалыптастыру.
- Негізгі мектепте оқушылармен жүргізілетін ұлттық тәрбиенің мазмұны.
- Бейінді мектепте оқушылармен жүргізілетін ұлттық тәрбиенің мазмұны.
- Негізгі мектепте ұлттық тәрбие берудің әдістері.
- Бейінді мектепте ұлттық тәрбие берудің әдістері.
- Негізгі және бейінді мектептерде жеке тұлғаның бойында өзіндік ұлттық сананы қалыптастыру.
- Әлемдік білім кеңістігінде оқушыларды өзін-өзі жетілдіруде ұлттық тәрбиенің маңызы.
- Негізгі және бейінді мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие берудің құралдары.
- Негізгі және бейінді мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие берудің инновациялық технологиялары.
- Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беруде ойын технологиясын пайдаланудың маңызы.

СӨЖ тақырыптары

- Қазақстан Республикасында тез өзгермелі жаңа әлемде ұлттық тәрбие берудің мақсат, міндеттері.
- Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудің мазмұндық сипаттамасы.
- Негізгі және бейінді мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие беру бағдарламалары.
- Қазақстан Республикасында «Мәдени мұра» бағдарламасында ұлттық тәрбие берудің басым бағыттары.
- «Атамекен» бағдарламасы арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру.
- «Кәусар бұлақ» бағдарламасы арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру.
- Жаңа ғасырдағы заманауи ақпараттық құралдардың ұлттық тәрбие берудегі рөлі (интернет, теледидар, БАҚ, т.б.)
- Негізгі және бейінді мектептерде оқушылардың бойында ұлттық рухани-мәдени құндылықтарды қалыптастыру.
- Ақпараттық қоғам жағдайында ұлттық тәрбие берудің заманауи құралдары.
- Жаһандану жағдайында көпмәдени тұлғаны қалыптастырудың негізгі қағидалары, олардың ұлттық тәрбиедегі рөлі.
- Жаңа әлемдегі ұлттық тәрбие берудің инновациялық технологиялары, оларға сипаттама.
- Негізгі және бейінді мектептерде оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік қалыптасуындағы ұлттық тәрбиенің алатын орны.

13. Негізгі және бейінді мектептерде ұжымды қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің маңызы.

**«Негізгі және бейінді мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беру»
элективті курсы бойынша рефераттар тақырыптары**

1. Қоғамның индустриялық-инновациялық дамуындағы ұлттық тәрбиенің рөлі.
2. Тез өзгермелі қоғамдағы «ұлттық тәрбие» ұғымының мәні.
3. Негізгі және бейінді мектептердегі ұлттық тәрбие беруді ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері.
4. Жаһандану әлемінде тәрбие үрдісіне әсер ететін факторлар.
5. Жаңа әлемдегі зияткерлік тұлғаны қалыптастырудағы «ұлттық сана», «ұлттық мінез-құлық», «ұлттық мәдениет» ұғымдарының мәні.
6. Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие жүйесіндегі рухани-адамгершілік құндылықтардың рөлі.
7. Негізгі және бейінді мектептердегі ұлттық сананың қалыптасуындағы халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің маңызы.
8. Негізгі және бейінді мектептерде оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұлттық тәрбие берудің мазмұндық сипаттамасы.
9. Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбиенің ұстанымдары.
10. Негізгі мектеп оқушыларымен жүргізілетін ұлттық тәрбиенің түрлері мен әдістері.
11. Бейінді мектеп оқушыларымен жүргізілетін ұлттық тәрбиенің түрлері мен әдістері.
12. Ұлттық тәрбие беру бағдарламалары: «Атамекен», «Кәусар бұлақ», «Жігер», «Тағылым», «Мәдени мұра», «Мың бір бала» және т.б.
13. Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беру арқылы жеке тұлғаның өзіндік «Менін» қалыптастыру.
14. Ұлттық мұралар – ұлттық тәрбие берудің құралдары.
15. Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудің инновациялық бағыттылығы.
16. Қазақ ағартушы-педагогтарының оқушыларға ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері.
17. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы оқушыларға ұлттық тәрбие беру.
18. Қазіргі жастар қозғалысы мен қоғамдық ұйымдарындағы ұлттық тәрбиенің басым бағыттары.
19. Қазақстан Республикасында балалардың қоғамдық бірлестіктеріндегі ұлттық тәрбие.
20. Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие берудегі сынып жетекшісінің міндеттері және жұмысының мазмұны.
21. Негізгі және бейінді мектептерде сынып жетекшісінің ұлттық тәрбиені ұйымдастыру қызметі.
22. Негізгі және бейінді мектептерде сынып жетекшісінің ұлттық тәрбие беру арқылы оқушылар ұжымын қалыптастыру жолдары.
23. Негізгі және бейінді мектептерде сынып жетекшісінің ұлттық тәрбие беруде ата-аналармен атқаратын жұмыстарының мазмұны.
24. Негізгі және бейінді мектептерде ұлттық тәрбие беруді диагностикалау әдістері.
25. Негізгі және бейінді мектептерде оқушыларға ұлттық тәрбие беру критерийлері.

Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
2. «Интеллектуалды ұлт – 2020» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2009.
3. «Қазақстан – 2030» Стратегиялық даму бағдарламасы. – Алматы: ЮРИСТ, 2001.

4. «Қазақстан – 2020» Стратегиялық даму бағдарламасы. – Астана, 2010.
5. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2010 жыл.
6. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. /ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана, 28 қаңтар, 2011 жыл.
7. Бөлеев Қ. Қазақ халқының этнопедагогикасы. Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл, 1992.
8. Бөлеев Қ., Бөлеев Т.Қ. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл, 1994.
9. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Қызылорда, 1924. -105 б.
10. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. - 163 б.
11. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. – Алматы: Ғылым, 1984. - 159 б.
12. Адамбаев Б. Алтын сандық. – Алматы: Жазушы, 1989. -125 б.
13. Әлімбаев М. Халық – қапысыз тәрбиеші. – Алматы: Білім, 1977. -43 б.
14. Әлімбаев М. Халық – ғажап тәлімгер. – Алматы: Рауан, 1994. -144 б.
15. Әлімбаев М. Тәрбие туралы әңгімелер. – Алматы: Қазақстан, 1972. -69 б.
16. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. – Алматы: Қазақстан, 1967. -120 б.
17. Әлімбаев М. Мақал сөздің мәйегі. – Алматы: Жазушы, 1964. -130 б.
18. Сәрсенбаев Т. Ұлттық сана-сезім мен ұлттық қадір-қасиет. – Алматы: Наука, 1990. -122 б.
19. Нұрматов С. Ұлттық болмыс пен ұлттық сана. – Алматы: Ғылым, 1996.-131 б.
20. Ғабдуллин М. Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес. – Алматы: Мектеп, 1966. -123 б.
21. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980.-121 б.
22. Қалиев С., Жарықбаев Қ. Халық педагогикасының ауыз әдебиетіндегі көрінісі. – Алматы: Мектеп, 1987. -89 б.
23. Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. -552 б.
24. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998. -128 б.
25. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы. – Алматы: Білім, 1999 -153 б.
26. Ұзақбаева С. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. -232 б.
27. Наурызбай Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995.-192 б.
28. Озғанбай Ө. Халықтан асқан ұстаз жоқ. – Алматы, 1996. -161 б.
29. Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 1997. -141 б.
30. Табылдиев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. -200 б.
31. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. -320 б.
32. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 1998. -200 б.
33. Бұзаубақова К.Ж. Педагогикалық тренинг жеке тұлғаны дамыту құралы ретінде. – Алматы: Жазушы, 2006. -156 б.
34. Бұзаубақова К.Ж., Тәжібаева С.Ж. «Жаңа әлемнің жаңа мұғалімін даярлауда инновациялық технологияны пайдалану» тренингі. –Тараз: «Рысбаева және Ко», 2008. -100 б.
35. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1992. - 136 б.
36. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы I том. /Құрастырғандар Қ.Жарықбаев, С.Қалиев – Алматы: Рауан, 1994. -317 б.
37. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы II том. /Құрастырғандар Қ.Жарықбаев, С.Қалиев – Алматы: Рауан, 1998. -415 б.

38. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. – Алматы: РБК, 1994. -140 б.
39. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісіне пайдалану. – Алматы: Рауан, 1993. -63 б.
40. Бөлеев Қ., Бөлеев Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2000. -116 б.
41. Халық педагогикасы – бала тәрбиесінде. /Дайындағандар Қ.Бөлеев, А.Мейірманова, Р.Садуақасова – Жамбыл, 1992. - 81 б.
42. Асанов Ж. Тәлім-тәрбиенің ұлттық негіздері. Оқу бағдарламасы //Қазақстан мектебі, -№6. -1995.
43. Боданов Ж. Ұлттық тәлім-тәрбиенің кейбір мәселелері. – Жамбыл, 1994.-61 б.
44. Баржаксыұлы А. Мың бір мақал. – Алматы: Қазақстан, 1992. -96 б.
45. Әбжанов М. Қазақ халқының жұмбақтары. – Алматы: Мектеп, 1966. -93 б.
46. Қазақтың мақал-мәтелдері. /Құрастырған М.Аққозин. – Алматы: Қазақстан, 190. - 288 б.
47. Төрекұлов Н. Нақыл сөздердің тәрбиелік мәні.– Алматы: Мектеп, 1971. - 36 б.
48. Даналардан шыққан сөз: нақылдар жинағы. /Құрастырған Ұ.Асыллов – Алматы: Мектеп, 1987. - 162 б.
49. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі. – Алматы: Балауса, 1992. - 106 б.
50. Шаймерденова К. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын халық педагогикасы негізінде жүргізу жұмысының бағыт-бағдары. – Алматы: РБК, 1993. -31 б.
51. Оқушыларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеу. /Құрастырған Х.А.Өтешова – Алматы, 1991. - 24 б.
52. Омаров Б. Класс сағаты. – Алматы: Мектеп, 1965. -152 б.
53. Бөлеев Қ., Арзымбетова Ш. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2002 ж. 96 б.
54. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2008. 110 б.
55. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы және практикасы. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004. - 304 б.

ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Иманбаева С.Т. –

«Ұлттық педагогика және өзін-өзі тану»

кафедрасының меңгерушісі,

п.ғ.д., профессор,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы республиканың үздіксіз білім беру ұйымдарына ұсынылды. Аталған тұжырымдама республикадағы педагог ғалымдардың көп жылғы теориялық ізденістері мен тәжірибесінен туын- даған аса маңызды мемлекеттік құжат және үздіксіз білім беру мекемелерінде тәрбие жұмысын ұйымдастыруға негіз болып табылады. Тұжырымдама тұлға бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды (ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, жеке басының намыс сезімі, ой-пікірдегі тәуелсіздік, т.б.) қалыптастыруға бағытталады. Тұлғаның

бойындағы құндылықтардың қалыптасуы әлеуметтендіру, әлеуметтік біліктілік көрсеткіштерімен бірге, кез-келген ортада адамның еркін сезінуі деп бағалаймыз[1].

Қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың басты стратегиялық бағыты – интеллектуальды ұлт қалыптастыру. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Интеллектуалды ұлт –2020» идеясын ұсына отырып, «... Заманауи прогрестің мәнін білуіміз керек. Қазіргі шындық мынадай: бүгінгі мемлекет өзінің интеллектуалды ресурстарымен бәсекеге түседі. Елді адам капиталы арқылы бәсекеге қабілетті ету. Бәсекенің бастысы – білімнің бәсекесі. Бұл үшін біріншіден, білім жүйесінің инновациялық дамуына жол ашу керек, екіншіден, электронды қызмет көрсетуді жаңа заманға сәйкестендіру керек, – деп атап көрсетеді [2].

«Интеллектуалды ұлт – 2020» идеясының мақсаты – жаңа қазақстандықтарды тәрбиелеу. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде құндылық бағдарлы тәрбие жүйесі негізгі орын алады.

Тұжырымдамада жалпы құндылық ұғымын – жақсылық, әділеттілік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер тұрғысынан береді.

Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпыәлемдік құндылықтардың бірі – тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Әр адамның тағдыры әрқашан әлемдік дүниемен, адамдармен, ұжыммен байланысты. Сондықтан демократияландыру, адамның құқығы мен бостандығын сақтау жағдайларында ұжымдағы қарым-қатынас мәселелері бұл күнде ерекше маңызға ие болуда.

Жалпы тұлғаның бойындағы құндылық, адамгершілік құндылық бүгінгі қоғамның даму үрдісінде тұлғаға білім және тәрбие беруде негізгі орын алады. Құндылық тұлғаның бойындағы қасиеттердің жиынтығы. Мәдениет ұғымына фило-

софиялық тұрғыда берілген анықтамада “Мәдениет дегеніміз – тұлғаның бойындағы рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы” деп тұжырымдайды[3].

“Құндылық” ұғымы Қазақстандық, алыс және жақын шетел ғалымдары Алексева В.Г., Болдырев Н.И., Бондаревская Е.В., Здравомыслов А.Г., Кон И., Мудрик А.В., Наурызбай Ж., Николаев И.Г., Нұрғалиева Г.Қ., Петровский А.В., Подласый И.П., Стариков Л.П., Төлеубекова Р., Тугаринов В.П., Шепель В.М., Ядов В.А., Ясман Л., т.б. ғылыми зерттеулерінде негізгі орын алады. Ғалымдардың еңбектерінде негізгі құндылық – Отан, адам, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейрімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер, адамның өмір сүруіне деген материалдық жағдайдың болуы, еңбек, т.б. деп атап көрсетеді. Мәселен, В.П.Тугаринов тәрбиенің негізгі мазмұнында жалпыадамзаттық құндылықтар: «адам, отбасы, еңбек, білім, мәдениет, Отан, жер, бейбітшілік, – деп сегізге бөліп қарастырады.

Философ-ғалым Т.Ғабитов “Құндылықтар – қасиеттер. ... бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Қасиеттер адам бойына моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындайды[4]

Құндылық философияның негізгі категориялары бірі болып табылады. Құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығы өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының, басылымдықтарының саласы. Құндылықтар адам болмысының әр түрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Құндылықтар – өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас.

Тұжырымдамадағы қойылған негізгі мақсатын – Қазақстан Республикасында

балалар мен жастарға тәрбие беру міндеттерін шешудегі тәрбие үдерістеріне барлық субъектілердің іс-қимылдарын келістіру және сабақтастықты қамтамасыз етуді басшылыққа ала отырып, тәрбиенің негізгі қағидаларын балалар мен жас өспірімдердің және жастардың түрлі әлеуметтік топтармен өзара қарым-қатынасты реттеуінде жауапты шешім қабылдай алатын және өзіне жетекшілік рөл ала білетін, дербес жеке тұлға ретінде ашық ақпараттық, білікті, іскерлік және коммуникативтік әлеуметтік кеңістік құруды ұйымдастыру; жас ұрпақтың өзінің рухани-адамгершілік, интеллектуалдық, өмірі мен өз денсаулықтары мен аман-есендігі үшін әлеуметтік құзыреттілік пен жауапкершілігін көтеруді ұйымдастыруға жағдай жасау; тұлғаны толераттылық құндылықтар, келісімділік пен ұлтаралық қатынас мәдениеті негізінде тәрбиелеу; өмір бойы білімін арттыруына, кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі табысты көрсетуіне қажетті жағдай жасауды негізге алдық[2].

Осы уақытқа дейін қалыптасқан тәрбиенің түрлерін (жалпы тәрбиенің 33 түрі қалыптасқан) жинақтай отырып, тәрбиенің негізгі басым бағыттарын ұсынады: азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие; рухани-адамгершілік тәрбиесі, отбасы тәрбие; өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту қажеттілігін қалыптастыру; коммуникативті мәдениетті қалыптастыру; экологиялық тәрбие; эстетикалық тәрбие; дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру; еңбек және экономикалық тәрбие; кәсіби-шығармашылық тәрбие; интеллектуальді мәдениетті дамыту[2].

Тұжырымдамадағы азаматтық-патриоттық тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін зерттеу және игеруге негізделген азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, ұлт

аралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық, құқықтық мәдениетінің әлеуметтік мәртебесін көтеру әрі азаматтық патриоттық, құқықтық тәрбие бойынша ғылыми негізделген саясат жүргізу; білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс-тәсілдер мен оқу-тәрбие құрылымының өзара іс-әрекеттестік негізінде деңгейін көтеру мәселесіне сәйкес патриотизм ұғымына құндылық тұрғысынан қарайтын болсақ жалпыадазаттық құндылықтар жүйесіне педагогика ғылымында қалыптасқан жалпыадамзаттық патриотизм, Қазақстандық патриотизм, жатса, ал ұлттық құндылыққа ұлтжандылық, қазақ патриотизмі кіреді.

Патриотизм – жеке тұлғаның “табиғат-адам-қоғам” жүйесінде әлеуметтену үрдісін қамтамасыз ететін тұлғаның құнды сапалық қасиеті. Патриотизм – адамның мыңдаған жылдар бойы бекіген ең терең сезімдерінің бірі. Жалпы патриотизмді адамгершілік, саяси принцип және адалдық, мақтаныш, сүйіспеншілік, сезім тұрғысынан қарастырады. Патриоттық тәрбиенің философиялық астарына, даму үрдісіне үңілетін болсақ, түп тамыры Түркі қағанатынан бастау алатынын ауыз және жазба әдебиет үлгілеріне шолу жасағанда айқын аңғарамыз. Түркі жұртының ұлттық ерлік дәстүрі негізінде оқушы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру ерекше орын алады.

Расында да, көптеген ғылыми еңбектерді зерделейтін болсақ, патриотизмді қалыптастыруға себін тигізетін қасиетті белгілер: ұлттық сана-сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет - ғұрыптар, парыз, намыс, бірлік және міндет. Патриотизм сапа, сенім тұрғысынан негізделіп, сезім арқылы көрініс береді.

Әр адам ата-бабаларымыз негізін салып кеткен игі дәстүрлерді мақтан ете отырып, өз ұлтын терең сүю арқылы басқа ұлттарды

танып, құрметтеуге тиіс. “Ұлттық мақтаныш, – дейді Б.Момышұлы – ұлттық материалдық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерінің негізінде қалыптасатын әрі алдыңғы қатарлы ұлттық идеялар, ой-пікірлерімен байып отыратын, ұлт бостандығы және саяси әлеуметтік бостандық жолындағы күрестің тарихымен байланысты әлеуметтік психологиялық сезім болып саналады” [5, 28].

Ал ұлттық парыз – Отанға деген сүйіспеншілік, сыртқы жаулардан елін, жерін аман сақтап қалу, ата-баба дәстүріне өте сезімталдықпен қарау.

“Парыз – өзінің мағыналық аясына ақыл-ой, сезім, ерік-жігер, ар-ождан, абырой, әділдік, шындық, сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді қамтып, оларды адам өміріндегі қайшы құбылыстарға қарама-қарсы қоятын жоғары интеллектуалды ұғым.

Парыздан мықты күш жоқ,

Парыздан берік сауыт жоқ,

Парыздан нәзік сезім жоқ,

Парыздан қатал қазы жоқ”, – дей келе Халық батыры Бауыржан Момышұлы, парыз сезімін қиындықтан қайтпай, дұшпан алдында тайсалмай, Отан үшін ақтық демі біткенше қызмет етуге әзір болу сезімінен туады”, – деп қорытады [5, 29].

Сондықтан да, біздің алдымызда тұрған негізгі міндет – ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру. ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға – өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адам.

Ұлттық парыз, мақтаныш, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. “Ұлттық идея рухани құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді. Отаршылдық, тоталитарлықты басынан өткізген жалаң интернационализмнің зардабын шеккен этностар үшін ол отарлаушы құлдықтан, ұлтсызданудан арылудың рухани тірегі. Сол себепті де бүгін өткен тарихқа, дәстүрлікке, әлеуметтік тәжірибеге деген ынта өсіп, төлтума ұлттық ерекшеліктерге көз жеткізуге, нығайтуға күш салынуда. Ұлттық идея – ойдан шығарылған қиял емес, ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі” [5, 34].

ұлтсызданудан арылудың рухани тірегі. Сол себепті де бүгін өткен тарихқа, дәстүрлікке, әлеуметтік тәжірибеге деген ынта өсіп, төлтума ұлттық ерекшеліктерге көз жеткізуге, нығайтуға күш салынуда.

Ұлттық идея – ойдан шығарылған қиял емес, ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі” [5, 34].

Қазіргі таңда еліміз өзінің тәуелсіздігін алуымен әлемдік жаһандану үрдісінен орын алып отыр. Білім беру жүйесінің Болон декларациясына сәйкес әлемдік білім кеңістігіне кіруі, экономикалық өркені аймаққа мүше болуға ұмтылысы біздің алдымызға үлкен маңызды міндеттерді жүктейді. Тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік тұрғыда бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұр. Қазақстандық патриотизм әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады. Қазақстан Республикасы алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тартуы, сынақ алаңдарын жабуы бұл әлемдік бейбітшілікті сақтауға жасаған негізгі қадам болып табылады.

ХХІ ғасыр жаһандану үрдісі бүкіл әлем халықтарын біріктіру арқылы өркениеттілікті сақтап қалу барысында бар күш-жігерін жұмсап отырған тұста патриотизм ұғымы кең тұрғыда тек Отан емес, әлемдік тұрғыда қарастырылуды қазіргі қоғамдағы және әлемдегі даму үрдісі талап етеді.

Ұлттық парыз, мақтаныш, намыс, сезім, сана, рух, т.б. құндылықтар ұлттық идеяның негізгі көрінісі болып табылады. “Ұлттық идея рухани құндылықтарды жаңғыртуда үлкен дем береді. Отаршылдық, тоталитарлықты басынан өткізген жалаң интернационализмнің зардабын шеккен этностар үшін ол отарлаушы құлдықтан, ұлтсызданудан арылудың рухани тірегі. Сол себепті де бүгін өткен тарихқа, дәстүрлікке, әлеуметтік тәжірибеге деген ынта өсіп, төлтума ұлттық ерекшеліктерге көз жеткізуге, нығайтуға күш салынуда. Ұлттық идея – ойдан шығарылған қиял емес, ұлттық болмыстың, тарихтың көрінісі” [5, 34].

Ұлттық идея мен мемлекеттік идеология тұрғысынан Қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі өзегі ұлттық патриотизм болып табылады. «Философия ғылымында Идеология – қоғамдық идеялардың, теориялардың, көзқарастардың жиынтығы, олар әлеуметтік болмысты белгілі бір таптың мүддесі тұрғысынан бейнелейді және бағалайды, ол, әдетте осы таптардың идеялық өкілдері тарапынан жасалып, қазіргі қоғамдық қатынастарды не нығайта түсуге, не өзгертіп қайта құруға бағытталады», – дей келе, идеология ұлттық идеялар мен көзқарастардың жиынтығынан тұратынына тоқталады [3].

Қазір қоғамда идеологияға байланысты әртүрлі пікірлер, әртүрлі көзқарастар туындап отыр. Көп партиялы қоғамда әртүрлі көзқарастардың туындауы заңды құбылыс екені рас. Бірақ, барлық тұлғалардың көзқарастары мен ой-пікірлерінің негізгі тірегі Қазақстан Республикасының Конституциясы болғандықтан, барлығы бір мұратты ұстанады. Кейбір басылымдарда мемлекеттік идеология жоқ деген кереғар пікірлерді кездестіреміз. Идеология дегеніміз ол идеялардың жиынтығы. Ал идеяларды тудыратын халық. Халық бар жерде идея болады, соның нәтижесінде қоғамдық идеялар жиынтығы, мемлекеттік идеология туындайды.

Қоғамның әлеуметтік даму жағдайына байланысты Қазақстандық идея тұрғысынан қоғамда патриоттық құндылықты қалыптастыру факторлары: мемлекетіміздің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтау, еліміз бен жерімізді ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап отыру; ұлттың ұлт болып қалыптасуының негізгі белгісі ұлттық тіл, яғни, қазақ тілін ұлтаралық тілдер мәртебесіне жеткізу; мемлекеттік тіл ретінде дамып, қалыптасуын жетілдіру әр азаматтың міндеті болып табылуы қажет; мемлекеттік тіл, ресми және республикада тұратын басқа халықтардың тіліне деген құрмет; ұлттық тарихи және мәдени мұраларға деген сүйіспеншілік пен құрмет; ұлттық экономикалық даму

процесіне өз үлесін қосу; табиғатты қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру; әлемдік техникалық прогрестің алдыңғы қатарынан көріну, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес кәсіби мамандар қалыптастыруға жағдай жасау, т.б. қамтылады. Философиялық тұрғыда рухани құндылық, соның ішінде патриотизм рухани сұраныстарды қанағаттандыратын және тұлғаның рухани әлемін байытатын тұрғыда қарастырылады. Тұлғаның бойындағы руханилық критерийлер оның ой санасында да, іс-әрекетінде де жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесуі, қалыптасуы деп көрсетеді.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық дегеніміз – елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, ділін, салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейрімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту. Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтендіру үрдісіне сәйкес әлеуметтік құндылық ұғымы да негізгі орын алады. Әлеуметтік құндылық – ұрпақтан-ұрпаққа жинақталған тәжірибелер, өмір шындығы. Мұндай құндылықтар білім, мұрат, адамдар арасындағы қарым-қатынас және мінез-құлық нормалары, адамдардың өмірлік іс-әрекеті [6].

Жалпыадамзаттық құндылықтар халықтық дәстүрлерде, адамгершілік принциптерде, діни мәдениетте жақсы жазылған және әлеуметтік ойдың озық белгілері, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталған күйде, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді. Жалпыадамзаттық құндылықтар – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс.

Қазақстан Республикасы аталған құжаттардың басты идеяларын білім саласында

негізге алды. Мектептегі тәрбие жұмысын жалпы әлемдік құндылықтарға негіздей отырып, жаңа құндылықтар жасауға талпыныс жасау көзделуде. Оның мәні жас ұрпақты басқаларда бар нәрсені бағалай білуге үйрету, жалпыадамзаттық дамуға үлес қосуға, халықтардың күш-жігерімен жасалған құндылықтарды құрметтеуге және қорғай білуге тәрбиелеу.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды игеруде біріктіруші бастама – тәрбиенің маңызды құралы ретінде ана тіліне берілуі тиіс. Тіл арқылы кез келген халықтың даму дәрежесін, оның тарихын, мәдениетін түсінуге болады. Өз ұлтының тілін, музыкасын, әдет-ғұрпын, ауыз әдебиетін, мақал-мәтелдерін білмеу, ол өз халқынан, өскен ортасынан, ұлттық менталитетінен жұрдай болып, қол ұзу болып табылады. Өз халқымен рухани байланысы жоқ адам, тамырсыз өскен өсімдік, қуыс кеуде болып қалады. Ондай адамды космополит деп атайды. Өз халқының тілін, мәдениетін білмейтін адам өз халқының тарихын, әдет-ғұрпын мақтан ете алмайды. Тіл – ол тек ұлттардың қарым-қатынас құралы ғана емес, ол сонымен қатар оның бейнесі, мәні, дүниетанымының шегі. Әр жеке тұлға өз ұлтының рухымен сомдалуы тиіс. Ұлт менталитетінің бүгінгі заман талабына сай бейімделуі, оның жаңа қоғамдық қатынастарды қабылдауы қазақ философиясының терең зерттелуімен тікелей байланысты. Өйткені себебі, философиялық деңгейде бейнеленген құндылықтар ғана менталитет құрылымында мәңгілік сипатқа

ие болады және оның қазіргі ерекшеліктерін аңғаруға мүмкіндік жасайды. Менталитет ұрпақтан-ұрпаққа ұжымдық бейсаналық түрде беріліп отырады. Бүгінгі қазақ менталитетінде ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан құндылықтар мен архетиптер көп. Солардың бірі – сөз өнері. Сөз өнері, шешендік дәстүр, қазақ халқының дүниені, қоғамдық қатынастар адам арасындағы байланыстарды талдаудағы өнердің бір түрі. Ұлт менталитетінде даналықтың орны ерекше. Ол қазақ философиясы мен ұлт менталитетінің ара қатынасын жақындатып тұрған және екеуіне бірдей тиесілі рухани құндылық. Даналық категориясы арқылы қазақ философиясының астарын ашып қана қоймай, сонымен бірге ұлт менталитетінің даму ерекшеліктерін байқауға болады.

Құқықтық демократия құрып жатқан Қазақстан Республикасы үшін, оның ішінде құқықтық реформаның басты субъектісі болып отырған қазақ халқы үшін ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрлі құқықтық құндылықтардың ұлт менталитетінде алатын орны ерекше.

Құқықтық мәдениетті ұлт менталитетінің темірқазығына айналдыру дегеніміз – ұлттық сана-сезімнің құқықтық беріктігін күшейту, агрессиялық пиғылдағы ойлар мен іс-әрекеттерге заң жүзінде тойтарыс берудің рухани қамалын жасау. Халық болып Қазақстан Республикасы Конституциясын қорғау, оны бұлжытпай орындау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу тұлға бойындағы құндылықтың негізі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығы. Астана, 2009. 16 қараша.
2. Назарбаев Н.Ә. Бәсекенің басы – білім. /Айқын, № 2008 –Б - 1.
3. Философиялық сөздік. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 325 б.
4. Философия және мәдениеттану (құрастырушылар: Алтаев Ж., Қасабеков А., Ғабитов). Оқу құралы. – Алматы: Жетіжарғы, 1998. – 272 б.
5. Момышұлы Б. Соғыс психологиясы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 400 б.

6. Иманбаева С.Т. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі. Монография. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты, 2007. – 310 б.

Резюме.

В статье рассматриваются теоретические аспекты ценностные ориентации в воспитании.

Summary

The article deals with theoretical aspects of value orientatsii in education.

ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ІРГЕЛІ ҮЛЕСІ

Даутова С. Б. –

филология ғылымдарының докторы,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Әдебиеттану және тіл білімі

ФЗИ директоры

Қазақстандағы қазіргі әдебиеттану ғылымының дамуы саяси-әлеуметтік, тарихи-идеологиялық факторлармен анықталады. Олардың мәні негізгі екі үрдістен көрінеді: дамудың жалпы әлемдік үрдісі – жаһандану және 1991 жылғы еліміздің тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы.

Қазақ филология ғылымы соңғы онжылда ұлттық және жалпыадамзаттық дамудың маңызды да өзекті бағыттарын айқындай отырып, әлемдік арнада дамуда. Әлемнің шарықтап дамуының өркениеттік ерекшеліктері ұлттық құндылықтарды, ұлттық тілді, әдебиет пен мәдениетті сақтай отырып, әрбір ұлт дамуының мәселелерінің айтарлықтай белсенді күйге келетін барлық міндеттерін көрсетуде.

Іргелі ғылымдардың дамуы бүкіләлемдік сәйкес келетін бағыттарға жол ашады. Іргелі зерттеулердің нәтижелері – идеялар мен технологиялардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін нақты ресурс. Іргелі ғылыми ізденістердің жетістіктері, өз кезегінде, қолданбалы зерттеулер дамуының базасы болып табылады. Сөйтіп, өндіріс пен білім беруді жаңғырту, инновациялық

технологияларды ендіру, еңбекті ізгілендіру (интеллектуалды), қазіргі заманғы инфрақұрылымдарды іске қосу, еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің жетістіктері іргелі ғылымдардың дамуына негізделеді, оның қолданбалы зерттеулермен және жүйелер мен тетіктердің қалыптасуымен әрекеттесуі нақты өмірге ғылым жетістіктерін ендіруде көрініс береді.

«Сарапшылардың есебі бойынша, айтарлықтай жетістіктерге ие елдердің ұлттық байлығының жалпы көлемінің 15 пайызы – материалдық құндылықтарға, 15-20 пайызы – табиғат ресурстарына тиесілі болса, ал 65 пайызы – адам капиталы. Адамдар және олардың білімі мен біліктілігі дамудың стратегиялық базалық ресурсын қалыптастырады.

Дәл осы жағдай Жапония, Финляндия, Оңтүстік Корея, Сингапур, Бразилия сияқты тағы басқа бірқатар елдердің экономикалық дамуға көш басшы болуларына шешуші мәнге ие болды [1].

Осы тұрғыдан қарағанда әдебиеттанудың қағидаттық міндеті еліміздің басты байлығы – адамның ой-саналық, тәлім-тәрбиелік,

адамгершілік сапасын қалыптастыратын маңызды ресурс болып табылады. Қазіргі зерттеулерге өзектілігі мен жалпыадамзаттық мән-мазмұны бар рухани құндылықтарға сіңірілген әлемнің көркем бейнесінің көркемдік «өзгешелігін» ғылыми тұрғыдан пайымдау және әлемнің ұлттық бейнесін тіл мен әдебиет құралдары арқылы зерттеп-зерделеу тән.

Тіл – әдебиет – мәдениет – ой-сана феномендерінің өзара байланысы мен бір-біріне ықпалының мәселелерін зерттеп-зерделеудің өзектілігі күннен-күнге артуда. Әсіресе әлемнің концептуальдық және көркемдік бейнесінің бір-біріне қатысын зерттеу мәселесі ғылыми қызығушылық туғызуда. ХХІ ғасырдағы мәдени байланыста әдебиет өзін адамзат өркениетінің дамуында таусылмайтын гуманитарлық ресурс ретінде танылуда.

Классикалық әдебиеттің құндылықтары мынада: ол өткеннің рухани тәжірибесін сақтай отырып, көркем бейнеленген әлемнің айқын келбеті арқылы адамзаттың нақты құндылықтарын бойында сақтап, оны болашаққа тасмалдаушы болып табылады. Қазақ әдебиеті алдыңғы қатардағы классикалық дәстүр арнасында дамып келеді, ол ұлттық және жалпыадамзаттық дамудың өзекті бағыттарын бейнелейді. Танымал ғалам-филологтардың еңбектері оқырманның көркем әдебиеттегі әлем бейнесін, авториясының өзіндік ерекшелігін, суреттелген мәселенің өзектілігін танып-түсінуіне көмектесетін көпір болып табылады. Қазіргі ұлттық әдебиеттің және Қазақстан халқы әдебиетінің көркемдік деңгейі белгілі бір өлшеммен алғанда ғалым-әдебиеттанушылардың қамқор назарымен, олардың ұлттық және әлемдік үдеріске сыни көзқарасымен қалыптасқан.

Негізгі зерттеушілік жұмыс қазіргі таңда танымал ғалым әрі қоғам қайраткері У. Қалижан басқарып отырған М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты базасында жүргізілді. Бұл маңызды жұмыстан еліміздің жетекші ЖОО-

лары: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Л.Гумилев Атындағы ЕҰУ, Е.Букетов атындағы ҚарМУ және т.б. оқу орындарының ғалымдары да тысқары қалған жоқ. Іргелі ізденістердің басы-қасында қазақ әдебиеттану ғылымының бетке ұстар ғалымдары: С.Қирабаев, С.Қасқабасов, З.Қабдолов, З.Ахметов, Т.Кәкішев, Н.Ғабдуллин, Ш.Сәтпаева, А.Нұрқатов, М.Базарбаев, Ш.Елеуқенов, Р.Нұрғали, А.Сейдімбеков, Ә.Нарымбетов, Ж.Ысмағұлов, Р.Бердібай және тағы басқалары тұр.

Тәуелсіздік жылдары кезеңіндегі Қазақстан филология ғылымының дамуы іргелі зерттеулердің бірқатар нәтижелерімен сипатталады. Еліміздің егемендік мәртебе алуы қазақ тілі мен әдебиетінің, көп ұлтты еліміздің тілдері мен әдебиеттерінің, осыған сәйкес тіл білімі мен әдебиеттанудың ғылыми салаларының толысып-толығы, мазмұнының жаңғыруы, қызмет аясының кеңеюі және өзара байланысы үшін мақты негіздеме болды.

Гуманитарлық ғылымдар аясындағы ел егемендігінің басты жетістіктерінің бірі қазақ әдебиеті тұтастығының қалпына келуі, түп-тамырын табуы, ұлттық әдебиеттанушылық парадигма мен ұмыт қалған шығармашыл тұлғалардың шығармаларындағы көркем ойлардың қайта оралуы болды.

Бұл, бір жағынан қарағанда, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің репрессияға ұшыраған талантты ұлдары Шәкарім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаева, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Құдайберген Жұбанов шығармалары мен Мұхтар Әуезов, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты тағы басқалардың кейбір жарық көрмеген шығармаларының қайтадан ортамызға оралуы еді.

Енді бір жағынан алсақ, қазақ әдебиетінің даму тарихы мен көркем-эстетикалық мәнін айтарлықтай тұтас әрі шынайы танып-білуге бейімдейтін танымал жазушылар мен ғалымдардың бұрын тиым салынып

келген ғылыми еңбектері ғылыми айналысқа түсті. Бұл, өз кезегінде, сан ғасырлық қазақ тарихын, сондай-ақ ұлт елдігі идеясын пайымдауға көмектесті.

Отандық жетекші әдебиеттанушылар қазақ халқының тарихы мен рухани дүниесін танып-білудегі қайта оралған әдебиеттердің құнын жандүниесімен сезіне отырып, ақталған шығармашылық көркем және сыни мұраларды ғылыми пайымдау бойынша зор еңбек жасады. Олар тарапынан Алаш әдебиеттануын тұтастай алғанда және оның жеке тұлғалары Ж.Аймауытов, Ш.Құдабердиев, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Әуезов және т.б. шығармашылығы бойынша монографиялық еңбектер жазылып, жарық көрді.

Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы зерттеудің осы бағыты өзінің мәні бойынша жүйе қалыптастырушылық қызмет жасады және қазақ әдебиеті туралы алғашқы таным-түсініктік парадигманы кенейтіп қана қоймай, ең бастысы, кеңестік үкіметтен әлдеқайда бұрынғы әдебиет туралы отандық ғылымның қағидаттық өлшемдерін сипаттайтын қазақ әдебиеттануының дәстүрлері – ғылымилықты, тарихилықты, шынайылықты ашты. Бұл – ғылыми ортадағы қазақ әдебиеттануы Қазан төңкерісінен кейін ғана туды деген жалған тұжырымды теріске шығарды.

Қазақ әдебиеттануында зерттеудің басты нысандарының бірі – көптеген жанр арқылы көркем жүйе түрінде бізге жеткен, халық өмірінің жарқын көрінісі фольклор болып табылады. Кеңес уақытында фольклорлық мұраны зерттеп-зерделеу белгілі бір идеологиялық заңнамалар шеңберінде қарастырылатын. Бұл – кейбір жанрлар мен шығармалардың басылуына шектеу қойып, ауызша айтылған мәтіндерге өзгеріс жасатқызды.

Фольклорлық мұралардың тұтастығы мен оларды жүйелі түрде зерттеудің қажеттілігін пайымдау кеңес уақытында жасалған фольклорлық зерттеулерді ғылыми түрде қайта танып-түсінудің қажеттілігін көрсетті

және қазіргі қазақ фольклортануының қазақ фольклорын алғашқы түпнұсқаға сәйкес келтіруді мақсат ете отырып, жүйелі текстологиялық жұмыс жүргізу, көпжанрлық фольклорлық бай мұраны тарихи-типологиялық, тарихи-салыстырмалық ғылыми талдау әдісіне негіздей отырып, диахрондық аспектіде зерттеудің концептуальды мәселелері анықтады. Осы ретте қазақ фольклортануының жаңа қадамымен «Бабалар сөзі» деген 100 томдық қазақ фольклорының жинағы жарық көргенін ерекше мақтанышпен атап өтуге болады.

Ғалым-фольклортанушылар тарапынан тәуелсіздік жылдары халықтың рухани байлығы, ақыл-ойының жемісі және өмірлік таным-түсінігі болып саналатын фольклорлық мұралардың алғашқы басылымын қалпына келтіру бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Негізгі назарда халық ауыз әдебиеті үлгілерін тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық, жүйелі зертеу болды. Қазақ фольклортануында қазақ елдігі тарихының, халық тарихы мен руханиятының бай да құнды қайнар көзі ретінде эпостанудың мәселелері ерекше орын алады.

Фольклортанушылардың дәстүрлі әдістерімен қатар фольклорды зерттеудің жаңа ғылыми аспектілерін дайындауға қол жеткізілді: оқиғалық (сюжеттік) үлгілер мен жанрлық уәждемені (модификацияны) салыстырмалы-тарихи әдіспен зерттеу, фольклорлық мұралардың хронологиясы мен көп нұсқалық мәселесінің арақатынасы, қазақ фольклоры поэтикасындағы синтаксистік құрылым мәселелері, фольклорлық шығармаларды әдеби-эстетикалық контексте қарау.

Қазіргі фольклортанудағы зерттеудің жаңа үрдістері қазақ эпостарының 3 томдығында, айтыстың 3 томдығында, қазақ ертегілерінің 3 томдығында, қазақ фольклорын орыс, ағылшын тілдеріне аударып, басып шығаруда жүзеге асырылды. Солардың аясындағы ғылыми жетістіктер бірқатар диссертациялық жұмыстарда,

авторлардың монографияларында көрініс тапты, «Қазақ фольклоры тарихы», «Қазақ фольклоры типологиясы», «Қазақтың музыкалы фольклоры», «Қазақ тарихи әндерінің мәселелері» деген ұжымдық монографиялар жарық көрді. Мемлекеттік «Мәдени мұра бағдарламасының маңызды бөлігін құрайтын «Бабалар сөзінің» жүз томдығының дүниеге келуі қазақ халқының рухани байлығы – ата-бабаның көркем мұрасына деген ғылыми мақсат-мүдденің ауқымы мен жаңашылдығын көрсетеді. Баламасы жоқ осы басылымның әрбір томы жарияланған мәтін және олардың нұсқалары (вариантары), шығарманың текстологиялық талдануы, сөз қолданыс үлгілеріне тарихи-фольклорлық талдау, айтушылар мен жинаушылар жөнінде мәлімет, көнетүркі, парсы, араб сөздері, терминдері және атаулары сөздігі туралы ақпараттардан тұрады. «Бабалар сөзі» осындай жинақ жасаудағы алғашқы қадам екенін ескере отырып, оның маңыздылығын атап өткен жөн.

Ел егемендігінің жетістіктері конституциялық құрылымның базалық жүйесі ретінде әдебиеттің генетикалық тамырын қарастыру аспектісінде қазақ әдебиеті тарихын, және оның көнетүркі дәуіріндегі көркем оймен өзара сабақтастығын, және әлем тілдері мен әдебиеттерінің өзара ықпалдастығы парадигмасындағы мәдениеттердің байланысын концептуальді түрде қайта қарауға нақтылы себеп болды. Әдебиетке деген қазіргі көзқарастың басты уәждерінің бірі – оның көркем және ғылыми-сыншылық байлығын пайдалана отырып, әлемдік дамудың өркениеттік үдерісі парадигмасында сан ғасырлық көркем шығармашылықтың рухани-эстетикалық байланысының генетикалық шартталуын ғылыми тұрғыдан пайымдау болды. Олар еліміздің егемендік алуымен бірге халықтың рухани байлығы, ел мен қоғам дамуының маңызды әлеуметтік-гуманитарлық ресурсы ретінде оралған болатын. Тәуелсіз еліміздің әдебиеттануының маңызды міндеті дәстүрлі

иеологиялық ұстанымға айналған тәсілден шығып, әдеби шығармаларды, ұлттық әдебиеттегі көркем-эстетикалық өзгешілікті, өзіндік ерекшелікті, солардың жиынтығы мен тұтастығын ғылыми түрде пайымдауға ауысу болып табылады.

Ғылыми ізденістің өзекті мақсаты мен міндеттері зерттеудің – шынайылық, тарихилық, жүйелілік, тұжырымдамалық сияқты басым қағидаларын айқындады. Солардың арқасында тарихи байланыс пен сабақтастықтың генетикалық шарттастығын ескере отырып, Қазақстан әдебиетін теренрек зерттеуге мүмкіндік туды.

Қайта пайымдау әдебиеттанудың: фольклортану, қазақ әдебиеті тарихы мен теориясы, компаративистика сияқты барлық салаларын қамтыды.

Қазақ әдебиеті тарихын кең ауқымда (панорамалық) зерттеу қазіргі ғалымдардың іргелі үлесі болып табылады және ол әдебиеттанушылық, әлеуметтік-гуманитарлық және жалпы мәдениеттанушылық аспектіде ғылыми жаңа бағыт-бағдар екенін көрсетті. Қазақ әдебиетінің даму тарихының қазіргі көркем-тарихи және эстетикалық-дүниетанымдық көрінісі қазақтың ұлы ақыны Абайдың көркем мұрасының қағидалық мәнінің шырқау биіктегі – ұлттық әдебиет дамуы парадигмасындағы «алтын кезеңнің» нүктесін, қазақ әдебиетінің үш үлкен кезеңі: Абайға дейінгі әдебиет, Абай кезіндегі әдебиет, Абайдан кейінгі әдебиет туралы тезистің әдіснамалық және тұжырымдамалық негіздемесін алға шығарды. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ерекше феномені Абай шығармашылығын танып-білу филологияның арнайы саласы – «абайтану» болып қалыптасып, қазіргі әдебиеттанудың ең қажетті және өзекті бағыттарының бірі ретінде өркендеуде. Бұл – Абайдың жаңашылдық тұлғасының жалпыадамзаттық руханият пен мәдениет базисінде жарқын көрініс табуымен сипатталады. Абай поэзиясы жоғары әлеуетті әлеуметтік-адамзаттық ресурсты алға

тартады. Абайдың рухани мұралары арқылы қазақ әдебиеті әлемдік қазіргі руханияттың жоғары идеалдарын жасау үшін әлемнің сан алуан мәдениетімен мәдени байланысқа түсе алады.

Қазіргі әдебиеттанудың талдау мен пайымдауында көркем-эстетикалық ізденістерді зерттеп-зерделеуге, поэтикалық шығармалардың жанрлық, стильдік және оқиғалық (сюжеттік) тасмалдану мәселелеріне, әдеби шығармашылық іс-әрекет психологиясына, өмір шындығын көркем бейнелеудегі автордың өзіндік амал-тәсілін зерттеуге ерекше мән берілуде. Зерттеулерде проза, поэзия, драма жанрларының барлық қыры қамтылған және ғылыми талдауларда жүйелеу, сипаттау, топтау, тарихи-салыстырмалы, салғастырмалы және т.б. әдістер кеңінен қолданылған.

Сонымен, әлемдік дамудың үрдісі, егемендіктің тарихи мән-мазмұны Қазақстанның қазіргі әдебиеттануының мақсаты мен міндеттерін айқындай отырып, әдебиет туралы ғылым дамуының тұжырымдамалық іргелі бағыттарын анықтауда негіздеме

болды. Тіл мен әдебиеттің өзегі болған рухани қазыналар, ұлттық ерекшеліктер ұлттық мүддені қорғауда және белгілі бір гуманитарлық мәдениетті қалыптастыру үшін платформа жасауда маңызды ресурсқа айналды, олар «адам ресурсын» дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Ал бұл болса, еліміздің әлемдік кеңестікке тең дәрежедегі серіктес ретінде енуіне жағдай жасайды. Гуманитарлық таным парадигмасында әдебиеттану – «адамтанудың» базалық компоненті болып табылады. Ол мәдениеттердің араласуын танып-білуге мүмкіндік береді: «ана тілі» түсінігі – анадан берілген тіл мен төл әдебиет ұлттық рухани құндылықтарды сезіну арқылы адамға жалпыадамзаттық мәдениетті игеруге жол ашады.

Қорыта айтқанда тәуелсіздік жылдарындағы әдебиеттану ғылымының жетістіктері іргелі теориялық және қолданбалық сипаттағы инновациялық ірі үлес екенін көрсетеді және қазіргі жаһандану әлеміндегі Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына ресурс болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.А. Инновационная индустрия науки и знаний – стратегический ресурс Казахстана в XXI веке. Лекция в «Назарбаев университетте». – Астана, 7 декабря 2010 г.

Резюме

В статье рассматриваются фундаментальные направления филологической науки в контексте независимости РК. Изучены обладающие научной новизной и актуальностью литературоведческие и лингвистические новации.

Summary

The article deals with the fundamental direction of philological science in the context of the independence of the RK. Have studied the scientific novelty and relevance of literary and linguistic innovations.

ҮЙ БОЛУДА, ҮЙЛЕСТІККЕ ҮЙРЕНУ ДЕ ҚИЫН (Гендерлік аспект)

Молдабеков Ж.Ж. –

философия ғылымдарының докторы,

ал-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің профессоры,

Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың жүлдегері

Жеке басыңа ие болмай, сүйсінеріңе сүйенбей, жарастық пен жетістікке қуанбай, жамандық пен жарамсыздықтан жиренбей адамға лайық өсіп-өну, жанұяның іргесін ілгерілету – тиянақты, тартымды, тұрақты болмайтыны хақ. Үй болу үлгіден, ұлағаттылықтан, үйлестіктен, ұмтылыстан, үйрену және үйрету өнерінен құралады. Бұл талаптар үлкен мен кішіге, еркек пен әйелге, басшы мен қосшыға бірдей қатысты. Бәрі де өмірлік тәжірибе мен тәрбиеден туындайтын тіршілік пен өсіп-өну тәсілдері, түрлі амалды әрекеттердің жүйелі жалғасы.

Үй болу – үлкендік пен үйлестіктің, ержету мен есеудің айғағы, өзара түсіністік пен сыйластықтың аймағы, жарасымды жетістік пен өзіндік сенімнің жаймашуағы. Үй болу – адамзаттық құндылықтарға тұрақтау, өзіншіл қыңырлықты құрықтау, қабілет-қасиетті ынтымаққа ырықтау. Үй болу – жасампаздыққа негізделген әке мен шешенің жаңа міндеттері, екі жақтың өзіндік тынысы мен жарасты тіршілігіне лайықты үйлестік. Үй болу – ошақ басындағы әкешеше-баланың үндестігі, отбасындағы үлкен мен кішінің үйлестігі, жанұядағы оттықтың жалындауы, ешқашан өшпеуі.

Үйдегі ықыластықтың ырқында ғана қандастар отандасады, тағдырын түйістіреді; үндестік пен ұлағаттылық тамыр жаяды, отағасы жанұяға жапсарлас адамгершілік жәнеотанғалайықтұлғалықырқынсаяды.Бұл белестер өсер жасқа тікелей қатысты асулар. Атам заманнан отбасының салмағын ерлер көтерді, отағасы міндеті ерлерге жүктелді. Отбасының сәні мен берекесін әйелдер, ақ жаулықты аналар өрнектеді. Отбасының сәнін, өзінің аналық мәнін ұластыру үшін қыз бала сансыз мінез-қылықты саралау,

сараптау, салауаттандыру керек еді. Содан халықта «қызға қырық үйден тыйым» деген ұлағатты сөз қалған. Тәрбиедегі тыйым жамандықтан жиренуді, дөрекілікке ұрынбауды ғана көздемейді. Сондай-ақ жақсылыққа үйренуді, жағымдылықты жалғастыруды, жүйені жақсартуды көздейді. Адамгершіліктің арқауын ширату өнеріне ағайын-туысқандар, ауыл-аймақ болып үйреткен. Есті ел елеулі жастарын, қылықты қыздарын тәрбиелеуге ерекше ыстық-ықыласпен араласқан. Жарасты ортада өздері нәзік болса да, өсімтал, әдепті, сәнді, өжетті қыздар тәрбиеленді, қатарға қосылды, әр үйдің сәнін келтірді, бір ел-жұрттың ажарын ашты.

Ұлағатты әлеумет қыз баланың бойына *адами, азаматтық және аналық* қасиеттерді баулуға үлкен мән берді. Көшпелі дәстүр, қазақи рәсім-салттар адами-аналық қасиеттер мен құндылықтарды жоғары қойған, құрмет тұтқан. Аналық қасиетке ерте және үнемі тәрбиеленген.

Дәстүрлі қоғамда әйел *аналық* парызға баса көңіл аударды, *отбасылық құндылыққа* өмірбойы аянбай қызмет етті. Аналық сезім әйелдік борышты, жақынға деген сүйіспеншілікті этикалық нормаға айналдырды. Аналық сезім отбасы құндылықтарын жоғары қойды, отбасын қандастардың ұясы, ал мүшелерін үлкен әулеттің құрамдас бөлігі ретінде қабылдады. Өз балаларын тума-туыстарға жақын тәрбиелеуге күш салды. Содан адамгершілігі мол ұрпақтар өсіп өнді, *аналық адамгершіліктің өлшемі әрі өрісі* деген түсінік қалыптасты.

Әйел отбасында сезімтал сергектікті, сүйкімді сүйіспеншілікті, сәнқой әуестену-

шілікті өзіндік сиқырлы қабілет-қасиеті ретінде қалыптастырады, сондай тұлғалық ерекшеліктерді иемденеді. Отбасындағы сезімтал қасиет пен серпінді мінез-құлық әйелдік бейненің қайталанбас құрамына және құралына айналды. Ол отау иесінің атқаратын қызметіне араласа бермеді. Еңбектің біржақты бөлінген осындай салттары ғасырлар бойы құпиялы жалғасын тапты, тіршілік пен күнкөрістің түріне айналды.

Ендігі өркениетті дәуір түрлі өзгерістерді енгізуде, байырғы дәстүр-салтты сараптан қайта өткізуде, тың талаптарды күн тәртібіне қоюда. Қажетті өзгерістерге басалқы түрткі болушы – әйелдердің отбасы мен отандас қауымдастықтағы беделі мен белсенділігі. *Әйелдің беделі, белсенділігі, берері – өркениеттіліктің көрсеткіші*, тіпті өлшемі. Белсенді әйел отбасының қамқорлығын отандық мүддемен, тіпті мемлекеттік құрылыммен ұштастырды. Беделді әйел ортақ идеяны – тың тәсілге, қалыптасақан тәсілді амалды жеке тәжірибеден асқан жаңалыққа айналдырды. Әрекеттегі әйел өз бойында индивидуалдық және әлеуметтік белсенділікті тоғыстырды. қос бастаманың ықпалын арттырды, кең өлкеге таратты. Әйел болмысындағы жаңа ауқымды ықпалдастық мына факторлардан – әйелдің *әлеуметтік-экономикалық жағдайдан, ұлттық мүддені қорғау мүмкіндіктерінен, демократиялық дәстүрді игеруден, саяси және өзіндік сана-сезімнің жетілу дәрежесінен* таусылмас нәр алды.

Әлемдегі, қоғамдағы, өңірлік саладағы, отбасындағы әйелге қатысты күрделі де қисынды мәселелер кеңінен талқылануда. Енді соның біреуінің тоқтам-түйіндеріне сүйене ойымызды өрбітелік (1).

Әлемдік өмірдің көп арнасы мен саласын «әйелдік келбет пен қасиет» алып келеді. Социологтардың бұл тұжырымында негіз бар. Қазірде әлеуметтік жұмыс күшінің үштен бірін, ал еңбек резервінің тең жартысын әйелдер құрайды. Әйелдердің белсенділігі қоғамдық өмірдің барлық

саласында қарқындауда. Сапалы қарқын жеңіл-желпі болып немесе қалай болса солай өтіп жатқан құбылыстар емес. Сапалы бетбұрыстардан салиқалы түсінік пен көзқарастар қалыптасуда. Салиқалы түсініктер мен сапалы әрекеттер аясында: осы не өзгеруде, қандай қабілеттер түрленуде, қандай мүддеге қол жеткізудеміз, қандай құндылықтардан кенже қалудамыз, алдағы мақсат-межелер қандай? деген сауалдардан қоғамдық сана қайта жаңғырып құралуда. Себебі, шешімі шексіз сауалдардан бір тоқтам талдау күрделі құбылысқа айналуда.

Әйелдер дүниесін индивидуалдық және тарихи тұрғыдан сараптасақ, онда үш бірдей бағдарлама: *«Әйел-отбасы-бала», «Әйел-қоғам-мемлекет», «Әйел-тәрбие-ел басқару»* жүйесі көңіл мен көзге қабаттаса ұялайды. Бірінші жүйенің табиғаты мен тарихы тереңде, түпсіз. Екінші жүйенің тарихы таңдаулы, әлеуметтік қуаты қарқынды, болашақ арнасы таусылмас, таптаурынды. Үшінші арнаға жүйелілік пен тиімділік жетіспеуде. Әйелдер әлемін социологтар, саясаттанушылар, философ-мәдениеттанушылар, психолог-педагогтар, тіпті ғылым, өнер, дін салалары қатар, бірақ шашыранды түрде зерттеуде, өздерінше ойжарыстыруда.

Ойжарыс негізсіз емес. Әйелдің отбасындағы, яғни зайыбымен ұстамды, бала тәрбиесінде үлгілі, үй сәнін үйлестікте ұстау өнері мүлтіксіз жетіліп отырса, онда жанұя берекелі де мерекелі болмақ. «Әке-шеше болу – қатал сынақ» (Фариза Оңғарсынова). Әкесі, шешесі бар үйдің шаңырақтары биік, көрікті, ал бала-шағалары ерікті, есті, қажырлы, берік келеді. Еркіндігін сезінген әйелдің өнімді еңбек пен өндіріске араласуы әрқилы, алуан сыйға бөленуде. Қоғамдық жұмысқа араласқан әйелдер өзінің әлеуметтік рөлі мен мәртебесін көтерді, өндіргіш күш ретінде кәсіби дайындығы мен тәжірибесін жетілдірді. Қоғамдық қатынасқа араласқан сайын *әйелдің әлеуметтік мәртебесі, рөлі және кәсіби қызметі* біртіндеп, кезең-кезеңде қатар өрбіді, әр салада ала-құла ұласты.

Әйелдің отбасындағы қызметі оның жан дүниесі мен бейнесін қалыптастыруға үлкен ықпал етсе, ал қоғамдық жұмыста ол әлеуметтік беделі мен белсенділігін арттырды. Тағдыр таразысын тең ұстаған өз өмірінің көлеңкелі жақтарын көрсетпеуге, өзгенің кемшіліктеріне кешіріммен қарауға ұмтылады. Осыдан тарихтың қай сатысында *адами бедел әйелдік бейнеге қызмет етті*, оның жаңа бейнесін жасады, деген әсерлі ой көңілді үйіреді. Ал әйелдің бейнесі мен беделі әлеуметтік белсенділіктің түріне айналған сайын, белсенді әйелдер азаматтық қоғамның іргесін қаластырды, халықтық тәрбиенің тасымалдаушысы болып, оның ықпалын кеңейтті. Әйел арқылы ұлттық тәрбие азаматтық қоғамның мұқалмас құралына айналуда.

Бұдан туындайтын тоқтам-түйін: 1) әйелдердің қоғамдағы саяси таңдау спектрі алуан түрде қарқындауда; 2) әйелдің адам ресурсымен капиталын дұрыс пайдаланудағы әлеуметтік тәжірибесі өз сарынын анықтауда; 3) әйелдердің өнер мен ғылымдағы, білім мен ағартушылық саласындағы гендерлік теңсіздікті жою қарқыны жер-жерде көзге түсуде; 4) әйелдердің белсенді, инициативті қоғамдық қозғалыстары кең өріс алуда; 5) әйелдердің әлемдік мәдени-туристік қарым-қатынасқа араласуы, өзіндік үлес қосуы кең ауқымда өрбиде; 6) әйелдердің қоғамдық реформа мен даму бағдарына қатысты өзіндік өмірлік көзқарастары жаңа сапалық деңгейге көтерілуде. Тәрбие өнерінің бұл түрлері қазақ болмысындағы демеулі де дәмелі дәстүрді әрқалай жаңғыртуда.

Өркениетті әлемде *кәсіби қызметке* деген талпыныс басымдық ете бастады. Социологтардың пайымдауынша, кәсіби қызметте *аналық қуаниты қоғамдық қызметпен толықтыруға* деген ұмтылыс артты. Кәсіби қызметтегі жұмыста әйел өз қабілетін растауы, жаңа әлеуметтік рөлін бекітуі қажет болды. Әлеуметтік қозғалыста әйел өзінің жеке басының қабілет-қасиеттерін еркіндік пен тепе-теңдікке жол, ал қауымдасуды - индивидуальді бастауға

негіз деп түсінушілік тереңдеуде. Кәсіби қызметті таңдаған әйелге отбасы мен өндірістегі міндеттер қатар салмақ түсірді, оның өзіне деген жауапкершілік күшейді.

Өзара ынтымақ үшін әркімнің өзі-өзі жетілдіруі, өз үлгісін көрсетуі, сондай тұрақты талпыныста өзара сыйластықта болуы – қарым-қатынастың жоғарғы деңгейі мен өлшеміне тұрарлық. Өлшемді деңгей дет отырғанымыз *өмірлік тәжірибе, өзара түсіністік пен өнегелі сыйластық*. Олардың жаңа мүмкіндікті ашуға, жаңа қабілет-қасиеттің құнын арттыруға әлеуеті артық. Мұндай деңгейге жастар – ер бала мен қыз бала қанша жасында, қандай жағдайда жете алады? Әркімнің басын қатыратын көп сырлы, белесі алуан күрделі мәселелер. Жастар жұмысқа орналасу үшін немесе ондағы қызмет мансабын арттыру үшін *көңілді, уақытты, қабілетті* анағұрлым жұмсауы – заңдылық. Осы заңдылыққа дер кезінде, дұрыс бейімделу – жаңа ортадағы табыс көзі, тыныштықтың өзі.

Тақталаспай, бақталаспай, әділдікпен санасқан, текті салтпен жарасқан әйелдер мәселенің тұтқасын ұстап қана қоймай, беделді билікке ие болды. Басты билікті базбір әйелдер қауымы жоғары білім алып, жұмыста карьера жасау, өзінің өндірістік және басқару қабілетін жетілдіру деп ұқты. Осы ұстанымды басты талапқа айналдырды. Енді басқалары отбасының шаңырағын көтеруді, оның базарын қызықтауды – өз өмірінің жоғары құндылығы деп қабылдады. Қос бастау арнасын қатар жалғастыруда, бірақ баламалы таңдау, соны үйрену қиындауда.

Сонымен отбасындағы кеңістік пен құндылықты, уақыт пен жағдайды, белсенділік пен байланысты өзара ұштастыра пайдалану – үлкен, іргелі жетістікке жол ашу. Іргелі жетістікте – екі жақтама жеңіс нышаны білінеді. Жеке бастың жетістігін әркім өзінше қуанып қабылдайды, ал қауымдастық табысты қанағаттана бірге бағалайды. Шынайы өзінше қуану да, қуанышты бірге бөлісуде тиімді амал-әрекетті қолдайды,

шынайы ниетті оңдайды. Отбасында озық бастамалар ерлі-зайыптың өзіндік дамуына мүмкіндік ашатын болса, онда ол нағыз үйлестіктің айғағы. Үйлестікке әркім ұмтылады. Тек біреулер жеке басының таңдауы мен табысының үйлестігінен қанағат табады. Басқалары үшін үйлестік – әкелік және аналық міндеттерді қатар алып жүру, табысу жолдарын жетілдіру. Алғашқылар өтімді өмірлік мәнге жеке жолмен жеткенді қалайды, ал екінші топтар болашақтың дидары ынтымақта айқындалады деп санайды. Тек соқыр сенім күш алмаса болғаны. Бүгінгі таңда жеке инициатива мен ынтымақ өз жарастығын таба алмаушылық жиілеуде.

Жаңа тұрмыстық ахуалда еркек пен әйелдің байырғы отбасы рөлдері түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Жаңа қажеттіліктен туындаған міндеттерді дұрыс ұқпағанда немесе дер кезінде орындамағанда отбасында түрлі кикілжіңдер пайда болады. Қажеттілік пен құндылық туралы еркек пен әйелдің отбасындағы түсініктері бұрынғыдай біржақты бағыт пен деңгейде үйлесе бермегенде тыныштық кетеді, наразылық туындайды, келіспеушілік жиілейді. Келіспеушілік көзі – әркімнің өз рөлін жоғары тұтуында немесе өз рөлінде шектеп қалуында.

Нервті жүдететін кикілжіңдер адам арасындағы қатынасты суытты, жаттықты үдетті, жауапкершілік сезімді әлсіретті. Келісімі жараспаған елде тіртектеп жинақталынған өмірлік тәжірибелер қоғамдық сұранысты да, әйелдердің өз талпынысын да бірдей қанағаттандыра бермейді. Қанағатсыздық бірде көне әдет-ғұрыптан бірден арылмақ ниеттен, бірде жаңа қарым-қатынасты жүйесіз игеруден туындауда.

Оның салдары әрқалай, орны толмас күйінішке ұшыратуда, Мысалға жүгінелік: елімізде жасы 25-тен асқан бойдақтар саны – 3 миллионан асып түседі. Оның 28,2 % – нәзік жандылар, 39,6% – ер азаматтар екен. 21-29 жастардың арасындағы немесе жас

отбасылардың 85% үй-күйсіздікте жүр (2). Оның үстіне, жастарымыздың денсаулығы күрт нашарлауда, тәртіп бұзуы да жиілеуде. Мұндай жадағайлық пен жаттықтың салдарын қалай қабылдаймыз, бағалап жүрміз. Сыздауыққа қайта оралмақпыз. Себебі: 1) тұрмыс құрмаған, «отырып қалған» қыз-келіншектер саны өсуде; 2) жарастығын таппаған отбасы саны да үдемесе, азаймауда; 3) ұрпақтың өсіп-өнуі кемуде; 4) кейбір аймақтарда гендерлік сабақтастықтың тіпті үзіліп қалғаны байқалады; 5) әйелдерге жасалынатын қысымдарда жиілеуде; 6) балалы әйелдер арасында өлім-жітік жиі байқалуда.

Бұл теріс көрсеткіштер, біржағы, әлеуметтік-демографиялық ахуалдың жағымсыз жақтарын аңғартады, біржағы, әлеуметтік дерттің айғағына ұқсайды. Әлеуметтік дерттің созбалы түрлері не әкесі, не шешесі жоқ үйде тұйықталады. Статистика агенттігінің соңғы халық санағынан кейінгі шығарған қорытынды деректеріне жүгінсек, елімізде 452730 отбасында 719248 бала әкесіз өсіп келеді екен. Бұлардың арасында әкесінен оның қазасына байланысты айырылған, яғни әкесінің бейнесін сағына сүйіп жүрген балаларда барғой дейміз. Әкесіз баланың көңіл-күйі жарымжан болатыны хақ, отау иесі жоқ үйдің олқы жақтары көзге ұрып тұратыны да шындық. Елімізде тағы да 68256 жалғызбасты әкенің бар екендігі, олардың бауырында 121939 бала өсіп келе жатқандығы туралы ресми дерек бар. Денені түршіктіретін жай – әкенің, не шешенің жалғызбастылығында. Үйде баланы жалғыз тәрбиелеу – қиынның қиыны. Жалғызбасты бір үйде бала әке-шешенің бауыр еті болмай жүргенін көріп жүрміз. Енді бір үйде, керісінше, бала отбасының қамқоршысы, арқа сүйері, өнеге тұтар ұл-қызы болып жүргенін көргенде, жүрегің жылиды.

Сонда «сенің әкең қандай?» деген сұраққа кезкелген бала шешіліп, арқын-жарқын ашыла жауап бермейтін қысылтаяң кезге ұшырайсың. Үйлесті үйдегі әке мен шешенің бейнесін сомдайтын көрмелердің,

олардың мәртебесін асқақтайтын ән-күйдің ұйымдастырылуы қажет-ақ. Өнегелі әке мен шешені елге таныту, оларды көпке үлгі ету – тәрбие жұмысының талабы. Елбасының «Мерейлі отбасы» атағын беру туралы жариясы – отбасы мәртебесін көтеретін, балалар тәрбиесін бәрінен жоғары қоятын әке мен шеше қатарын көбейтетін жұмысқа демеулік (3).

Не керек, контраст жиілеуде. Өкініштісі, жан қинайтын келеңсіздік, аяқтан тартатын кемшіліктер, адамның да, қоғамның да дамуына кедергі болатын қайшылықтар белес алууда. Осы келеңсіздіктің, қиыншылықтың, қайшылықтың себептері жалқы емес, бір-бірімен шиеленісіп жатыр. Қиынқыстау кезде әйелдерді қызметпен өзін-өзі қамтамасыз еткізетін халықаралық тәжірибе қандай немесе әлеуметтік дерт қандай мәселелерге назар аудартады деп те қаласың. Өзінше кіші және орта бизнеспен шұғылданатын әйелдердің саны жылдан-жылға тез өсуда. Олар түрлі қауіпке ұшырайды.

Ынтымағы мен бірлігі осал қоғамда адамгершілік пен имандылық нағыз құндылығынан, әлеуметтік мағынасынан айрылатыны мәлім. Қазақстан Республикасында әйелдің мәртебесін көтеруге лайықты ірі іс-шаралар қабылдануда, мәдени орталықтар жұмыстарын жандандыруда. Еңселілер өзінің қайсарлы қимыл-әрекеті көп сатылы, күрделі үрдістен тәуелді екенін ұғынуда.

Отбасындағы ортақ игілік үшін амал-әрекеттер жүйелі үйлесімде болмауда. Келісімі бұзылған ортаға кім, қаншалықты бейімделе алды немесе сондай ауыр күйден кім қалай шыға алды? Көңіл толмас мысалдар мен жағымды оң үлгілер бастан асады. Әр баста нақты немесе жаппай шешімі табыла қоймаған күрделі де құбылмалы жайлар жеткілікті. Бірақ одан өзара келісімге, дәстүрдің стандартын сақтауға, кемшілікке кешіріммен қарауға, қызметтес рөлді дұрыс бөлуге деген басты сұраныс ұмытылған жоқ. Біржақты бағаға келе және

көне бермейтін фактілер жинақталуда. Жаңа сұранысты игеру, икемдеу үшін өтімтал қабілет, мекем төзімділік, жүйелі тәжірибе қатар керек. Мекем рухани күш-қуатқа мұқтаждық артуда. Бала тәрбиесі мен жұмыстағы мәртебе міндетін қатар атқара білген әйел отбасы мен отандастар арасындағы тұрақтылықты нығайтатын мүмкіндікті арттыруда.

Тарихта отбасы кикілжіңін жеңілдетудің әйелдер тарапынан екі бағдары қалыптасты: бірі, кәсіби қызметке уақытты көбірек бөлу, бірі, өзінің отбасындағы бала санын кеміту. Бағытты таңдау әр жанның өз талғамы дейміз. Индивидтің өмір сүру тәсілі бойынша солай екені рас. Бірақ стратегиялық өлшем бойынша, әр әулет, әр ұрпақ, әр ұлт өсіп-өнбесе, көбеймесе, оның болашағы жарқын, жұғысты, үмітті бола бермейтінін тарихи тәжірибе көрсетті. Ең дұрысы, аналық қасиет пен кәсіби қызмет арасындағы үйлестікті таба білу. Ол үшін, біріншіден, еркек пен әйелдің отбасындағы өзара сыйластығын сақтай білу, екіншіден, барлық мүмкіндікті, жағдайды, құндылықты, әдіс-амалды ерлі-зайыптының мақсат-мұратына, отбасының басты мүддесіне қызмет еткізуге жұмылдыру ауадай қажет. Сондай өнерді үйренуге, жетілдіруге күш салып, яғни жанұяда бірінің рөлін бірі толықтыратын, бір-біріне көмектесетін халге жетсек, ондай құрылымдық күйлер отбасының іргесін нығайтуға кепілдікті арттырады. Осы өмір сабағынан кімдер, қалай тәлім-тәрбие алып жүр?

20 жылдық тарихы бар тәуелсіз республикамызда істелініп жатқан қоғамдық және мемлекеттік іс-шаралар мол. Іргелі жетістіктер аз емес. Кейбіріне көз жүгіртелік.

Әйелдер саны білім, ғылым, медицина, тәрбие, туризм, сауда-саттық саласында айқын басым. Олардың үлесі 52-ден 72,5% құрайды. Бұл – өлкедегі үлкен еңбек ресурсы, қоғамның айқын әлеуметті әлеуеті. Әйелдер әлеуетінің кәсіби-құрылымдық деңгейі қарқынмен түрленуде, жаңа сапалық деңгейге көтерілуде. Ел дамуының

индустриалды-инновациялық, ғылыми-технологиялық және әлеуметтік-мәдени бағыттағы үлесі мен ролі біртіндеп, сапалық деңгейде артуда. Бірақ бұл бетбұрыстар әлеуметтік тұрғыдан дұрыс бағаланбауда, яғни әйелдің елдік экономиканы дамытудағы ролі төмендетіліп көрсетілуде.

Әйелдер арасында 50 жасқа дейінгі ғылым докторларының саны еркектерден 1,6 есе, ал 30-ға дейінгі ғылым кандидаттарының саны екі есеге жуық артты. Бұдан әйелдердің мемлекетті, қоғамды басқарудағы саяси-әлеуметтік үлесі мен резервтері ұдайы артуда демекпіз. Әйелдерді мемлекеттік жұмысқа тарту тетіктері белгіленсе де, осы бағыттағы құқықтық нормалардың жүзеге асуы тиянақты емес екені тағы бар.

2010 ж. әлемдік экономикалық форумның мәліметі бойынша Қазақстан әйел теңдігін сақтау бойынша әлемдегі 134 елдердің ішінде 41 орын алды. Бұл көрсеткіш әлемдегі жетілген 50 елдің қатарына енгенімізді білдіреді. Ал жыныс теңдігін сақтау көрсеткіші бойынша 2012 ж. 33 орын алыппыз. Ілгерілеу іргелі мәселелерді алға тартуда.

Жұмыссыздар саны 2010 ж. бері еркектер арасында 4,7% кемісе, бұл көрсеткіш әйелдер арасында 6,4%-ға жетті. Бұл әйелдер әрекетінің жемісі дерлік. Тек жалақы көлемі бірдей емес. Әйел жалақысы орташа ер азаматтардың табыстарының 66,8% құрайды. Икемге келмей жатқан әлеуметтік, құқықтық жағдайлар жеткілікті.

Табыстар жаңа талапты күшейтуде. ҚР-да 25 мыңдай үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. Солардың ішінде 25-і әйелдер, отбасы және балалар мәселелерімен арнайы шұғылданады. Олардың аяғына тұра алмай жатқанының қанша екенін кім біледі? Қалың жұртты ұжымдық жұмыстардың сапасы мен сабақтастығы, нысандығы мен нәтижесі қызықтырады. Өйткені әр бағыттың мақсат-міндеттері мен календарлық жоспары айқын емес. Оларға қажетті қаражат көлемі анықталынбаған. Проблемаға қатысты ғылыми еңбектердің арнайы тізімі

жасалынбауы да, іс-әрекеттің арнасын табуға кедергісін тигізуде.

Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі 2012 ж. бұрынғы жылмен салыстырғанда 6,2% өсті. Сандық жетістіктер баршылық. Бірақ олардың құрылымдық және сапалық өлшемдерін қамтамасыз ететін ғылыми-әдістемелі талдау жасалынбауы ойландырады.

Бизнесте, сауда-саттықта, туризм және т.б. әлеуметтік саладағы өз бетінше жұмыс істейтін әйелдер саны күн санап өсуде. Олардың үлесі еркектерден жоғарылап келеді. Бірақ кәсіпқой әйелдің бейнесі мен келбеті қалыптаса қойған жоқ, оны насихаттайтын әрекеттер де қауқарсыз. Кәсіпқор әйелдің іс-әрекетін қаражаттайтын, жоспарлап реттейтін құқықтық нормалар толығымен күшіне енбегені қоғамды алаңдатады.

Әйелге деген әлеуметтік жеңілдік, ана мен баланың денсаулығын жақсартуға арналған көптеген іс-шаралар қабылданған. Бірақ олардың орындалуы қандай? Әйелді тәрбиелеу жұмыстары жүйесіздік пен әлсіздікке ұшырауда. Әйел болмысында *адами, аналық, кәсіби, азаматтық қасиеттерді* қалай, қай кезде, қандай тәлім-тәсілдермен ұштастыруға болады? Әйел болмысы мен беделіне ықпал ету жұмыстарына *әдістемелік негіз пен әлеуметтік қолдау* жетіспейді. Оның құралын рет-ретімен қолдануда кенжелік айқын. Әйелдерді құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғау нормалары қабылданғанымен, олардың өмірде қаншалықты күшін сақтайтыны немесе орындалатыны беймәлім қалуда.

Әлеуметтік, мәдени, саясат, басқару саласында гендерлік мәселелер жинақталуда. Гендерлік саясаттағы басты мәселелер: еркек пен әйел арасындағы айырмашылыққа ғана көңіл бөлу емес, олардың арасындағы тепе-теңдікті орнықтыру; мамандардың гендерлік сезімталдығын қалыптастыру; гендерлік проблеманы мәдени-тарихи, әлеуметтік және саяси категория тұрғысынан талдау

және түсіндіру; әйелдердің этномәдени ахуалдағы ұлттық ерекшеліктерін көрсету. Әзірге тар түсінік те, әлеуметтік салғырттық та, іс-әрекеттегі баяушылық та кемшілікті үдетуде.

Ерлермен әйелдер арасындағы сырлар бойы қалыптасқан теңсіздікті жою – әлеуметтік маңызы зор әлемдік мәселеге айналды. Әлемдегі 136 мемлекет азаматтардың тепе-теңдігін қамтамасыз етуге, еркектер мен әйелдер арасында теңсіздікке жол бермеуге арналған Конвенцияны қолдайды. Гендерлік теңдік – өркениеттіліктің өзекті өлшеміне айналуға.

Тепе-теңдік деп отырғанымыз *тарихи, ұлттық және рухани сабақтастықтың* біртұтас жалғасы, жүйесі болып табылады. Гендерлік тепе-теңдік деп отырғанымыз, біріншіден, әрбір адамның, соның ішінде әйелдердің өзіндік қабілет-күшін тартымды, орнықты пайдалана білуге жол ашу; екіншіден, отбасында тиімді, өнімді, тату өмір сүру мен тәрбиеліктің кепілдігі; үшіншіден, әлемдік рыноктағы жұмыс күштерінің саны мен сапасына әрқалай ықпал ету; төртіншіден... Мұндай бағамды бетбұрыстар экономикалық дағдарыс пен құлдыраудан шығу үшін, елімізде тұрақтылық пен келісім ырқын нығайту үшін, әрбір тұлға-маманның кәсіби мамандығын толығырақ пайдалану үшін қажет-ақ. Әзірге бұл жұмыстар тұрлаулы, нәтижелі емес.

Тұрлаусыздық пен теңсіздіктің бастауы – жұмыссыздықта. Қазіргі кезде әлемде миллиардтан астам жұмыссыздар болса, олардың жартысы – жастар. Олардың ішінде жақсы білім алған жастар да бар. Лайықты еңбектену мүмкіндігінің жоқтығына, әлеуметтік кепілдіктердің төмендеуіне байланысты жастар арасында радикалдық және қылмыстық элементтер өсіп келеді. Өйткені, бостандықтың жалаң, жалған түрлері жиі әрі жаппай насихатталуда. Тіпті моральдық-адамгершілік құндылықтардың жаһандық дағдарысы да үдей түсуде. Ашкөздіктен қорғайтын *рухани қуат, халықтық даналық, ұлттық тәрбие* жетіспеуде.

Сонымен табиғи эволюцияның заңдылығы қалай сақталуда? Мемлекеттік ұстанымдар мен нормалар қаншалықты табиғи және әлеуметтік эволюцияның тепе-теңдігін қалыптастыруға, оны жаңа талап пен қажеттілікке бейімдеуге арналған? Әйелдер қауымдастығы тарихи, ұлттық және рухани сабақтастықты жетілдіруге қай салада, қай өңірде сүбелі үлес қосуда? деген сауалдарға ашық та дәйекті жауап болмауда. Тегін емес. Жалпы идея дұрыс көзқарасқа айналу үшін *ұғымдық түсінік, әлеуметтік-мәдени іс-шаралар, мемлекеттік қолдау* қатар жүруі, жүзеге асуы, яғни үшбірдей бастаманың ықпалды факторға айналуы шарт.

Гендерлік қозғалыстағы бүгінгі бастамалар әйел болмысы мен белсенділігін дамытудың стратегиялық бағдарына лайықты ма десек, күдік көңілден кетпейді. Басты себептерін ескерттік, тағы да еске салалық: а) әйелдің адами, азаматтық және аналық қасиеттерін қалыптастыру, баулу және жетілдіру жұмыстары кешенді, жүйелі және жаппай жүргізілмейді; ә) әйел мен еркектің болмыс-бітімін бір-бірінен бөле-жара қарастыру – тар жол, тайғақ кешуге ұшыратады; б) әйелдің жаңа бейнесі мен беделінің қалыптасуы негізгі үш факторға – оның *жеке тынымсыз белсенділігіне, әлеуметтік-мәдени жағдайға және мемлекеттік қолдауға* тікелей қатысты. Осы тектес қажеттілікті дұрыс және дер кезінде ұғудың жетіспеуі, күдік тудыратын, толғандыратын жәйттер.

Адамзаттың таңдауы – бейбітшілік пен келісім десек, оның басты үлгісі отбасында қалыптасады, полимәдениеттіліктен үйлестігі мен артықшылығын табады. Адамның да, экономиканың да, қоғамның да, тіпті әлемнің де өркендеуі осы заңдылыққа сүйенетінін, одан қолдау табатынын Президент Н. Назарбаев соңғы әлемдік форумдарда қадап айтты (3). Бұл қызметтің барлық түрлерін өзара үйлестіре отырып, олардың құрылымын стратегиялық дамуға жұмылдырудың маңызы анағұрлым артып жатқанына көзіміз жетуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қоғамды әлеуметтік модернизациялаудың гендерлік аспектілері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 18 мамыр 2012. Алматы, – 2012, 356 б.
2. Сөйле статистика. /Айқын, 24.04.2012
3. Қ. Әлпейісова. Сенің әкең қандай? //Президент және халық, 1 маусым 2012
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының ІҮ съезінде сөйлеген сөзі. //Егемен Қазақстан, 31 мамыр 2012

Резюме

Эта статья открывает тенденции развития гендерной политики и основные проблемы его реализации в условиях независимой Казахской.

Summary

This article opens the development tendencies of gender politics and main problems of its realization in terms of independent Kazakhstan.

«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ» ОТБАСЫЛЫҚ ӘДЕПТІҢ КӨРІНІСТЕРІ

*Гүлмарт Әбжан Мәдіханқызы –
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Ұлттық тәрбие және өзін-өзі тану»
кафедрасының оқытушысы,
филология магистрі*

Жалпы әлеуметтану саласында отбасы және оның қатынастары әлеуметтік зерттеу объектісі ретінде зерттелген тақырып. Адамдар бір-бірімен араласады, кездеседі, танысады, достасады, неке қидырады. Осылардың негізінде берік немесе әлсіз отбасы құрылады. Әлеуметтанушылар отбасын ерекше бір құбылыс, әлеуметтік жүйе ретінде қарайды да, оны әлеуметтік жүйе ретінде талдап, зерттейді. Қазіргі отбасы – неке және балалардың денсаулығын сақтау, оларды тәрбиелеу, құқықтық және моральдық жауапкершілігі бар институтционалдық бірлік ретінде зерттеледі. Отбасындағы тәрбие мәселесін көптеген әлеуметтану, философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих т.б. ғылымдардың қарастыруына байланысты анықтамаларды кезіктіруге болады.

Отбасы мәселелері ТМД елдерінің ғалымдары В.И.Зацепин, В.Д.Цимбалюк,

Г.К.Матвеев, Ю.И.Семенов, Н.Е.Соловьев, А.Г.Хрипкова, З.Я.Янкова, Қазақстанда С.Қалиев, М.Жарықбаев, Ж.Б.Қоянбаев, К.Бейсенбиева, М.Тажин, Б.Аяғанова секілді ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған (1, 26).

Жазушы баспасынан 1986 жылы жарық көрген «Қорқыт ата кітабы» атты жинақта «Қорқыттың нақыл сөздері» деген кіріспесінде «Қорқыт атадан қалған бір сөз мынадай ...» деп басталатын базбір нақыл сөздерді мысалға келтіріп көрелік:

«Тәңірі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды» деген сөздері отбасы орнын айшықтайды.

Американ әлеуметтанушысы Хиллдің көзқарасына сәйкес, қандай да бір отбасы болмасын, оның төмендегідей жалпы белгілері болады:

1. Отбасы мүшелері әр уақытта бір-біріне өзара тәуелді болып келеді, соған сәйкес отбасының бір мүшесінің мінез-құлқы

өзгерсе, ол басқалардың да мінездерінің өзгеруіне әкеледі.

2. Қандай да бір отбасы болмасын ол біртұтас және жеке болады, оның басқалармен байланысы белгілі бір дәрежеде шектеулі болады.

3. Отбасы- бейімделуші ұйым, ол өзін қоршаған әлеуметтік ортада тепе теңдікті сақтауға тырысады.

4. Отбасы дара бүтіндік ретінде сыртқы факторларға байланысты міндеттерді орындаумен бірге, әрбір отбасы өз мүшесінің талап-тілегін, мұң мұқтажын орындауды қамтамасыз етеді.

Отбасы – бұл адамдардың некелік және туыстық, жалпы тұрмыстық байланысқа және жауапкершілікке негізделген адамдардың бірлігі. Отбасы еркек пен әйелдің табиғи физиологиялық және басқа қажеттерін (рухани, этикалық, эстетикалық т.б. қажеттерін) өтеп, ұрпақ өсіру арқылы қоғамды қалпына келтіре дамытушы әлеуметтік топ болып табылады. Отбасының аса маңыздылығы оның қоғам алдында екі негізгі атқаратын қызметінен көрінеді. Біріншіден, отбасы-ол адамдардың ерекше тобы, өйткені оның құрамы сырттан келетін адамдар санымен немесе сырттан келетін адамдар санының өсуімен байланысты емес, сол өз ішінде пайда болатын балалар санымен көбейіп толығып отырады. Бұл топ (яғни, отбасы) қоғамның биологиялық жағынан үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда, адамдардың санын көбейтіп, өсіріп отырады. Отбасының екінші атқаратын қызметі ол қажетті мәдени мұраны қоғамдағы өзінен жоғары үлкен бірліктер арқылы бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғастырып отырады.

Отбасы ұсақ (кіші) топ ретінде негізгі функцияларды іске асырады:

- репродуктивтік (бала табу арқылы қоғамды қалпына келтіру);
- экономикалық (өндіру және тұтыну);
- қорғаныс функциясы (отбасы мүшелерінің денсаулығына, материалдық игіліктермен қамтамасыз етуге, қауіп

қатерден қорғауға қамқорлық жасау);

- балаларды оқыту – тәрбиелеу;

- эмоциялық (ерлі-зайыптылардың бірін-бірі сүйюі);

- әлеуметтендіру функциясы (балаларды қоғамдық тәртіпке, мінез – құлыққа т.б. баулу).

- отбасының тәрбиелік қызметі ана мен әке болуда, балалармен қарым-қатынаста, оларды тәрбиелеуде, балалардың өз бетімен өсуі кезіндегі жеке қажеттіліктің қанағаттанарлығынан тұрады.

- отбасының шаруашылық – тұрмыстық қызметі – отбасы мүшелерінің материалды қажеттіліктерінің (азық-түлік және т.б.), олардың денсаулығының сақталуына әсер етуінің қанағаттанарлығынан тұрады. Отбасының осы қызметінің орындалу барысында еңбек ету кезінде жұмсалған жеке күшті бұрынғы қалпына келтіру қамтамасыз етіледі.

- отбасының эмоционалдық қызметі – оның мүшелерін ұнатушылық, сыйлаушылық, эмоционалдық қолдаушылық, психологиялық қорғаушылық қажеттіліктермен қанағаттандыру.

- рухани қарым-қатынас қызметі. Бос уақытты бірлесе өткізу, екі жақты рухани байыту қажеттіліктерімен қанағаттандыру.

- бастапқы әлеуметтік бақылау қызметі-отбасы мүшелерінің әлеуметтік мүшелерінің орындалуын, оның ерекшелігі, егер кімнің түрлі жағдайда күші бар (жасы, науқастану және т.б.) болып, әлеуметтік мөлшермен толық сәйкес өзінің мінез-құлқын өз бетімен тәрбиелей алатын қабілетін жеткілікті деңгейінде меңгере алмаған жағдайда қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде отбасының типтері мыналар:

Тотемдік қауым (ру), патриархалды туыс топ, патриархалды отбасы және жеке отбасы.

Тотемдік ру біздің заманымызда әлі де болса кездесетін ең көне отбасы формаларына жатады. Мұндай отбасылар Австралиядағы кейбір тайпаларда кездеседі. Ру мүшелерінің жеке-дара есімі болмайды, бәрінің ортақ есімі болады. Мұндай отбасында неке жеке

болмайды, жалпы (ортақ) болады екен, баланың әкесін анықтау мүмкін емес, бала шешесінің есімімен аталады. Мұндай отбасы кейбір көшпелі тайпаларда кездеседі.

Патриархалды туыстар тобы (туыстық отбасы) өткен замандарда үндіевропалық халықтардың бәрінде болған, ал кейбір халықтарда қазір де бар. Бұларда бірнеше ұрпақ бірге тұрады, есімдері де жалпы болады. Бұл ұрпаққа жататын отбасы мүшелерінің бәрі туысқан аға-іні және апа-сіңілі болып табылады. Отбасының басшысы біреу – ол отбасының атасы болады. Ұрпақтардың шығу тегіне қарай бұл отбасы матриархалды немесе патриархалды отбасы болды. Біріншісі – отбасының ең көне түрі. Мұнда бір әйелдің көп күйеуі болуы жиі кездеседі. Мұндай отбасы тибеттіктерде және Оңтүстік Үндістанда тұратын тода деген халықта кездеседі. Патриархалды отбасының басшысы – еркек. Моногамиядағы патриархалды отбасында отбасы басшысы мүліктің бірден-бір иесі. Бұл – жеке меншіктің шығуына байланысты отбасылық қатынас.

Классикалық неміс философиясының өкілі Кант отбасы мәселесін қарастыра отырып, ондағы адамдардың құқықтық мәселелеріне көп көңіл бөлген. Фихте отбасының негізі-махаббат десе, Гегель бірінші болып отбасы мен некенің тарихи формаларын көрсеткен (2, 58).

Ғасырдың екінші жартысынан бастап отбасына деген тарихи көзқарастар ХІХ ғ. толықтырыла түсті. 1877 жылы шыққан «Ежелгі қоғам» (3, 49) атты кітабында Л.Морган отбасының тарихын, оның некелі қарым-қатынасын, экономикалық, әлеуметтік дамуын және қызметін қарастырған.

Қазақ халқының көнеден қалған рухани мұраларының бірі – «Қорқыт ата» кітабы. Даналық дастаны деп аталатын бұл шығарма ежелден күллі түркі әлеміне ортақ мұра. «Қорқыт ата кітабына» енген әңгімелер бір кезде оғыздарға қараған өлкелерді жайлаған көптеген халықтардың ертегі-

аңыздарынан алынып құрастырылған. Сондықтан «Қорқыт ата кітабын» бір ғана халық меншіктене алмайды. Онда қазіргі бірнеше түркі халықтардың үлесі бар. Бұл пікірдің шындығын «Қорқыт ата кітабының» мазмұнына көз жіберген адам сезе алады. Әйтсе де, қазақ мәдениеті тарихы үшін «Қорқыт ата кітабының» орны бөлек.

Ғасырлардан жеткен мұраның ғалымдардың айтуынша, «Қорқыт ата кітабының» қос қолжазба нұсқасы бүгінгі күнге дейін сақталған. Оның біріншісі – Дрезден (Германия) қалалық кітапханасының сирек қолжазбалар қорында сақталған. Бұл аударманы Дрезден нұсқасы деп атайды. Ал мұқият сақталған екінші нұсқа – Италиядағы Ватиканның Аростолика кітапханасында. Алғашқы нұсқа 12 жыр, яғни 12 оғызнамадан тұрады. Екінші қолжазба – бар болғаны 6 жырдан құралған.

Ғалым Немат Келімбетов «Қорқыт ата кітабы» жинағындағы батырлық дастандарды логикалық желі тұрғысынан мынадай тәртіппен жүйелеуге ұсыныс жасаған. Яғни, ол жыр баяндар 8,1,3,4,11,2,5,6,7,9,10,12 деген тәртіппен орналастырғанда ғана жинақта хронологиялық жүйе қалыптасатын көрінеді [1, б.10].

Аталған шығарма филология ғылымдарының докторы, профессор Немат Келімбетовтың дәлелдеуінше, «... ҮІІ-ҮІІІ ғасырларда Сырдария бойын мекен еткен оғыз-қыпшақ тайпалары арасында дүниеге келіп, сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа тараған рухани қазына...»

Әлемде Қорқыт атаға, «Қорқыт ата кітабына» қатысты жарық көрген еңбектер саны біршама. Әсіресе, Түркия, Әзербайжан, Ресей ғалымдары барша түркі жұртына ортақ ұлы тұлға мен оның жырларының сақталған нұсқасы туралы іргелі зерттеулер жүргізді. «Қорқыт ата кітабы» туралы айтылған пікірлердің көшбасында атақты түркітанушы ғалымдар мен еуропалық ориенталистер тұрды. Олардың ішінде В.В.Бартольд, И.В.Аничков, В.М.Жирмунский, А.А.Мейер, В.В.Вельяминов, Зернов, А.Н.Самой-

лович, К.А.Иностранцев, А.Г.Туманский, В.Каллаур, И.А.Кастанье сынды ғалымдардың еңбектері Қорқыт ата кітабы жайында ұйытқы боларлық іргелі зерттеулерді ұсынумен бірге мәтіндік материалдарды жариялауы, ғылыми түсініктеме беруі, тарихи-этнографиялық деректерді мейлінше толық ескеруі жағынан құнды еңбектер қалдырған ғалымдар болды.

Жазба эпосты тарихи, фольклорлық және музыкалық мұра тұрғысынан қарастырған іргелі тұжырымдар берген ғалымдар Ш.Уалиханов, Ә.Диваев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Х.Сүйінішәлиев, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, М.Мағауин, М.Жолдасбеков, А.Сейдімбеков сынды ғалымдарды атауға болады.

Қорқыт ата кітабы мұрасына жүйелі сипат бере отырып, дереккөздерінің негізінде пайымдап, байырғы түркі халқына ортақ мұрадағы әдептілік өлшемдерін тұтастай өрелестіре отырып, осы тақырыпқа кешенді түрде келудің мезгілі келді. Бұл орайда белгісіз деректер, әлі де толықтыруды қажет ететін пайымдаулар бола беретіні заңды құбылыс.

Түркі жұртына ортақ қонақжайлылық пен меймандостықтың, имандылық пен адалдық түп негізі қайда жатқанын «Қорқыт ата кітабынан» іздеп табу қиын емес. Осы

орайда Қазақ елінің тұңғыш Президенті Н.Назарбаев айтқан пікірді келтіруге болады: «Ашықтық және жан ізгілігі, мұқтаж адамды жылытуға, онымен қолдағы барды бөлісуге даярлық қазақ халқының генетикалық қасиеті болып табылады. Ол ешкімге және ешқашан жеккөрушілік немесе артықшылық танытып, сондай сезіммен қараған емес...».

Бүкіл түркі жұртының әу баста ту тіккен жұртының мұрагері – бүгінгі қазақ халқының әдет-ғұрпынан Қорқыт ата жырлайтын әдеп пен ізет өлшемдері байқалса байқалар, бірақ сол айшықты бедердің түркі баласының қанында барлығына куә ете аламын [1, 20].

Қорқыт жырларындағы отаншылдық пен ерлік, ізгілік пен әдептілік көріністерінен осыдан он үш ғасыр уақыт бұрынғы жауһар жырымыздың даналық ойларымен үндестік табамыз.

Жар таңдау мәселесі. Әйел затын төрт түрге бөліп көрсету арқылы әдепті әйел затына ұрпақтары өсіп-өнсін, сіздің ошағыңызға осындай әйел заты келсін деп 3-нші белгідегі әйелзатын көрсетеді. Қорқыт Ата аузынан әйел төрт түрлі деп озандар айтар еді деп келтіреді:

- 1) кепкен ағаш секілді;
 - 2) үрген қарын секілді;
 - 3) үйдің тіреуі;
 - 4) мелшиген қырсық әйел.
- Белгілері:

1. Беті қолын жумайтын,тоғыз тоқашты ауызға салып толтыратын тойғанынша асап жейді. Бір көнек айран ішетін, жалап жұқтап екі бүйірін таянатын. (тамақтану әдебі)
2. Жұлқылап оятқанша тұрмайтын,өсек айтып, есік-тесіктен сығалайтын, түске дейін ауыл қыдырады (жүріс-тұрыс әдебі)
3. Алыс қырдан, жапан түзден үйге бір жолаушы келсе, ері болмаса да ішкізіп жегізіп, сыйлы жандарын шығарып салар (қонақжайлылық әдебі)
4. Бір сөйлесе қоймайды, қожасының сөзі құлағына қонбайды (тыңдау әдебіне байланысты)

Қорқыт ата әйелзаты түрлерін салыстыра сипаттай келе, әйел-ананың қоғам дамуына негіз болатындай ұлағатты болуын уағыздайды.

«Әке маған бір қыз алып бер. Мен орымнан тұрғанша, ол атып жөнелетін, мен қара зор атыма мінгенше, ол аттанып кететін, мен жауыма барғанша, ол жаудың басын кесіп әкелетін «жылдам жарды» Бәрік таңдайды».(Қам Бурабекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баянында).

Жар төсегіне адалдық мәселесі. «Шөкілі Мәліктің бектері тұтқындағы Қазан – Бектің ханымы Бурла ханымға талап қояды: ұлының егін жеу немесе кәпірдің төсегіне кіру осы екі талаптың бірін орындап, Қазан-Бектің сағын сындырайын ба?», – деп ұлынан ақыл сұрайды. Сонда ұлы: «қыздар бір жегенде сен менің етімді екі жейтін бол, әкем Қазанның намысын былғамайтын бол, сақтан, сендер аман болсаңдар, мен секілді ұл болмас па, болар», – деп сөзді тәмамдауы ұрпақ арасындағы жалғастықтың көрінісі ретінде қазақ халқында әлі күнге дейін жар төсегіне адалдық, әдептілік сақталған.

Дерсехан ұлы Бұқашхан туралы жырда **қонақ күту әдебі** баяндалады. «Шам күндігін жер үстіне тіктіріпті; ала ордасын көкке тірей құрыпты, мың жерге жібек кілем төсетіпті. Хандар ханы хан Байындыр жылда бір рет той жасап, оғыз бектерін қонақ етеді екен. Аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойдырыпты» [2, 130]. «Алтын зерлі тостағандар тіздірді. Қара көзді, сұлу жүзді, қолаң шашы төгілген саусақтары салалы, тоғыз сұлу оғыз бектеріне тостаған ұсынып қызмет етеді» (Салор Қазан үйінің шабылғаны туралы әңгіменің баянында қонақ күту әдебі сөз болады).

Ұл әдебі. «Дерсехан ұлына бектігін беріп ұлы таққа отырғанда, қырық жігітінің күндеп ханға әдепсіз ұлдың қылығын былайша жеткізеді: «Сенің ұлың опасыз азғын болды. Қырық жігітін жанына алып, қалың оғызға жорыққа шықты. Қанша сұлу қыз көрсе, олжалап алды, ақ сақалды қарының аузын сөкті, ақжаулықты қарт ананың сүтін жерге

сауғызды. Мұндай азғын ұл неге керек, – деген хабар жеткізді ». Сол замандағы әдепсіз ұлдың бейнесі көрінеді.

Қазан бекұлы Оразбектің тұтқын болған әңгімесінің баянында Қазан ұлына:

– Ұлым, ұлым, ей ұлым!

Жауға кіріп бас кеспегін, Адам өлтіріп қан төкпегін, – деген әке сөзіне Ораз әкесінің сөзін тыңдап қарсы шықпайды. Ол заманда ұл бала ата сөзін екі етпейтін, екі етсе, ол ұлды балам деп қабыл етпейтін еді, – деп баяндайды. Бұл жырдан ұлдың әдебін байқаймыз.

«Үйсін Қожаұлы Секірек туралы жыр» деген жырында әдептілік әрбір жігіттің қасиеті болу керек деп уағыздайды. «Әдепсіз ұлды» Үшін Қожаның екі ұлы бар еді дей келе, Қазанның алдында бектерді баса көктеп, ешкімге ілтипат жасамайтын аусарлау жігіт деп Екіректі баяндайды.

«Ұлын сіңірлі садақпен атып, жаралаған Дерсехан ордасына оралғанда, қабағын керген Дерсехан ханымы алдынан шығып, Дерсеханға сөйледі:

Бері келгін басымның бағы,

Үйімнің тағы,

Хан әкемнің күйеуі.

Ата-анам бергенім,

Көзімді ашып көргенім,

Көңіл беріп сүйгенім, – деген тағы да әдепті әйел затының бейнесі көз алдымызға келеді». Қорқыттың баяндайтын бұл жырында әйел ананың ақыл-ойы, ерге берілуі, ана абыройы кастерлене баяндалады.

«Доқа Қожаұлы Дели Домрул әңгімесінің баянында әзірейілге жанын беру алдында ата анасынан жанын сұрағанда, ата-анасы жанын қимайды, сонда әйелінің жанына келеді:

Ғарыш куә, көк куә,

Аспан куә, көк куә,

Тәңірім соған куә болсын!

Жаным саған құрбан болсын!, – деген әйел затының жауабына Хақ Тағала ризалығын білдіреді, ерлі-зайыптыларға 140 жыл өмір сыйлайды». Бұдан байқарымыз отбасының орны, жанұялы, ерлі-зайыптылар арасындағы сүйіспеншілік уағыздалады.

Келін әдебі. «Ұланды отау үйге кіргізді. Қызбен екеуі бір төсекке отырған соң, ұлан қылышын алып, қыз бен өзінің арасына қойды». «Қадамы құтсыз келін» дегенше, ұятсыз арсыз келін десін, деп қайын ата мен қайын енесіне болған жайды баяндайды [2, б.188].

Ана мен бала арасындағы қарым-қатынас жырда көрініс табады. «Бала басын көтеріп анасына сөйледі:

Бері келгін, ақ сүтін емдірген, ханым ана,

Ақ жаулықты, ізетті, жаным ана, – деген ұлдың әдебі көз алдыңыздан өтеді. Ана – ердің серігі, батырдың бағдаршысы, ұрпақтың ұлы анасы. Сондықтан ананы құрметтеу, ананы аялау, ананың абыройын ардақтау – кісіліктің белгісі, ердің инабаты, ұлттың ұлағатты қасиеті деп ұғындыра біледі Қорқыт ата жырлары.

Өзін өлімге қиса да, ұлы әкесін қырық арамзаға қимайды бұл көріністен де әке мен бала арасындағы әдепті байқауға болады.

Туыстық қарым қатынас. «Анасының Секірекке айтқаны :

Ол жігітті көргенінде

Ақбоз аттан жерге түс,

Қол қусырып сәлем бер

Қолын сүйіп, мойнынан құш!» (Үшін Қожаұлы Секірек әңгімесінің баяны жырында беріледі). Жырдың соңында «Екі туыс айқара құшақтасып көрісті. Екірек інісінің мойнынан сүйді, Секірек ағабегінің қолынан сүйді» деп баяндалады.

Сөйлеу әдебі. «Қам Бурабекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баянында Бамсы Бәрік көк шалғын үстінде қырмызы отауды көреді. Жігіт әдеп сақтап, отауға бірден кірмейді. Отаудың алдына атқан киігін тастайды, киіктен олжа бер деп сауға сұраған қыз жеңгесіне Бәрік тұрып:

– Ей, жеңеше, мен аңшы емеспін, бек ұлмын, бірақ сұрамақ айып болмаса, бұл отау кімдікі, – деп қыз жеңгесінен сұрап, әдеп сақтайды».

Сәлем беру әдебі. «Диуана озан Бәрік Қазан Бекке бас иіп, қол қусырып, сәлем берді». (Қам Бурабекұлы Бамсы Бәрік әңгімесінің баянында) [2,153].

«Әкең келді» дегенді естіп, қырық жігітімен Торалы қарсы алды. Әкесінің қолын сүйді. Қанлы Қожаұлы Торалы әңгімесінің баянында баяндалады [2,171].

«Басаттың Төбекөзді өлтірген әңгімесі баянында ұлына араша сұраған әйел Басаттың сәнді отауына келіп, «Басатқа сәлем береді» [2,179].

«Бегілұлы Еміре әңгімесінің баянында аманатты алып тұрған Байындыр ханның сенімді жігіті Бегіл, өз ризалығын орнынан тұрып, жерді сүю арқылы білдіреді» [2,183].

«Атын ерттеп мінген Секірек шауып, анасының үйіне келді. Атынан түсіп, анасының алдында бас иіді». (Үшін Қожаұлы Секірек әңгімесінің баяны жырында беріледі).

Қоштасу әдебі. Ұланды киіндірді. Әкесі мен анасы келіп, көрісіп, қоштасты, құшақтап сүйді [2, б.185].

«Қорқыт ата кітабында» кездескен нақыл сөздер мазмұны отбасы әдебін айшықтайды. Мысалы: Инабатты болса, әйел көрікті. Ақ сақалы жарасқан – шал көрікті. Үлкен шаңырақтың қасында отау көрікті. Өнегелі болса бала көрікті. Ананың хақы – құдайдың хақы. Күйеу бала – ұл болмайды. Ұл – атаның ері, екі көзінің бірі. Қыз ақылды ескермес – ана үлгісін көрмесе. Әдепті сөйле де, тыныш отыр. Қыз анадан үйренбей өнеге алмас, ұл атадан үйренбей сапар шекпес. Дәулетті ұл-ошақтың қоры, дәулетсіз ұл атаның көрі (адамның қоры) [3, б.52].

ҮІІ ғасырдан жеткен Қорқыт ата жырларында әке мен бала, аға мен іні, қалыңдық пен күйеу, ер мен әйел арасындағы сүйіспеншілік, бірі үшін бірі жан беруге әзірлік қалай жеріне жеткізе суреттелгенін ескерсек, үйренер тағылымыз мол.

Қорыта келгенде, ата Қорқыт жырларында берілген әдептілік жауһарларын осы болмысымыз бен дүниетанымымызды келер ұрпақтың жалғастыруына ықпал етіп, оны мәңгілікке жалғастыруда адамзат өркениетінің тарихында лайықты орнымызды иелену үшін біз Қорқыт Ата мұрасын жан – жақты зерделеп, өскелең буынға

үнемі үлгі, өнеге етуіміз қажет. Ата Қорқыт жырлары әр түрлі жырлардың жинағы бола тұрып, ондағы ерлік жасау мен ізгілік көрсетуді біртұтас өріп отыратын аса мәнді жәдігер болып бүгінгі күні қайта табысқан түркі халықтарының көне мұрасын көздің қарашығындай қастерлеуді, оны сақтауды ұғындыра түседі [4, б.3]. Қорқыт жырларынан алар тағылым – осы. Әулие атамыздан қалған асыл мұраларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қасиетті еңбегінің қадірін арттырып, қастерлей бермекпіз. Өйткені, ол – этностық тәлім-тәрбиенің алтын бастауы деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Келімбетов. Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Жазушы. – 1986 ж.
2. Қорқыт ата энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. – 1999 ж.
3. Сүйінішәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. – Алматы: Санат. – 2006 ж.
4. Қорқыт ата. Қорқыт және оның нақыл сөздері тақырыбындағы ғаламтор материалдары. 2011 ж.

Резюме

Автор в данной статье рассматривает проблемы семейных ценностей и традиции в древнетюркском книжном эпосе «Қорқыт Ата».

Рассуждается о роли и значении коммуникативных компонентов воспитания мужчины, воспитания девушки, снохи и т.д. в воспитании подрастающего поколения.

Summary

Author of this article considers the problems of family values and traditions in the ancient Turkish book epic Korkyt-ATA.

Speculating as to the role and importance of communication components of education, education of girls, men, snohi, etc. in the upbringing of the younger generation gathering project.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІҢ БІЛКІТІЛІК ҚУАТ КӨЗДЕРІНІҢ ПАРАДИГМАСЫ

Жұматаева Е. –

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Бүкіл әлемдік интеллектуалды әлеует өзінің дүниетанымдық негізін білім мен ғылым біртұтас кеңістігіне жаңа философиялық пайыммен қағида шығаруға бағдарлап отыр.

Бұл бағдардың нысаналы тірегі, субстанциясы зиялылық-креативтік көзқараспен қарап, әрбір ғылымнан тұжырымдар шығару жеке тұлғалардың еншісіне бағынысты екенін аңғарамыз. Олай болса, Қазақстан Республикасы шеңберіндегі ұлттық тәрбиеге қатысты мәселелер басқа ұлттар мен ұлыстар және дүниежүзілік халықтардың таным-түсінігінің деңгейліктеріне тәуелді тұжырымдар легі пайда болады. Сол себепті таза, автономды ретроқағида тұрғысында қазақи көзқараспен әлемдік халықтардың тұжырымдарын бір жүйеге келтіреміз деу кемшіліктің ең дөрекісі.

Ғылым негізі тұтастай дерлік қайшылықтан тұрады. Әлем халықтарының ұлттық тәрбие жайлы көзқарасының тұжырымдарын бір жүйеге түсіруге ықпал жасау қиындық

келтірсе де, ұлттық психология нышаны және ұлт киесі болып қалыптасқан қазақи тәлім-тәрбиені ескермесек, оның сан ғасырлық жүйесін ілгерілету траекториясын күні бұрын жобаламасақ, қазақ болу қалпымыздан айрыламыз. Жаһандасудан алшақ кете алмайтындығымыз диалектикалық заңдылық екенін ескерсек, ұлттық тәрбиенің әлемдік кеңістіктегі жүйе сынайында бір орталықтан үйлесім табуы, унификациялануы, басқарылуы, алгоритмделуі, құбылыстар мен үдерістерге түсуі біздерді терең ойға қалдырады. Қазақи ұлт тәрбиесінің жадау тартуының бір өткір мәселесі ол аталған жүйенің әлі де болсын халықтық педагогика нысанында тарихи қағидамен бернеленбеуінде. Өйткені, белгілі бір жанрға қатысты мәтіндемені тұтас, көкейкесті мәселеге қатысты проблемалы сұрақпен зерделеп, одан ой-тұжырым шығарудың орнына үзік-үзік цитата келтіру қанымызға сіңіп кетті. Осындай үдерістің салдарынан ұлттық тәрбие мәйегінің 1) игілікті өмір сүруді қамтамасыз етер мүмкіндігі; 2) қоршаған табиғаттан нәр алу сауаттылығы; 3) табиғатқа ілтипатпен қарауы. Жоғарыдағы ұлт мәйегінің жүйесі бүгінгі таңда өзінің табиғи қалпынан айрылды. Оның бір мысалы адамның өзіне-өзінің интеллектуалды-рухани күшқуат нышаны ретінде сенімі сейіліп, ұдайы шаршап-шалдыққан жастарды көреміз.

Аталып өткен көкейкесті мәселенің туу себеп-салдарына көптеген дәлелді материалдарды кездестіреміз. Бірақ, өкінішке орай ол тығырықтан шығу амалдары, ойлау өнері дегенге әлі де марғаулықпен қараудамыз.

Ұлттық тәрбиенің мәйегі дегенде біздер адамның қолынан келер жәйттері бар да, келмейтін тұстары жоқ деген тұжырымның оған кесел екенін байқадық. Кеңестік дәуірден бері санамызға батпандап кірген бұл тұжырым мысқалдап шығатын түрі жоқ.

Антропоцентризмнің бағыты біздерді Ай мен Марсты миымызға сыйғыза алатындай сенім берді. Неғұрлым жалған ұстаным,

жалған сенім миға орныққан сайын нағыз ғылыми пайым-парасат сағымдай жеткізбейді.

Бүгінгі таңда адамның қауқары шектеулі екеніне әлемдегі катаклизма, табиғи апаттар дәлел. Адам табиғатқа, микрокосмосқа тәуелді деген ұстаным – ұлттық тәрбиенің кредосы. Макрокеңістіктен адам өмір жолын дұрыс таңдай алуына ертедегі ата-бабаларымыз отбасы төңірегінде қам жасаған. Адам үшін қадірлісі - өсіп-өнген отбасы.

Отбасының сонау ежелгі түркі дәуірінен қалыптасқан ұлттық тәрбие мәйегінің жүйесінен бүгінде жұрнақ та қалмағаны баршаға аян. Ол жүйені қалпына келтіру қолдан келе ме? – деген күрделі сұраққа жауап табу әлі ертерек. Десек те, оның жүйесін ежелгі дәуір көздерінен бағамдауға мүмкіндігіміз бар.

Отбасылық дәстүр жүйесінің тірегі – ер баласы бар ата-аналарға қошамет көрсету басымдықта болып келгені байқалады. Бұл ойымызға дәлел Қорқыт Ата кітабының бірінші хикаясында [1] Баяндыр хан жылына бір той жасап, оғыз бектерін қонаққа шақыратын еді. Тойға түйеден-бура, жалқыдан-айғыр, қойдан-қошқар сойылсын деп жарлық береді. Сол күні бір жерге ақ отау, бір жерге қызыл отау, енді бір жерге қара отау тіктіріп қояды. Тойға жиналған бектерден ұл баласы барларын ақ отауға, ұлы жоқ қызы барларын қызыл отауға, ұлы да, қызы да жоқ қонақтарды қара отауға кіргізеді. Қара отауға кірген қонақтарға қара қойдың егін беріп, қара кигізге отырғызады. «Не ұлы не қызы жоқ жандарды тәңірінің өзі қарғаған, бізде солай етеміз» дейді екен Баяндыр хан», - деген үзіндіден біздер ер балаға қазақ ұлт болып жаралғанға дейін оғыздарда осындай салт-дәстүр болғанын байқаймыз.

Бүгінгі таңда бұл жүйе заңдылығы келмеске кетіп, санамызда ер баланың сан ғасырлық киесі бар деген ұстаным мүлдем жойылғанына куә болып отырмыз. Жоғары оқу орнында әрбір мамандыққа сәйкес

топтарда бірлі-жарым кездесетін ұлдарымыз қыз балалардан тайсақтайтын жаман әдетке бой алдырып келеді.

Түбінде топ бастар жігерлі, тұлғалы, айбарлы, айбынды, сұсымен төменгі деңгейліктегілерді ықтыратын қарымы сейіліп, оның орнына ұнжырғасы түскен, салы суға кеткен пұшайман ұлдардың саны көбейіп барады.

Біздер Қорқыт заманын көкसेп, сол кездегі аталған салт-дәстүрді қайта оралтайық деген ойдан аулақпыз. Бірақ, ұлдарымыздың сәл ауыртпалыққа бор кеміктей езіліп, қыздарға ұқсап жылауға әзір тұруы түбінде халқымыздың түбегейлі өмір сүруіне қауыпты демекпіз.

Баласыз Дерсе ханның тілегі қабыл болып, бала сүйеді. Бұл аңыз Қорқыт кітабынан барша қазақ жұртына белгілі. Ұлттық тәрбиенің жүйе құрылымында тілек тілеу, мақсат қою, оған сәйкес іс-әрекет алгоритмі алты алаштан келе жатқан дәстүр. Міне, бұл үдеріс әлем халықтарына да жат емес.

Ұлттық тәрбиенің жалпы мәнділігі әрбір тұлғаның табиғи мүмкіндігіне қарай өзін-өзі танып, сол перцептивті қабылдау іс-әрекетіне сәйкес тұжырым құра білуі. Кеңестік дәуірден қалған тоталитарлық жүйе таңбасы – жоғарыдағы тұлғалардың иерархиялық түсінігі барлық өзінен төмендегілерге міндет ретінде ұсынылады. Нақтылап айтсақ, бәріміздің ой-тұжырымдарымыз бірдей болу тұрғысындағы үдеріс басымдықта екеніне бірталай адам көздерін жеткізді. Әр тұлғаның гносеологиялық, аксиологиялық, онтологиялық пайымдамасы жинаған, трансформациядан өткізген тұжырым-түйініне бағынышты. Сол себепті диагностикасыз студенттерге көпдеңгейлікті тапсырмалар беруден сақ болған абзал.

Тұжырымдама тарихтан, әдебиеттен нақтылы және жаратылыстану пәндерінен шоғырланған көзқарас және студенттің әлем, қоғам жайлы дүниетанымын құрайды. Бұл бірталай уақыт аралығында қалыптасады, өзін-өзі жоққа шығаруы қоғам өзгерісіне тәуелді болғандықтан, ол

қалыптасқан көзқарасын, дүниетанымын жаңа философиялық тұрғыда жаңадан түзуі көзделеді. Міне, осындай көкейкесті өткір мәселе әлі де шешімін таппай келеді.

Мәселен, бүкіл ауыл азаматтары Раушанның төс қалтасындағы мөрге тәуелділікті сезген ер адамдар киелі қасиеттерінен айрылып, көңілдері жәбірленіп, шарасыз өмір кешу суретін Бейімбет Майлин алдын-ала болжаған. Бұл көріністен халық даналығын еске алуға тура келеді:

«Құм жиылып тас болмас,

Құл жиылып бас болмас» – тұжырымдама жасауда тұлғалар бір-бірінің сөздері мен сөйлемдеріне өте кірпияздықпен қарап, жаңсақтықты түзетуде айрықша мәдениет таныта алуы даурықпалықтан сақтайды.

Тұжырымдама жүйесі бүтіндік, бейтараптылық, құралымдық, иерархиялық, ақпарат көз сияқты ұсақ бөліктерден тұрады.

Ұлттық тәрбие мәйегінің ерекшелігі – тектілік зауал (карма), яғни қарғыс алған тұқым, әулет, адам дегенді білдіреді. Сол себепті өштесу, кек алу, зұлымдық жасау және т.б. көлеңкелі іс-әрекеттерден аулақ болуға қатысты философиялық тұжырымдар басымдық мәнде екені аңғарылды. Ұлттық тәрбиенің қазақи болмысы оң жақтағы іс-әрекет, яғни жақсылық, ізгілік, мейірімділік, табандылық, айбарлылық, айқындылық, бастамашылдық, тәуекелдік және т.б. оңтайлы үдерістер адамға бақ-құт әкеледі деген тұжырым.

Аталып өткен тұжырымдарымызды анықтау үшін бірталай ашқарып жүрген ұстанымдарымызды ортаға салуды жөн көрдік.

Ұлттық тәрбие индикаторы:

1. Адамның мәдени деңгейіндегі танымның жүйелілігі:

- жеке әлемдік көзқарас;
- жалпы көзқарас;
- кәсіптік көзқарас.

2. Өзінің пәніне байланысты ғылыми деңгейін арттырудың танымдық, маңызын үзбей дамыту жүйесінің амалдары:

- пәннің заңдылықтарын қоғам заңдылықтарымен ұштастыру;

- жеке ұжымдық таным қабілеттері;
- өздігінен танымдық деңгейліктерді шыңдау.

Екіншісінің индикаторы:

Өндірістік жағдайларға оқытудың міндетті білім мөлшерлерін ыңғайлау:

- идеологиялық;
- құқықтық;
- модальдық-этикалық;
- саяси;
- ғылыми;
- өнер (мәдени);
- діни.

Үшінші индикаторы:

- салыстыру;
- дәлелдеу;
- шығармашылық;
- рефлексиялау.

Төртінші индикаторы:

Басқарудың өзі-өзін дамыту жолдары:

- өздігінен жұмыс істеу мөлшерін, шапшаңдығын зерттеу;
- жуық уақыт аралығындағы өз-өзін дамыту құрылымын жобалау;
- өздігінен құрылған жұмысты өмірде пайдалану, бағдарлама жасау;
- рефлексиялау.

Бесінші индикатор:

Өз-өзін дамыта басқару үрдісінің өнімді тәсілдері:

- даму деңгейін зерделеу;
- даму деңгейін жобалау;
- оны жүзеге асыру бағдарламасы;
- рефлексиялау.

Міне, жоғары оқу ғылыми жұмысының жеке студенттердің тұлғалық сипатын дамытуға бағдар берер жолдары жоғарыдағы талаптармен жүзеге асады. Бұдан кейін ұжымдық даму жүйесін қамтамасыз етерлік кеңістіктің сипатын айқындайды. Ол мынандай жүйеге құрылады:

– ұжымдағы студенттердің мәдени деңгейін айқындайтын қабілет-қажеттіліктерін дамытудың амал-тәсілдері.

1. Олардың жалпы қажеттілігі мен қабілеттерінің, мәдени деңгейінің дамуындағы көріністері:

- ұжымдық мақсатты дамытудың жүйесі;
- ұжымдық бағдарламаның даму құрылымы;

- ұжымдық ойлау әрекетін дамытудың маңызы;

- ұжымдық рефлексиялауды дамытудың жолдары.

Осыдан студенттердің мынандай жеке ойлау әрекетін ұйымдастырудың жүйесі шығады:

- жеке студенттің мақсатын үнемі дамыту;
- жеке студенттің пән арқылы меңгерген өзінше топшылауы мен бағдарын дамыту;
- жеке студенттің қабілетін дамыту;
- жеке студенттің қажетін дамыту.

Сөйтіп, студенттердің ойлау әрекетін танымдық деңгейліктерін үздіксіз үнемі артып отырылуына, олардың өзін үнемі дамытуына басшылық жасалады. Бұрын тоталитарлық басқару жүйесі тексерудің негізінде құрылса, жаңаша басқару әр адамның қабілетін ескере отырып, бойындағы бар қабілет пен қажеттіліктерін өздігінше дамыта отырып, іскерлігін шыңдай түсуге бағыт береді.

Технология жүйесінде студенттер диагностиканы оқу қызметі мен бағытына негіздеп жүргізеді. Қандай тәсілмен көздеген мақсатты жүзеге асыруға болады? Міне осындай сұраққа жауапты ол екі тәсілмен шешеді:

- айқын жүйелілікпен (қағидалар мен деңгейліктері ашылады, олардың өзара байланыстары) бұл тәсілді педагогика ілімінде таксономия дейді;

- мақсатты өте анық ережемен, түсінік-темемен сипаттау.

Мұндай әрекеттегі жүйе әр студенттің ең маңыздысын теріп алуына, танымын терендетуіне, алғашқы мақсаттың кезеңдерін жіктеуіне, болашақтағы жұмысын айшықтауына бағдар жасайды. Нәтижесінде әр студент өзінің қабілеті мен қажет мөлшерін шығарып алып, қандай білім көлемін меңгергенін саналы түрде білетін болады. Бұл студенттерді өз-өзіне сын көзбен қарауға, әділдік әрекеттері күннен-

күнге дамытыла түсуіне мүмкіндік бермек.

Ойлау әрекетін дамыту технологиясы Жүсіпбек Аймауытов пен Мағжан Жұмабаев еңбектерінде де бар.

Басқаруды екі түрлі мәнде ұйымдастыруға болады:

- студенттің танымдылық (когнитив) деңгейін экспериментальді әдіс (тест, компьютер).

- эмоциялық деңгей (аффекті).

Студенттермен қарым-қатынаста оқытушы мынандай етістіктерді қолданады: талда, жинақта, сарала, ең маңыздысын жүйеле, қажеттісін меңгер, өзіңше сипатта (интерпретировать), бағала, есіңе, жадына сақта, қайта құр, қолдан, өзіңше баянда т.б. келтірілген етістіктер жалпы мақсаттардың ұжымдық ойлау әрекетін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Ал керісінше, жеке мақсат, жеке ойлау әрекетін ұйымдастыратын етістіктер мыналар: біл, әрекеттен, ойлан, түрлі жолдарын қарастыр, түрін өзгерт, дұрыс құр, алдын алып әңгімеле, өзекті мәселені ажырат, қайшылықты бөліп ал, қарапайым жолмен баянда, жүйеле, жүйесін бұз, түйсін, меңгер т.б.

Әрине, әр студенттің шығармашылық өзіне тән дарыны болмаса, оны мың жерден дұрыс басқарғанмен, ешбір нәтижеге жетпесі түсінікті. Бірақ студенттің бойындағы қадір-қасиетін құндай білуіне, оны одан әрі дамыта алуына басшылық жасау қарым-қатынасы мүлдем басқа. Біздің келтіріп отырған сипаттамамыз – екіншісі.

Жалпы ортақ үндестік болмайынша, оқытудың жалпы, ортақ мақсат-мұратына жету мүмкін емес.

Жинақтау жұмысын төмендегіше жүйелеуге болады.

- сыртқы жағдайларға сипаттама, рефлексиялау;

- жуықта болатын нәтижелер, оған жеткізер мақсат пен мазмұн, әдіс тәсілдер мен құралдар, технологиялар;

- мақсаттың бағасын, салмағын шығарар белгі мен әдістердің белді-белді түрлері.

Басқарудың ғылыми құрылымын пәнді пішіндеудің негізінде қарастырған:

- жүйе (пән);

- межесі;

- қасиеті;

- көрсеткіші;

- әдісі.

Ең бастысы адам мен дүниені байланыстыратын барлық ғылым салаларына ортақ заңдылықтар мен қағидаларды сұрыптауды негізге алған. Ол үшін әр пәннің ішкі заңдылықтарының негізгі тірек нүктелерін іріктеген.

Жоғары оқу орны ұжымы мұның бәрін әр пәннің ішкі заңдары мен ережелерінен іздейді. Оның жалпы жүйесі былай болып келеді:

- дидактикалық;

- табиғилық;

- қоғамдық;

- логикалық;

- математикалық;

- тілдік.

Қорыта келгенде, оқу жоғары оқу орнының студенттері мен оқытушылары жұмысын басқарудың ғылыми жүйесі даму кеңістігінің сипатына икемделе құрылғанына көз жеткізгендейміз.

Студенттер өз ісін мақсаттылықпен жүргізу үшін жаттығу тапсырмаларын береді. Соның біреуін мысал ретінде келтіріп өтейік:

Дидактиканың өзекті міселесі туралы қандай ой-тұжырым бар?

Оқыту мазмұны жөнінде нені еске сақтау керек?

Жоғары оқу орны қандай талаптар жүйесінде құрылуы қажет?

Бүгінгі жоғары оқу орны түрлерінің маңызы бар ма?

Кәсіптік білімнің берері не?

Қандай құжаттар арқылы оқытудың мазмұны айқындалады?

Оқу жоспарының ерекшелігі неде?

Әр бағдарламаның соңғы нәтижеге жеткізер мүмкіндігі бар ма?

Қалаған бір оқулыққа талдау жасай аласыз ба?

Бүгінгі білім заңының мәні, алатын орны қандай?

Осы жаттығу арқылы оқытушылардың танымдық деңгейліктеріне баға беріліп, шығармашылық, шебер, орта дәрежедегі оқытушылық жұмыстың құрылымы жинақталып, ол жоғары оқу орны құжаттарының негізіне айналды.

Жалпы ұжымның жұмысы төмендегідей блоктарға жіктеледі:

I. Дидактика нысанасының жүйесі;

- білім мазмұнының жүйесі;

- оқу жоспары, тұжырымдама, жарғы, заңы, бағдарлама, оқулықтар, қосымша әдіс-тәсілдер нұсқаулар т.б.

- білім мазмұнының өлшемдері;

- әр пәннің ішкі мазмұны.

II. Оқу барысының маңызы:

- жалпы оқу барысының сипаттамасы;

- таным, ойлау әрекетінің әдіснамалық негізі;

- студенттердің ақыл, ой-парасат деңгейінің даму ағымы;

- оқытудың мазмұны мен ішкі - сыртқы қозғаушы күші;

- оқу барысының талдамасы;

- оқыту сарыны.

III. Оқытудың заңдылықтары, қағидалары, ережесі:

- оқытудың заңдылығы;

- оқытудың принциптері мен ерекшеліктері;

- оқытудың мазмұны мен негіздеу қағидалары.

IV. Оқытудың әдіснамасы:

- әңгіме әдісі: түсіндіру, әңгімелесу, оқылықпен жұмыс

- көрнекілік әдісі: байқау, көру

- тәжірибешілік: жаттығу, оқу-тәржімелік, шығармашылық

- оқыту әдістері мен технологиялары нәтижеге бағдарлау:

1. - алгоритмге түсіру (ретін)

- оқытудың бағдарламалау тәсілі.

2. Студенттердің оқу әрекетіндегі шығармашылық құлшынысын ояту.

- қатыс (коммуникация) құралдарынан қажетін жинау;

- әдістері, технологияларды саралау.

IV. Студенттермен жүргізілетін оқыту әдістерге ұйымдастырудың түрлері:

1. Оқытудың дамыта жүргізілуінің түрлері.

2. Сабақтың үлгісі және құрылымы.

3. Саяхат сабағы.

4. Нақтылы заттарға сүйену сабағы.

5. Сабақтың тиімділігін арттырудың жолдары:

- ойын;

- әсемдік пен қызығу сезімін ояту.

6. Үйге берілетін тапсырманы ұйымдастыру.

7. Қосымша сабақ өтудің әдісі.

8. Оқытушының сабаққа әзірлігі.

Қорыта айтқанда оқу орны басшысы мен оның орынбасары жоғары оқу орнын басқаруды нәтижеге бағдарлаудың сұрыптап алғанын аңғарғандаймыз.

Жоғары оқу орнын басқарудың баяндылығы өзіне ыңғайланған мемлекеттік қалыпқа негізделе құрылған құжаттарына тікелей байланысты. Сол себепті жоғары оқу орнының басқару ісіне қажетті құжаттардың құрылым-жүйесіне тоқталып өткен артық болмас.

Жоғары оқу орнының білім беру тұжырымдамасы

Бүгінгі таңда жоғары оқу орны мәртебесінің мазмұнына, талабына сай келерлік өреден шығудың бірден-бір жолы - әр студенттің жан дүниесінің құлқын (субъектісін) зерделей, зерттей отырып, оның ыңғай-біліктілігін, қабілетін, іскерлігін дамытуды жүзеге асыру.

Жалпы білім берудің қалыптық жүйесін ескергенмен, әр оқу орнының өзіндік іс-әрекетінің құрылымына қарай ерекшелігі бар.

Қалыптасып қалған кәсіптік дәстүрлермен бүгінгі қарым-қатынас барысында кездесетін қарысып қалған қиыншылықтар мен қайшылықтарды шеше қою оңай іс емес. Олай болса, жоғары оқу орнының негізгі атқарар мақсаты не? Ол – өлшеп-пішуге мұршаны келтірмейтін, кездейсоқ

сәттердегі әртүрлі шытырман жағдайларын (ситуациялардың) шиеленіп қалған түйінін шешерлік кәсіби шеберлік пен өнерді меңгеру, яғни үнемі өзгеріп отыратын іс-әрекеттерге ғылымның жаңа теориялық тәжірибешілік жетістіктерін орынды қолдана білу. Мұндай тұлғалық, даралық қасиеттерге жету тек ойлау әрекетін танымдық (когнитив) пен ішкі, сыртқы қозғаушы күштердің даму үйлесімінің қызметіне негіздей құрылып әр студенттің (индивид) өз-өзіне сынмен қарауды дағдыға айналдырып, іскерлігін дамытып, шығармашылық қабілетін үнемі, үздіксіз толықтыруға бағыт беру барысында жүзеге асары сөзсіз. Жұмыстың мұндай жүйесі әр студенттің назардан тыс қалмауына мүмкіндік туғызады. Олай болса, біздің бағдарламамыз барлық ғылыми салаларының мазмұны арқылы әр студенттің ойлау әрекетінің шама-шарқына сәйкес оқытудың дамытыла жүргізілетін жүйесіне бағындырыла құрылады.

Білім берудің өзекті мәселелері

Әр семестр сайын талдау-жинақтау, жалқылау-жалпылау, ізденіс мәселені зерттеу тәрізді әдістермен жоғары оқу орнының жалпы ғылым салаларына дәріс беріп жүрген оқытушылардың оқыту барысындағы іс-әрекеттерінің сипаты рет-ретімен баяндалып отырады. Жоғары оқу орнының оқу ісіндегі қол жеткен жақсы жетістіктерді жою үшін оның ғылыми алқасы мынадай мәселені шешуді ұйғарды: (сипаттама тіркеледі).

Оқытудың ұтымды технологияларын пайдалану - студенттің тұлғалық болмысын дамыту құралы. Жалпы жоғары оқу орны жоғарыда тандап алған мәселесін барлық ғылым салаларының мазмұндары арқылы шешуді көздейді.

а) әдебиет, тарих, тіл пәндері арқылы әр студенттің әлемдік деңгейдің (иерархия) кісілік, адамилық өренің дамуы үшін дінгек болар интеллектуалдық шыңын (кульминация) өзіне мұрат (идеал) ете білу қабілеттерін жетілдіруге пайдалану;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылатын қазақ тілінде және

ұлтаралық тіл - орыс тілінде еркін сөйлеу;

- әлемдік интеллектуалды меңгеру мақсатында шет тілдерінің лексикалық минимумын білу;

- өзінің әрекетінде кәсіптік лексиканы сауатты пайдалану;

ә) математика-экономика, жаратылыстану-әлеуметтану арқылы әр студенттің бойында қоғамдық даму процестеріне еліміздің дәулетін байыту үшін математика ілімінің ЭЕМ және есептеу техникасын меңгеруге ғылыми көзқарасты дамыта білу, оларды әлеуметтік-экономикалық саясатты оқып-үйренуге баулу, мемлекеттік құрылыстың заңдылықтарын, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар, жалпы заң негіздерін білу, білім туралы заңын игеру, мұның бәрі әр студенттің әлемдік деңгейдің кісілік, адамилық өренің дамуы үшін дінгек болары әлемдік өрістің интеллектуалдық шыңын өзіне мұрат ете білу қабілеттерін шыңдауға пайдалану.

б) дене шынықтыру саласында:

- салауатты өмір салтын игеру;

- студенттердің жасына сәйкес физиологиялық ерекшеліктерін білу;

- спорттың барлық түрлерінен нормативтерді білу.

Жоғары оқу орны мәртебесімен білім беретін оқу орнының мақсаты, міндеттері мен қызметі.

Жоғары оқу орнының көкейкесті мәселелерін шешу үшін педагогтық ұжымның алға қойған мақсаты: әрбір пән айналымдарының әдістемелік сұхбатында, ғылыми кеңестерінде кісіліктің, адамилықтың, тұлғалықтың даму желісіне бағдарлайтын, әр студенттің ойлау әрекетін толықтырып отыруға мүмкіндік болатын, соңғы нәтижелерде қол жеткізетін технологияларды диагностика негізінде меңгеру.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін жоғары оқу орны төмендегідей міндеттерді оқыту-тәрбиелеу іс-әрекетінің тіректері деп есептейді: (диагностика жүргізудегі қажетті міндеттері мен қызметі)

- әр студенттің өз бетінше біліктілігінің құрылымын дамыту барысындағы ойлау, парасаттау мөлшерінің өсіп отыруы, терендей түсуі;

- әр студенттің іс-әрекетін жобалау үлкен жүйелердің кіші жүйелерінің іштей сабақтастығының себеп-салдарын ажырата, салыстыра меңгерудегі аналитикалық (сарапшылық) қызметі (неліктен?) қалай? (бағындырыла құруы бұл білімнің тұтас, саналы, бірізділікпен қабылдануын қамтамасыз етеді) жүйеленуі;

- әр студенттің іс-әрекеттерін жобалауы меңгерген біліктілігін ойлау жүйесінің тапқырлығына сүйенуі; (при гибком уме человек легко переходит от прямых связей к обратной, от одной системы действий к другой, если этого требует решаемая задача, он может отказаться от привычных действий и т.п.) (Калмыкова З.И. «Продуктивное мышление как основа обучаемости» М., 1981, с. 28).

- әр студенттің іс-әрекеттегі жобалауы меңгерген біліктілігін ойлау жүйесінің өміршендігіне құрылуы (перспектива);

- әр студенттің іс-әрекеттегі жобалауы меңгерген біліктілігін ойлау жүйесінің дәлдігіне, дәлелін таба білу шеберлігіне дағдылануы.

Жоғарыда берілген жоғары оқу орнының ғылыми алқасында белгіленген көкейкесті мәселесінің мақсаты мен міндеттерінің қол жеткізер табыстары мыналар:

- жоғары оқу орнында жүргізілетін барлық пәндер адам тағдырының тұрмыс-тіршілігіне қызмет етеді, әр студент өзінің қажетіне, қабілетіне қарай біліктілігі мен ізгілігін дамытады;

- әр студент вербальды әдістен арылып, өзінің ойлау әрекетінің күннен-күнге дами түсуіне түрткі жасайды;

- әр студент уақыт пен кеңістік талабына сәйкес биоәлеуметтік өрістерін дамытуға мүмкіндік алады;

- әр студент пәндердің айналымдағы ғылыми негіздердің детермендігін табуға талпынады;

- әр студенттің өз бетінше іздену-зерттеу іс-әрекетінде жинақтаған білімін ойша шығарып, тәжірибеде қолдануы;

- әр студент рухани жан, ұждан таза-лығының қорегін айнала қоршаған кеңістіктен алуына дағдыланады. (Ноосфера, Биосферадан қажетін алады, Эфирная, Ментальная Космическая).

- әр студент білім алу үрдісінде өзіне қажетті әрекетті мақсатты, мазмұнды, әдіс-құралдарды, даму қарқыны, өз-өзін бақылау әдетін саналы меңгереді, оны өзінің тәсіліне айналдырады.

ҰОӘ: (Ә-М-М-Ә) (Қ-Да-Р) Ұжымды ойлау әрекеті: әрекет-мақсат-мазмұн-әдіс-құрал-даму (адам, қоғам) рефлексия.

- әр студент өзінің алған білім мөлшерін пішіндейді, үлгілейді, салыстыру, қорыту, көз алдына ойша жобалау іскерліктері шыңдалады;

- әр студенттің алған білімі өмір сүру ортасына ыңғайлану өрістеріне қызмет етеді, нәтижесінде биоәлеуметтік жүйеде өз-өзін дамыту барысында білімнің қабілеттеріне қарай қажетті белгілері (функциясы), оның көздері (источники), механизмі, заңдары, нәтижелері әр блок түйінделген сайын айқындалып отырады;

- әр ғылым саласындағы ұсақ жүйелердің тұтастықта қайталана отырып, бірте-бірте күрделену принципі дидактикалық бірліктерді шоғырландыру нәтижесінде (УДЕ технологиясы) жүзеге асады.

Ұлттық тәрбиенің тұжырымдамасы.

Ұлттық тәрбие мазмұнын дамытудың ғылыми негіздері:

- дүниеге ғылым негіздерінің білім жүйесімен қарау (шоғырландыру);

- жаңа ақпараттарды өздігінен дұрыс қабылдап, әділ бағалауына, құндылықты өз тәжірибесіне сұрыптап ала білуіне, дереу шешім табуына бағыттау;

(Бірізділік принципімен құрылады).

- ана тілі мен ұлтаралық қатынас тілдері, өзінің және басқа халықтардың тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін сыйлай білуге баулу (ізгілендіру).

- өздігінен денсаулығын, эстетикалық талғамын дамытуға дайындау;

Жоғарыда айтылғандарға байланысты ұлттық тәрбие мазмұнын жаңарту тұжырымдамасының негізгі бағыттарымен байланыстыру.

- білімнің жоғары оқу орныдағы мемлекеттік қалып ауқымын ізгілік негізіне бағдарлап, тереңдету, қазіргі ғылымның динамикалық (жылжымалы) құрылымына сәйкестендіру;

- студенттердің танымы (когнитив) мен эстетикалық әрекет тәрізді қасиеттерінің оңға қарай ыңғайлана дамытылуына жақсы жағдай туғызу.

Жоғары оқу орныдағы ізгілендіру және білім мазмұнын дербес қарастыруды былайша болжамдайды:

- студенттің іс-әрекет субъектісі және жеке тұлға ретінде ізгілік жетуіне мүмкіндік туғызу;

- қарым-қатынас жүйесі ізгілік негізінде меңгеріліп, аналитикалық қызметке машықтануына жаттығулар жүргізу.

Ұлттық тәрбие мазмұнын айқындаудың негізгі қағидалары:

- ұлттық тәрбие мазмұнының дербес жүйе ретінде қалыптастыруға мүмкіндік беретін жүйе қызметінің толықтығы. Студенттің оқып үйрену субъектісі тұрғысынан қабылдануы ескерлді;

- қоғамдық өмірдің қандай бір болмасын ғылыми саласында негізгі ұлттық тәрбие мазмұнының жүйеге енгізіледі.

Ұлттық тәрбие мазмұнына қойылатын әлеуметтік талаптардың ерекшеліктері мен қағидалары:

- ұлттық тәрбие мазмұны арқылы өз халқының, ұлттық мәдени-тарихи байлығын жалпы азаматтық мәдени мұрасымен ұштастыра меңгеруге мүмкіндік беретін сабақтастық;

- аймақтық ерекшеліктерді қоғамтану ілімінің ізгілік мазмұнына негіздеудегі тапқырлық;

- студенттерді даралап, саралап оқытуды негізге ала отырып, білім мазмұнын

жаңартудың көп деңгейлік жолдарын жүзеге асырудағы шеберлік.

Жоғары оқу орнын басқару мынадай маңызды мәселелерге көңіл бөледі:

- бағдарлама барлық жоғары оқу орындарында жүргізілетін негізгі ілімдердің ішкі, сыртқы мақсатары мен міндеттерін жалқылай, жалпылай жіктеу;

- аталған жекелеген пәндердің тұтастықта қабылдануын қамтамасыз етер ең басты деген мақсатты тәжірибеде ұтымды шешу;

- педагогтық ұжымның біліктілік деңгейліктеріне (иерархиясына) орай олардың өз-өздерін және сырттай (курс, конференция, семинар кеңестер т.б.) үзіліссіз, үздіксіз білім дәрежелерінің біліктілік, ғылымилық басқыштарға көтерілуіне жақсы жағдай туғызу;

- әр оқытушының кәсіптік деңгейінің өсуін кәсіпорын ашу ісіне бағдарлау.

Жоғары оқу орны тұжырымдамасының нәтижеге жеткізер желісі – жоғары оқу орнын басқару үдерісіндегі бағдарламасы.

Бағдарлама елімізде 70 жыл өмір сүріп келген вербальді (сөз) жүйе мен даурыкпа (демагог) «істі» қоштайтын № 1 пішінді (модель №1) барлық оқытушылардың бойынан аластауына мүмкіндік туғызады (Басқару ісінің басты мақсаты).

Олай болса, жоғары оқу орны бағдарламасының басқару жүйесі әр оқытушының тұлғалық қабілеттілікті меңгеру үшін материалдық қорлар мен әдіснамалық негіздерді басшылыққа алып, ұстаздық істің нәтижеге жеткізер деген не бір құнды ойлары мен халық қазынасын жинап, оның жандануына мұрындық болады.

Нәтижесінде әр оқытушы өз-өзін дамытады, пәннің ішкі мазмұнын анықтайды, оның үнемі дамытылу жүйе көздерін табады, студенттер ұжымын басқару механизмінің тетігін ашады, осы іс-әрекеттерді дұрыс жүзеге асырудың заңдары мен қағидаларын сұрыптайды, нәтижеге жетер желіні дұрыс болжайды.

Бағдарлама талаптары:

- ғылым талаптарына сай ізгіліктің адам

бойына пәндердің мазмұн құрылымдары арқылы сіңірілуі;

- оқу жоспары мен оқыту мазмұнының мақсат, міндеттерінің дұрыс саралануы (бақылау);

- оқулықтағы материалдар терең логика мен бірізділік, тұтастық құрылымда болып, өзара сабақтастықта құрылуы;

- ғылыми (студенттердің физиологиялық-психологиялық ерекшеліктеріне, жастарына сай) теория мен тәжірибе байланысының жүйесінде қабылдануы;

- барлық анықтамалардың меңгерілуі, еске сақтау қабілеттерінің ұшталуы.

Жоғары оқу орны басқару жүйесі әр студенттің өз-өзін дұрыс тани білуіне, қажеттілік пен қабілет мөлшерін іштей жобалауына, өзінің бағасын шығаруына мүмкіндіктер туғызады.

Студенттердің өзі-өздеріне жетістік, толдық, кемелдендік, дамыдық деген бағаны беруі үшін үнемі нәтижеге жеткізер әдіснамалық желіні алдын-ала көре білу іскерліктері ширауы керек. Бұл мақсатқа жеткізер үдерістер:

- жоспарлау;

- ұйымдастыру;

- сарынын белгілеу;

- бақылау.

Пәндерді жоспарлау мынандай аналитикалық жүйеге бағдарлайтын сұрақтардан құрылады:

- Бүгінгі күні қай жерге жеттік?

- Қайда, қандай нәтижелерге жетуіміз керек?

- Не істеуіміз керек?

Бірінші сұраққа жауапты бүгінгі күннен іздеуіміз керек. Ол талдау, жинақтау електерінен өтіп сұрыпталады.

Басқаруды ұйымдастырудың кілті - әр оқытушының іс-әрекетін шыңдау (делегирование). Әр оқытушының шама-шарқына лайықты жұмыс беріп, оның үнемі шыңдалуына басшылық жасау басты мақсат болып отыр.

Жоғары оқу орны басшыларының басқару жолдары (мотив) даму жүйесін қамтамасыз

ететін «Мына адам жұмысын нәтижелі орындауы үшін не істеуіміз қажет?» деген сұраққа іздеу барысындағы ынтымақтастық істің нәтижесіне жетелейді.

Бұл жолдың төмендегідей екі амалы бар:

- оқытушының үнемі еңбекке өзін мәжбүр етуі;

- егер адам өз мақсатын дұрыс түсінсе, ешбір сыртқы бақылаусыз, өз-өзін басқару, бақылау негізіндегі еңбекке деген құлшынысын оятуы.

Оқытушылардың бірінші орында әлеуметтік-тұрмыстық хал ахуалдары, екінші орында шығармашылық ынтасы, үшінші орында кәсіптік шеберліктің шыңына жету ықпалы байқалады.

Ол үшін мынадай қасиеттерге ерекше көңіл бөлінеді:

- өз-өзін таныту (когнитив);

- өзін мойындату;

- әлеуметтік қажеттілікке мойын сұну;

- қауіпсіздік қажеттілікке бағдар жасау;

- негізгі физиологиялық қажеттіліктің біліктілік сатысына көтерілуі. Әр пәнге жаңаша философиялық көзқарас (парадигма).

Бақылау төмендегідей кезеңдерге жіктеледі:

I кезең. Қалыпты айқындау (мақсат, міндет, кеңістік, уақыт).

II кезең. Қол жеткен табысты басқа сапаға айналдыру.

III кезең. Мүмкін болар нәтижені бұрынғы қол жеткен табыстармен салыстыру.

IV кезең. Өзекті мәселені шешу.

Аталған жұмыстың барлық болмысы 3 блоктан тұрады:

I теориялық - ғылыми;

II технологиялық;

III құжаттар.

Бұл блоктар бүгінгі оқыту жүйесіне дейін де өмір сүріп келді. Олар мынандай теориялық ағымда жіктеледі:

- проблемалап оқыту теориясы (М.И. Махмутов, И.Я. Лернер, Н.М. Матюшкин);

- оқытудың даму жүйесінің теориясы (Л.В. Занков, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов);

- оқыту белсенділігін арттыру теориясы (Т.И. Шамова, Н.К. Марков);
 - мазмұнды қорытып оқыту теориясы (В.В. Давыдов);
 - танымдық қызығушылықты дамытудың теориясы (Т.И. Щукина);
 - оқытудың ұтымдылығын жүзеге асыру теориясы (Ю.К. Бабанский).
 Бүгінгі оқыту жүйесінде жоғарыда берілген теориялық ілімдердің жеке-жеке өмір сүруі нәтижеге қол жеткізбейді. Сондықтан даму жүйесінде қажет ететін кейбір қағидалар сараланып алынды. Соның ішінде И.Я. Лернер, Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов

Бірінші эмпириялық

- қажетті оқулықтарды іздеу
- қажетті құжаттарды үнемі оқу
- ұжымды бақылау
- сауал, амалдар құру
- ауызша сөз, сұхбат ұйымдастыру
- тест өткізу
- озықтық үлгідегі тәжірибелерді жинақтау

Мұның барлығы студенттердің жеке физио-психологиялық, биологиялық ерекшеліктері, олардың қабылдау қабілеттері ескеріліп, мүмкіндіктеріне сай жұмыстардың сұрыпталуымен жүзеге асуы бақылаушылар назарында болады.

Талдау-жинақтау, жалқылау-жалпылау, ізденіс, мәселені зерттеу тәрізді әдістермен жоғары оқу орнының жалпы пәндер салаларына дәріс беріп жүрген оқытушылардың оқыту барысындағы іс-әрекеттерінің сипаты рет-ретімен баяндалады. Жоғары оқу орнының оқу ісіндегі қол жеткен жақсы жетістіктерді одан әрі дамыту үшін және кемшіліктерді жою үшін жоғары оқу орнының ғылыми алқасы мынандай өзекті мәселені шешуді ұйғарды:

Оқытудың ұжымды технологияларын пайдалану – студенттің тұлғалық болмысын

т.б. теориялық қағидалары назарда болады. Әр оқытушының шығармашылық қызметінің механизмі былай сараланады:
 - модификациялы-жетілдіру (ескіні жамау);
 - комбинаторлы - кейбір жаңа элементтерді енгізу;
 - радикал-түбірлі жаңалықты ұжымның іс-тәжірибесіне ғылыми негізде енгізу.
 Біз бүгінгі таңда аталған жіктеменің түбірлі жаңалық бағытындамыз. Жұмыстың нәтижелі болуы үшін екі жақты меңгеру технологиясы ұсынылады:

Екінші теориялық

- теориялық ғылыми негіздерін саралау
- тарихи-генетикалық тамырын ашу
- пішіндеу
- ойлау әрекетін дамыту
- алдын-ала електен өткізу
- салыстыру, жіктеу
- абстракциялау
- жүйелеу
 - ұқсас үлгісін табу
 - талдау
 - жинақтау
 - интеграциялау
 - матрицалау

дамыту құралы. Ал осы даму кеңістігінің саралап, даралап оқыту жүйесі аталған үш бағыттағы әдіснамалық ғылыми негіздің құрылымынан тұрады. Сол сүйенер материалды мазмұн ретінде салып, ең басты деген маңызды ойларды жеке даралап, саралап алу деген сөз. Бұл әрі оқыту, әрі ғылыми тұжырым.

Басқару жүйесінің баяндалған мазмұн-құрылымы дұрыс ұйымдастырылса, төмендегідей жоғары оқу орнының түлектерінің білім меңгеру барысындағы Тұлғалық Пішіні дамытылмақ:

- табиғи қабілеті мен қажеттілігіне орай әлеуметтік ыңғай, икем, іскерлік, дағды, біліктіліктің танымдық (когнитив) даму заңдылығына сәйкес келу;
- республикалық, әлемдік біліктілік пен ізгіліктің тәжірибесіне (стандарт) өзінің

бойындағы өнері мен кәсіптік ыңғайын табиғи қуатына сәйкес үздіксіз, үзіліссіз дамытуы үшін қатыс (коммуникация) құралдарынан керегін саралап, сұрыптап алу машықтарын ширату;

– кәсіптік техникалы-эстетикалық мазмұндағы ғылым, білім салаларынан өзінің ыңғайына сәйкес болашақ кәсібінің мәнін айқындап, оны меңгерудің әдіснамалық негіздерін тұжырымдау;

– алған білімдерін тәжірибеде қолдана алу іскерліктерін дамыту мақсатында өз-өздерінің деңгейліктерін (иерархиясын) тексерудің амал-тәсілдері мен технологиялық қырларын игеруге мүмкіндіктер туғызу (қисық құрылған есептер мен жаттығулар, тест, сөзжұмбақ т.б.);

– адамның ішкі сырын дамытуға түрткі болатын табиғаттың құпия заңдылықтарының ішкі жүйесін айқындайтын кейбір құбылыстары жайлы өзінше топшылаулар мен тұжырымдар құрастыру;

– субъект, субкатегория тәрізді мистикалық түйіндердің ғылыммен ұштастығын түсінетін қабілеттілікті шыңдау;

– ғылым салаларындағы бір нысанаға әр түрлі берілген тұжырымдамасын (концепциясын) салыстырып өзінше қорытынды шығара алатын шығармашылық ғылыми машықтарды жаттықтыру;

– эстетика бағытындағы пәндердің студенттер бойындағы табиғи өнеріне сәйкес келіп, одан әрі өз-өздерінің дамыту әрекеттеріне бағындыру заңдылығын жүзеге асыру;

– жоғары оқу орны қабырғасында студенттердің ұжымдық ойлау әрекетін ұйымдастырып, әрбір жұмыстың нәтижесіне жетер желіні болжауға бағдар жасау.

Нарықтық қоғам талаптарына сай бір нәрсені сақтау, жаңаның ұтымдысын алу сияқты түсінік әр студент пен оқытушының заңды бағыты. Ұлттық тәрбие бүгінгі таңда студенттің танымдық, сезімдік қабілеттерін дамытарлық деңгейде болуы керек. Ұлттық тәрбиеде студентке төмендегідей соқыр сезімдер кездессе, тәрбие жоспары ол жат мінездерді жоюға бағытталып құрылады.

Соқыр сезімдер мыналар: сарандық; бәсекелестік; ашуқойлық; озбырлық; еліктеу; мақтансүйгіштік; екі жүзділік; меншіктеу; жәбірлеу; опасыздық. Аталған соқыр сезімдер студенттерде аз кездессе, онда даму өрісіне үндестік бар деп есептеліп, аздаған жат мінездерін дұрыстыққа бағыттап, оны ізгілікті арнаға салу үшін жеке бас ерекшеліктері ескеріліп, жұмыстың түрлері жоспарланады.

Екінші – студенттердің ұлттық тәрбиесі. Бұл топтың студенттеріне субъективизм, өзінше оқшаулану әрекеттері басым болады.

Толқулық (переходный) – жеке бас ерекшеліктеріне сай әрекет. Аталған студенттердің төмендегідей соқыр сезімдер кездесуі мүмкін:

- меншікті сезім;
- іштарлық;
- көнгіштік;
- күндестік;
- таласу;
- көпшілік;
- жәбірлеу;
- төбелесқойлық;
- тентектік;
- таңсыққойлық;
- фанатизм.

Жіктелген соқыр сезімдер студенттердің бойына сіңісіп кетпес үшін сөз құдіретін, бейне-теле-аудио, баспасөз сияқты қатыс (коммуникация) құралдарын тәрбиешілеріміз аналитикалық қағидаға (не? неліктен? қалай?) сүйеніп, тәрбиені ізгілікті қасиеттерге бұруға барынша мүмкіндіктерін пайдалану үшін басқару әкімшілігі қозғаушы күш болып келеді.

Ізгілік жолын студент санасына жеткізу мақсатында өткен тарихымыз бен мәдениетіміздің ең құнды деген жерлерін тәрбие жұмыстарына мұрындық ету көзделеді.

Адам баласының бар мүмкіндігі - кіші құдіреттілікке жете алуы.

Тіпті сонау Құлтегін ескерткіші мен XI ғасырда өмір сүрген Қараханиттер мемлекетін басқарған тұста өмір сүрген

бабамыз, әлемдік данышпан Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігін» және А. Құнанбайұлының өлеңдері мен кара сөздерін тәрбиелеудің тірегі (субстанциясы) ретінде пайдаланамыз.

Студенттеріміздің жүрегіне ұялатар ізгілік сезімін түсінерлік көздерді бәйттерден сұрыптап алып, тәрбие жұмыстарында ұтымды қолдану назарда болады. Ол тұжырымдар төмендегідей:

Білімсіздің тілін тиган жөн болар,
Білімдінің сөзін жиған жөн болар,
Білімдінің нұрлы сөзі сарқылмас,
Бастауы – кең бұлақ көзі тартылмас.
Қара бастың қарақшысы – қызыл тіл,
Қанша басты жұтты, үзіп ұзын тіл!
Басты ойласаң, тыйып ұста тіліңді,
Басың жұтар тізгіңіз тіл түбінде.

Мұндай меже-талап – студенттердің тілге деген көзқарасын дұрыстыққа ыңғайлап қалыптастыруына түрткі.

«Құдатғу білік» 1069-1070 жылдары 18 айдың ішінде жазылған. Авторы: Жетісу өңірінің Шу өзенінің бойындағы тарихқа ықылым заманнан бері белгілі ірі шаһирлардың бірі – Жүсіп Баласағұн. Жүсіп қоғамдық-әлеуметтік мәні терең, халықтың моральдық-этикалық бағдарламасы іспетті еңбегін 54 жасында (Түркия ғалымы Рашид Рахмати Араттың жобалауы бойынша) жазған. Ежелгі Баласағұнда бастап, Қашқарда аяқтап, Қараханидтер мемлекетінің сол

кездегі әміршісі Бұғра ханға ел басқару, ал арасындағы ізгілікті қарым-қатынас құру жайлы данышпандық ой-түйіндерін тарту еткен. Бізге «Құтты біліктің үш қолжазбасы жеткен. Бірі – қазір Венада сақтаулы тұрған Вена нұсқасы. Үш Нұсқасын таба келе С.Е. Малов Каир, Наманған нұсқаларының өзара жақындығын айтқан.

Кітап 4 ұғымнан құрылған: бірі - әділ (әділет-қоғамдық-әлеуметтік заң); екіншісі – дәулет (бақыт); үшіншісі – ақыл (ой, парасат, пайым, парық, бағам); төртінші – қанағат.


Бұл кітаптың құндылығы адамды екіге бөліп қарау:

1. Танымы;
2. Сезімі;
3. Тәні;
4. Жаны.

Бүгінгі нарықтық қоғамның әлеуметтік жағдайы бұрынғы коммунистік, атеистік көзқарасқа жат дүниетанымды, діннің, мистиканың адам өміріне лайықты ғылыми негізіне сүйене отырып тәрбиелеуге ұмтылдырады. Олай болса, аталған баба өсиетнамасының ішінен таңдарымыз мына жолдар:

Аллаға: Іш пен тысты бірдей бөлген адам асыл.

Бұл мәтіннен төмендегідей технологиялық карталар студенттерді тұлғалық қабілеттерге жетелейді:



Тілесен сен есендікте жүруді,
Жаман сөзге қимылдатпа тіліңді.
Кісілерге мирас ата сөзі ғой,
Ата сөзі ұқсаң – құттың кзі ғой. (67 б.)

Кісі міні ақылменен күзелер,
Халық міні білімменен түзелер.
Бұл екеуменен қыла алмасаң жұмысты,
Білімді қой, ал қолыңа қылышты!
Ақылды бек-басшысы елдің шырағы,
Қылыш жұмсау – білімсіздің қылығы. (70 б.)

Ізгілік – қылықтың сипаты.
Жамандық – от, от күйдіріп өтеді,
Жолын бөгер күш жоқ, құл қып кетеді. (72 б.)

Ақылдыға қадір құрмет лайықты,
Ақымақ жан керек, сөзбес айыпты!
Пайдасы көп, аз ақылды аз деме,
Қадыры көп, аз білімді аз деме!

Бұл мәтіннен біздің студенттедің диагностикалауға септігін тигізер мына бір жолдарды тәрбиешілеріміз жоғары оқу орында әр студент санасына жеткізуді мақсат етеді:

Ерге керек төзімділік күш-қайрат,
Тұру керек күн мен айдай нұр жайнап.
Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,
Білімділік, ақылдылық қажетті.
Барлық іске зерек болса, парықтап,
Ала білсе, өз керегін анықтап.
Сонда толық болар ісің, пішінің.
Қызбалық пен ашу жауың қордалы,
Бұл екеуі тұтқан анық сорлары.
Қызбалық-сұм, ақыл-естен тандырар,
Жайсаң ерді ашу қапы қалдырар.
Біраз нәрсе кісінің қас-дұшпаны,
Білсе оларды өзін қинап қысқаны.
Бұның бірі – тілдің жалған айқаны,
Бұдан басқа – айтқан сөзден қайтқаны.
Үшіншісі – шарапқа аңсары ауғаны,
Шексіз – текке етер өмір қалғаны.
Тағы бірі жүгенсіз іс-қылығын,
Сүймес ешкім, алған жанды шырығын.
Енді бірі – зымияндық, бықсыған...
Бұлар жетсе, бір-бірімен қосылып,
Одан құт, бақ безер аулақ жосылып.

Ақыл – қолдар, ал білімнен құт туар,
Бұл жалғанның құлқын саған ұқтырар.
Ерлік, даңқ жарасар нағыз ерге,
Зұлымдық пен іштарлық намыс елге.
Ерлік, даңқ туады кісілікпен,
Ер қадірі – берсе, егер екеуін тең!

Рахатқа машақат жүрер тұтасып,
Сүйініш-күйініш тұрар жұптасып.
Масаттансаң бәле келіп табады,
Қуаныштың ізін қайғы жабады.

Бек қанша өссе, киер бөркі зораяр,
Дәреже өссе, уайым да аумақты,
Үлкен бастың бөркі сонша салмақты.

Парықсызды өз қолымен жазалап,
Ессіздерді қуды елінен қаралап.
Елі жақын – сақ қырағы адамның.
Бейғам кісі, көр, осалдық қылады.
Жау келсе, осыларды қырады.

Енжар болсаң, ұйқы басар, нас басар,
Ұйқы басса, басындағы бақ қашар.

Берілген бәйіт үзіндісін әр студенттің тұлғалық болмысын қалыптастыруға пайдаланамыз.

Ізгілікті қасиеттерді меңгерудің технологиясы төмендегідей:

1. Тұзу заң;
 2. Тұзу құлық;
 3. Тілі шырын;
 4. Кішілік;
 5. Істің сәтін тосу;
 6. Терең ой;
 7. Терең сөз;
- Дәулеттің қасиеті:
1. Жаңарып, түлейді (өзгеріп отырады);
 2. Ескінің түбі азап;
 3. Туған нәрсе құриды;
 4. Өтер-кетер, тіршілікте бір еспе жел (дүниенің парқы);
 5. Баянды болғызу үнемі білім жиюға бағынышты.

Дәулеттің баяндылық нышаны:

1. Іздеген жан жібек мінезді (Нұрлы жүрек);
2. Көңілі, құлқы таза, саф;
3. Тілі майда, шырын тамған;

4. Жігерлі;
 5. Мекерлікті білмейді;
 6. Жауыз істің маңынан жүрмейді;
 7. Құрмет көрсеткіш;
 8. Кішіпейіл;
 9. Шарапқа аңсары аумайды;
 10. Несібесін шашпайды;
 11. Қол мен тілін бос ойыннан тияп ұстайды;
 12. Көрінгенге еріп, лақпайды;
 Әділ заңның сипаты:
 1. Сыйлайды;
 2. Ішін ашпайды;
 3. Әділ заңын сайлайды.
 Әділдің 3 қыры:
 1. Өзі әділ;
 2. Үкімі де әділ;
 3. Сот үкімі де әділ.
 Ізгіліктің сипаты:
 1. Халық үшін құрақ ұшу;
 2. Ізгі жүрек ізгілігін сатпайды;
 3. Жомарт жандар құнын тілеп жатпайды;
 4. Қайырымды жан қайырым етпес есеппен.
 Ізгіліктің мазмұны:
 1. Анадан ізгі туғандар;
 Ізгілік-оң; Ессіздік-сол; Жүгің-ар.
 1. Туралық, сенім;
 2. Көрсекорлық, ұятсыздық.
 Мехнат, жапа, күйініш көз жасы – жамандықтың жолдасы.
 Рахат, Даңқ, Қуаныш, һәм Салтанат – ізгі ниет еншілейтін мархабат.
 Қызмет қылма, қалтыраған сараңға,
 Қапаланып, қор боласың аранда.
 Мұнымен бірге студенттерді жан азығы мен тән азығы жайлы түйсіктері оянуы үшін оған Баласағұн бабамыздың берген анықтамасын тірек ұғым ретінде тәжірибеде пайдаланамыз:
 Сауал берсе – шеш тілінді жасырма!
 Сұрамаса – ділмарсыма, тасыма!
 Ақылды адам қарын бакпас, ой бағар,
 Жан семіртер, ой семіртер, ойланар.
 Тән семіртер – нәр ауыздан сіңеді,
 Жан семіртер – сөз құлақтан кіреді.
 Жүйелі сөз – ұлылық, ессіз сөз – жер түбіне жіберер.

- Көп шындай біл, сөздерінді тындай біл,
 Ізгі ойларыңды өз жүрекке жалғай біл.
 Қадірлісі – тіліне ұят сіңгендер,
 Жүрек сөзін жүрегімен білгендер.
Өсиетнама:
 - шулама;
 - дүние үшін отқа түспе;
 - кісі затын алма;
 - қанағат, тәрбиеші бол;
 - жиған мүлікті (әке-шешен) әрі жалға;
 - жақсылық ет;
 - екі жүздіге сенбе;
 - өсекшіні жолатпа;
 - сыннан өткен кісімен жолдас, дос бол;
 - алуға асықпа;
 - сырыңды шашпа;
 - көңіліңді жасытпа;
 - көп ішіп-жеме (былапыт болма);
 - кісілерді күндеме;
 - қызғаншықтық адам ойындағы құты мен бағын қуар;
 - бөтенді үйге үйір қылма (ниеті түзу еместі);
 - құлқынды онда (катарсис – очищение души);
 - ұяты жоқтан аулақ жүр;
 - сабырлы бол;
 - тілінді тый;
 - қиянатшыл болма;
 - қара ниетке ерме;
 - тексіз сөзді парасаттама.
 Мұнымен бірге тұжырымдамамызды халықтық өреде құрғандықтан, болашақта студенттердің қандай этикалық-эстетикалық деңгейде болуы жайлы да баба өсиетнамасынан бағдар аламыз:
 Ізгілікпен кәрі-жастың күйін біл,
 Сөз, ісіңмен ел-жұртыңды сүйіндір.
 Қай істе де қацсарлықтан айныма
 Елге түзу заң түз, ұқсын бір-бірін...
 Тый нәпсінді, сорың содан түбінде.
 Сұғанаққа сырынды ашып тарапта!
 Опасызды есігіңнен қаратпа!
 Ұл әкеңнің аркасында жаралар
 Ана қарнын тек бірнеше ай паналар.

- Ақылға сен, сан пәледен қағады.
 Ақылдың аты мәңгі-бақи қалады.
 Өзге үшін құрбан болма тектен-тек,
 Текке күйме, бағанды біл кеткенше!
 Кісілерге тіл тигізбе, жерлеме,
 Зәрлі сөз-өрт, өртке түссін ел неге?!
 Тек қызыққа құштарланба, шаттанба,
 Тегіс ұшар, қуаныш та, мақтан да!
 Қос жиһанға билік еткің келсе егер,
 Бес нәрседен қашық жүрсең, ел сенер.
 1. Зорлық қылма, аралас па арамға,
 3. Қанын төкпе, кек сақтама адамға,
 4. Шарап ішпе, азғындыққа салынба
 Нәсіп көріп алма қарғыс, назаны,
 Дананың 200 астам қарасөздері бар екеніне көз жеткізу арқылы Абай Құнанбайұлының әлемдік данышпан деп аталу себебін жан-жақты ашып отыру көзделеді.
 Мұнда адам факторын бағалаудың жан мен тән болып қабылдануына ерекше мән беріледі. Оған Абай Құнанбайұлының өз өлеңін жетекші идея ретінде қолданамыз:
 Ақыл мен Жан – мен өзім, Тән – менікі,
 Менікі өлсе өлер, өлсін оған бекі.
 Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
 Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме,
 Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
 Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.
 Ақынның басқа да өмір бар екенін мойындарлық данышпан сөзі – студенттердің тек материалистік шеңберде қалып қоймауына түрткі.
 Ұлттық тәрбие жұмыстары арқылы мұндай берілген бағдар физика, химия, математика, биология және т.б. пәндерінің мазмұн-құрылымын бүгінгі талап-мүддесінде көргісі келетіні өз-өзінен түсінікті болмақ. Олай болса, тәрбие студенттердің білім «қоймасын» «қопара» отырып, бекітерлік, жинақтарлық, қорытарлық роль атқаратыны сөзсіз. Екі сала бір арнаға құйылып, түйістіріледі (апперсепсе).
 Әсіресе, табиғатта тіршілік тынысын, әлемді билеп тұрған микрокосмос барлығын түсінген Абай Құнанбайұлының мына бір өлең жолы тәрбиеміздің басты нысанасы (объект):

- Алла деген сөз жеңіл,
 Ақылға сыймас ол алла...
 Ақылдың, ой-парасаттың падишасы,
 дана Абай болыс мырзалар мен надан дүмше молдалардың бейнесін ең жыртқыш аңға салыстырады, балайды. Мұндайларға «құйрығы-шаян, беті-адам» деп ат қойды. Мұндай бағаны өлеңдерінен де кездестіреміз.
 Кітапты молда теріс оқыр,
 Дағарадай болып сәлдесі,
 Мал құмар, көңілі бек соқыр,
 Бүркіттен кем бе жем жесі.
 Дәл осы пікір арқылы студенттердің тән азығын қуаламай, тек Кісілік сатысына көтеріліп қоймай, кіші Құдірет Медиумына көтеріле алу сырларын ұлттық әрбие жұмыстары арқылы бойларына сіңіру. Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін жүйелеп, тұтас қабылдаудың маңызы тәрбие нәрін дұрыс таба білуге бағыттаушылығы болса керек. Студенттердің Ізгілік жолын таңдауы үшін тек нұрлы сипаттайтын үзінділерді пайдалану дұрыс болмас... Сол себепті ақ пен қараны, нұр мол сұрды, ізгілік пен зұлымдықты ажыратарлық әрекеттердің жұптық қырларын қатарынан алуды жөн көрдік. Мәселен Абай Құнанбайұлының өлеңдерін тұтастықта қабылдаудың төмендегідей жүйесі назарда болады:
 Ақсақалдың әкенің, білімдінің сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.
 Наданның сүйенгені көп пен дүрмек.
 Мақтан үшін қацратсыз болыс болмақ,
 Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.
 Отарлау саясаты еліміздің есінен өшпес таңба салып кеткенін өзіміздің қарадүрсін сөзімізден түсіргеннен гөрі, Абай тілімен жеткізу де тұжырымдамамыздың негізгі мақсаты:
 /Қартайдық қайғы ойладық/,
 Орыс айтты: Өзіңе ерік берем деп,
 Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп...
 Жақсы менен жаманды айырмадың...
 Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді...
 Бас-басыңа би болған өңкей қиқым.
 Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?

Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сыпырылды байлығың, баққан жылқың...
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шыр-
қын.

Жауға келер қорқақтау,
Еркін жерде ызақор,
Тамырың келер тарқылдап...
Сасық таңдау келеді,
Орыс сияз қылдырса,
Болыс елді қармайды.
Қу старшын, аш билер.
Өз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде топ болса,
Шақырған кісі болмайды.
Бас қосылса арысқа,
Кім шабады намысқа.

Бұл технологиялық карта арқылы жоғары оқу орнының студенттерін тұлғалық деңгейге көтеру үшін халықтың пайдасын ойларлық дәрежеге жеткізу әрекеті іске асу керек. Олай болса, өмір тарихымыздың ащы сабағын ұмытпайтындай және оның қайталанбайтындай жағдайын қарастыратын болашақ сана «көзі» дамыған намыскерлерді тәрбиелеу – басты міндет. Мұны Абай Құнанбайұлынан артық ешкім айта алмаған.

Мұнымен бірге Абай Құнанбайұлының 38-қара сөзін даму жүйесін тәрбиелейтін тірек ретінде барлық жоғары оқу орны студенттерінің назарында болуына мүмкіндік туғызамыз.

Әр студенттің таным деңгейін үнемі өсіріп отыруы үшін 38-ші қара сөзінде 8 биорефлекторлық иірімдер берілген:

- 1) Хаят – тіршілікке адамның өз-өзін ынталандыруы;
- 2) Ғылым - әркімнің өз қабілет, қажетіне қарай ғылымды жиып, сақтауы, қорғауы;
- 3) Құдірет – басқарушы микрокосмосқа бас июшілік;
- 4) Басар – тануға, түсінуге, көруге ниеттену;
- 5) Сәмиғ – естуге бағыттау;
- 6) Ирада – арманның жүзеге асуын тілеу, қалай; (Аллаға жалыну)

7) Кәлам – сөйлеу шеберлігін үнемі шыңдау;

8) Тікин – болдыруға әрекеттену
Бұлардың бәрі имандылыққа бағынады. Ол үшін хауас (жақсы сезім) керек. Тән саулығы – жан саулығының жемісі.

Дамыған адам деңгейіне жетудің амалдарын А.Құнанбайұлы 38-қара сөзінде 300-ден астам қасиеттерді жинақтау әдісімен берген. Біздер студенттердің дамушылық бағытын тәрбиелеу мақсатында 300-ден астам асыл қасиеттерді 14-ке шақтадық:

- батыл (қиянат) – дамымаған адамды жанға жолатпау;
- рахман (бір-бірімізге пайда келтіру);
- рахым (бір-бірімізге нұр шашу, мейірім төгу);
- ғафур (кемшілігімізді кешіру);
- уалид (сүю, істі сүю, табиғатты сүю, Алланы сүю);

- ғафиз (қорғаушы);
- сәттар (айыпты жабушы);
- разак (қызық беруші);
- нафиг (пайда беруші);
- уәкіл (өзінді-өзін басқару);
- ләтиф (кірсіз таза, мөлдір);
- бинаән (негіз, 7 атаны білу, тегінді);
- машхар (Алланың алдында күнәнді кешіру).

Жалпы бұл 38-қара сөз сүйіспеншілік сезімін әр адам Аллаға ерекше бағыттап, қалғанын екінші орында ұста деген қорытындымен аяқталады.

Жоғары оқу орны студенттерінің ғылыми деңгейі дамушылыққа бағытталуы керек. Бұл бағытта А.Құнанбайұлының ғылым меңгерудің сырларын ашатын кеңестерін нысанаға аламыз:

- ғылымды қажеттікке негіздеу;
- ақиқат пен мақсатқа негіздеу;
- ыждаһаттану;
- бойдағы салғырттықты қуу;
- алған ғылымды сақтау, жию, оны қорғау.

Ең соңында ақын күрсінген сәттердің көріністері біздің бүгінгі өмірімізде кездесетініне көңіл аудару:

- Елді «Пысық» билейтұғыны несі?
- Достың дұшпан болтұғыны несі?
- Қариялардың бір-бірімен келіспейтіні несі?
- Тоқал қатын еркелейтіні несі?
- Нәпсісін тоқтатқан адамның жаман, нәпсісі билеген кісінің мықты аталатыны несі?
- Өтірік сөзге шаруаларын тастап сүттей ұйытыны несі?

Қорыта келгенде, жоғары оқу орнының тәрбие жайлы тұжырымдамасы, тек екі ғұламаның еңбегімен шектеліп қоймайды. Ж.Баласағұн мен А.Құнанбайұлының еңбектерін тәрбие жұмысының тірегі еткенімізбен, осы ағымды тереңдететін басқа да қосымша материалдарды пайдаланамыз. Бірақ, ең негізгі дінгек – аталған екі данышпанның ой-пікірлері жұмысымыздың өзегі.

Жоғары оқу орны студенттерінің тәрбиелілігі жайлы пішіні төмендегі талаптарға сәйкес келуі керек:

- Қыз балалар:*
- Жүзі нұр жайнаған;
 - Тілінен бал тамған;
 - Сөзін есеппен сомдайтын;
 - Басқаны мүлтіксіз тындап, ой қорытатын;
 - Жамандықтың мағына жуымайтын;
 - Өз-өзіне сенім артатын;
 - Болашаққа үмітпен көз жүгіртетін;
 - Бүкіл әлемді билеушіге ерекше сүйіспеншілікпен қарайтын;
 - Барлық материяны жоғары деп санап, адамның бәрін де бауырым деп сүйе білетін;
 - Нәпсісін тізгіндей алатын;
 - Тән азығын жан азығына бағындыратын;
 - Ерік-жігерін оңға бағыттайтын;
 - Ізгілік пен Зұлымдықты, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажырата алатын;
 - Алған тәрбиелерін өздерінің ішкі мақсаттары мен қабілеттеріне жарататын;
 - Мейір шашатын, біреудің айыбын жаба білетін;
 - Сыр шашпайтын;
 - Ісінің бәрі өзіне және өзгеге пайда келтіретін;

- Халқының тарихы мен мәдениетін пайымдайтын;
- Санатты ой-түйіндерді жинай білетін;
- Өзінің бойындағы асыл қасиеттерді дамыта алатын;
- Өзінің бойындағы көлеңкелі кемсін мінез-құлықтарын жеңетін;
- Басқаның кемшілігін кешіретін;
- Жанындағы адамдарға қорған болатын;
- Өзінің дүние танымын тұратын аймағына, өлкесіне сәйкестендіретін;
- Әлемдік мәдениеттің талап-мүддесіне ниеттендіретін.

- Ұл балалардың пішіні:*
- Жеккөру – келіспеу әрекетін тізгіндейтін (ұстамды, сабырлы);
 - Ұрыс-жанжалға араласпайтын, мәртебесін жоғары сатыға бағыттайтын;
 - Бөтен адамды орынсыз жақындатпайтын;
 - Өзін-өзі танитын;
 - Қайратын, ақылын жүрекке бағындыратын;
 - Өзі-өзіне есеп бере алатын;
 - Өзінің жақсы мінездерін оңға бағыттайтын;
 - Өзінің қоғамдық, әлеуметтік рөлін анықтайтын;
 - Өзін мақсатты іске талпындыратын;
 - Ақыл-ой-парасат-пайым-парық-бағам секілді ойлау әрекетін үзіліссіз дамытатын;
 - Болашақта кім болатын дөп болжайтын;
 - Өзгерістікті меңгеруі үшін тәрбие өрісін қосымша ақпаратпен толықтыратын;
 - Өз-өзін субъект деп есептейтін;
 - Өзінің мәдени дәрежесін арттырып отыратын;
 - Ұлттық намысын жібермейтін;
 - Басқа ұлттар мен ұлыстарды сыйлай білетін, олардан өз керегін ала алатын;
 - Рухани байлығын халқының мүддесіне жұмсайтын;
 - Өздігінен қажеттілікті кейінгі кеңістікке ыңғайлайтын;

- Мақсаттылықты құдіретке бағындыра алатын;
- Табандылықты елін, отанын сүю негізінде ұстанатын;
- Еріктілікті ыңғайлы іске бағыттайтын;
- Өздігінен іскерлік, оқшау пайдалы істі ұйымдастыратын;
- Философиялық ойлау дәрежесіне көтеретін;
- Өзінің кірісі мен шығынын есептеуі халықтық деңгейге жеткізетін;
- Басқа адамның, ұлттың, ұлыстың ішкі ниетін, болмысын, құбылысын сыртқы нышандары арқылы ұға білетін;
- Нәпсісін сөндіре білетін;
- Құмарлық тәртіп межесінен шығып кетпейтін;
- Өршіл жүрегін өмір сүйгіштігіне бағамдайтын;
- Табиғатты басқарушыға бас иетін;
- Адамның бәрін үлкен жүрегімен сүйетін;
- Елінің болашағын ойлайтын.

Қорыта келгенде тұжырымдаманы жаңа заманауи мүддесіне сәйкес парадигмамен құру әрбір тұлғаның біліми-ғылыми түсінігі мен кәсіби құзыретінің деңгейліктері және индикаторларына қарай бағамдалады.

Жеке бір ұлт тәрбиесі әлем философтарының тұжырымдарымен түйіссе, ол – үлкен бақыт. Ондай бақыттың иесі – қазақ халқы. Бүкіләлемдік өмір сүрудің ұстанымына айналған Қытай елінің данышпаны Конфуцийдің: «ізгілік пен жақсылық ақыл-парасатсыз зұлымдық туғызады», - деген тұжырымының құрам бөліктеріне ой жүгіртейік, қазақи тәрбиеге сәйкесе ме екен?:

- 1) Әрбір күнді ең соңғы күндей өткіз;
- 2) Біреулердің айтып отырғаны ақиқатқа сыйымды болса да, олардың ғайбаттап отырғандарына сен қосылма;
- 3) Өз-өзіне ең сенімді де тұғырлы досыңдай қара: күнделікті күйкі тіршіліктің келеңсізіннен өзіңді сақта;
- 4) Бүкіл әлемді өзіне қарсы, жау деп ойлама, оның сенде шаруасы жоқ;

5) Өзіңнің табысың мен жетістігіңді барлық жұртқа жариялама, жау табасың;

6) Достарыңа да, жолдастарыңа да, жауларыңа да өз мәселенді шешеді деп ойлама, тек Құдыретке және өзіңе сен;

7) Жұрттың жаман қылықтарын тізбе, ол өзіңде одан да көп;

8) Барлық істің жауапкершілігін өзіңе алма, артынан саған болысар ешкі жоқ;

9) Ақшанды ұсақ-түйекке шашпа, ірі дүниеге, құнды затқа төле;

10) Барлық адамнан жақсылықты үйрен. Әр адам – саған ұстаз;

11) Ортаңды күлкі-әзілмен әрле, күлкі – ең тиімді ем;

12) Балаларыңды жасытпа, оларға үлкендердей қарым-қатынас құр;

13) Кіші-гірімге кейіме, өзіңе рахат сыйла;

14) Реніш-өкпе сақтама. Өкпе-кек – адамға ауыр жүк;

15) Ішкі байыптылық, ұстамдылық адамға бақыт әкеледі;

16) Ұдайы кешігіп жүретін адам өзін басқалардан артық қояды;

17) Жақындарың саған масыл емес, ол тектілікті зауалды, қармаңды түзетер мүмкіндігің;

18) Сөзіңді түсінікті құр. Түсінікті сөз парасатқа жетелейді;

19) Табандылық пен шыдам, төзім сақта, бұл қасиеттер сенің күш-қуатыңның жойылуынан құтқарады;

20) Қарым-қатынаста қытай жібегіндей мінез таныт, іс-әрекетте, қызметте қаталдық көрсет;

21) Жұрттың осал жерін көзіне айтпа, оны жұрт басқаша бағалайды;

22) Жұрттан сен қолдау іздеме, жұрт сенен қолдау тапсын;

23) Балаға айғай салып ұрсудан бұрын сен өзіңе айқайлап ұрыс;

24) Тәкапарлық пен өзімшілдік салдарынан пәлеге ұрынба;

25) Балаларыңды жеке меншік ретінде ұстама, олардың жұмыс істеу қабілетін ар-ұжданына бағындырып тәрбиеле;

26) Кеселді ауру кеселді мінезден пайда болады;

27) Сенің ой-тұжырымың қайда, сен сондасың. Өзіңнің қайғы-шерің мен мұңыңды қайта-қайта жаңғыртпа, ол сенің ілгері жылжыуыңа кедергі.

Қарап отырғанымыздай, аталған 27 пайдалы кеңестің барлығы дерлік абыздардың, жыраулардың, айтыс ақын-

дарының, ақындардың, жазушылардың, драматургтардың еңбектерінде айтылған тұжырымдармен сәйкеседі, унификацияланады.

Олай болса, қазақи ұлт тәрбиесінің мәйегі - әлем халықтарының философиялық дүниетанымымен түйіседі, сондықтан біздер бақыт, құт қонған халықпыз.

Қолданылған әдебиет:

1. Дәмирчизадә Ә.М. «Китаби-дәдә Горзуд» дастандарының дили Бақы. – 1862. – 17 бет
2. Баласағұни Ж. Құтты білік. Жазушы, 1986. 64-72 б.
3. Құнанбаев А. I, II том. Жазушы, 1968.
4. Аймауытов Ж. Психология. Алматы: Рауан, 1995. – 352 б.

Резюме

В статье рассматривается парадигма национальное воспитание.

Summary

This article discusses the paradigm of national education.

ТАРИХИ РОМАНЫҢ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ МАҢЫЗЫ

(«Аласапыран» романы негізінде)

Құрманғали А.К. –

педагогика ғылымдарының магистрі,

жауапты хатшы,

Абай атындағы ҚазҰПУ

Гизатова Р.Г. -

№ 12 мектеп оқытушысы

Білім беру аясында болып жатқан оңтайлы өзгерістер қоғамның жастар тәрбиесі үшін жауапкершілігі терең екені белгілі. Бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттыру үшін оқу процесінде барлық мүмкіндіктер мен ресурстарды пайдалану көзделінеді. Еліміз өзінің егемендігін алып, дербес мемлекет мәртебесіне ие болып отырған шақта, әлемдік деңгейде қазақ халқын көрсету үшін оның ұлттық болмысын көрсететін бай мұраларын, рухани дүниелерін таныту керектігін аңғартады. Кез келген халықтың сарқылмас ұлттық мәдени мұрасын танытатын ұлттық

тілі, көркемсөз өнері екені белгілі. Осы ретте Ғ.Мүсірепов былай дейді: «Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгі болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салалармен тармақтала-молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан *халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да* танытаны, сол

халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі». F.Мүсіреповтың бұлай дейтіні, яғни төл тарихымыздың, мәдени дамуымыздың көшін жалғастырған тарихи туынды екенін аңғарту.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» халыққа жолдауында былай деп жазылған: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн». Жас буын өткен тарихынан хабардар болу дегеніміз ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру. Сондықтан, сөз өнерінің қадір-қасиетін биікке көтеріп, қастерлей отырып, оның жетілу, даму, толығу, баю процесін жан-жақты зерттеп, жас ұрпақ санасына жеткізу бүгінгі өмір талаптарының бірі деп есептеуіміз керек. Оқырманын ойлантып, толғандырып, санасын сәулендіретін көркем әдебиет тілінің орны айрықша екені сөзсіз және оның тәлім-тәрбиеде танытқыштық мәні аса зор. Көркем шығарманың эстетикалық деңгейі жоғары, айтар идеясы айқын, терең мазмұндылығы оқырманға сөз құдіреті арқылы жетеді. Сөз құдіреті арқылы суреткер тілінің әсемдігі, көркемдігі, тілдік құралдар мен тәсілдерді орнымен жұмсап, сөз қазынасын молынан пайдаланып, сөздерді қиыстырудағы ұтқырлығы, шеберлігі, даралығы, өзіндік жаңалығы танылады.

Көркем әдебиет өнері өзінің төл тарихымен тамырлас бағалы шығармалардан кенде емес. Өткен тарихымыз бүгінгі күннің айнасы. Тарихи шығарма бүгінгі күні еліміздің өткен тарихынан сыр шертер құнды әдеби мұраларымыз қатарында. Осындай көркем әдебиеттің арқасына әр халық өзінің өткен тарихымен таныса алады. Осыған қарасақ, тарихи роман жанры бұл тұрғыда үлкен роль атқаратыны айдан анық.

Академик З.Қабдоловтың «Сөз өнері» еңбегіне үңілсек, онда «Әдебиет - ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» [1,20], - деген тұжырымына сай осы көркемсөз өнерін түбегейлі зерделесек, онда

тарихи романдар – сол дәуірдің бет-бейнесін, сол уақыттың ақиқатын, сол уақыттағы елдің шерлі шежіресін шынайы суретке айналдырған әдебиеттің көлемді жанры. Тарихи шығармаларда жеке адам өмірі халық тарихымен, сол дәуір көшімен тығыз байланыста көрсетіледі. Сол дәуір тұрмыс-тіршілігі, елдігі мен ерлігі, парасаттылығы шынайылықпен бейнеленеді. Сан түрлі қауым, сан түрлі образдар сыры ашылады. Сол суреттеліп отырған тарихи кезеңнің негізгі қасиеттері бойларына сіңген тұлғалы жандар бейнеленеді. Сол көркем кейіпкерлердің ой-сезім, күйзеліс, толғаныстары арқылы күрес арнасында сол дәуірдің небір сырлары баяндалады. Тарихи туынды жазуда құжат дерегі де, ел аузындағы әңгіме де, көркем қиял да көп қызмет атқарады. Бірақ тарихи шындыққа үлкен жауапкершілікпен қарайтын суреткер қиялдан гөрі дерекке көбірек назар аударары сөзсіз.

Әр кезеңнің оқырманы бүгінгі күн немесе бүгінгі заман шындығы мен бергі тарихи тақырыптарды ғана емес, бұдан жүздеген, мыңдаған жылдар бұрынғы шынайы өмірді қажетсінеді.

Р.Бердібай пікіріне көңіл аударсақ, ғалым бұл тұрғыда: «Тарихи роман халықтың бұрынғысы мен бүгінгісінің жанды байланысын көркем бейнелер арқылы ашады. Мұндай шығармалардың тәрбиелік, танытқыштық мәні үлкен. Олардан халық өмірінің өткені мен қазіргісінің арасында қаншалық айырма бар екенін, ілгерілеуіміздің сипатын ұғамыз», - деген. Тарихи роман төл тарихымыздың, мәдени дамуымыздың көшін жалғастырған, өткен мен бүгіннің арасына дәнекер болып, қазақ ұлтының арман-мұратын болашақ ұрпаққа жеткізуші рухани қазынамыз қатарында. Тарихи романның ерекшелігін анықтаудағы басты нәрсе ойдан шығару мен деректің қатынасы деп қана есептемей, жазушының жеке стилінің ерекшелігіне де назар аудару қажет. Жазушы тарихи тақырыпты қолға алғанда, ойдан шығаруға, қиялға берілуге,

ғылымға белгілі мәліметтің ізінен қалмай қуалаудан бас тартуға құқы бар. Тарихи роман тәрбиелік, эстетикалық мәнімен, сонымен қатар оқырманның танымдық ой-өрісін кеңейтуге, тіл байлығын дамытуға үлкен ықпал етеді. Тәрбиеленуші оқырман сонау өткен заман туралы шындықты көбіне тарихи оқулықтардан ғана емес, солардың көпшілігі көркем әдебиет яғни, тарихи романдар арқылы танып біледі. Жалпы өткен тарихымызға зер салсақ, қазақтың және көршілес елдердің тұтас тағдыр-тарихы қанды қырғындармен, шайқастармен өткені бірден байқалады. Олар отаршылдықтың зауалын, қырғын мен қуғын-сүргіндердің, қасіреттің небірін бастан кешіргендігін көреміз. Сол шерлі шежіре олардың көркем әдебиетінде шынайы көрініс тапты. Олар – тарихи романдар.

Бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісінде, жалпы жеке тұлғаның интеллектуалды дамуында тарихи прозалық жанрлармен дұрыс жұмыс істей білудің маңызы аса зор. Жастық шақ – бала бойына адамгершіліктің негізін қалайтын кез, яғни ол мектеп қабырғасы. Еліміздің тұғырын биікке көтеріп, туын көке желбіретіп ұстау болашақ жастар қолында. Осы жастарымыз интеллектуалды, жан-жақты дамуы үшін тарихи романдарды оқыта отырып, оларды талдап, жас ұрпақтың бойында патриоттық сезімдерін қалыптастырудың рөлі ерекше. Осы тарихи романдар арқылы жеке тұлғаны Отанын, туған жерін құрметтеп, дара тұтатын азамат етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы ретте Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романын алайық. Роман тарихилығы және деректілігі шынайы шығарма. Бұл туындыны бір сөзбен ғана айтсақ – көне мұра, ұлт мәдениеті, болашақ бағдар.

Романды оқыта отырып баланың ой өрісін, тіл байлығын дамытамыз, ондағы оқиғалар арқылы жаман мен жақсыны ажыратқызамыз, жақсы кейіпкерлер арқылы жақсылыққа үндейміз, жаман кейіпкер арқылы одан жирентеміз. Оқиғаның тарихилығынан

көне мұраларды, ұлтымыздың мәдениетін танытамыз. Мәселен, досқа адал, дұшпанға айбар, ағайын жұртқа мейірлі, туған елге қайыры тиер жігіт қана азамат атануға тиіс. Адам үшін ең қымбат нәрсе - Отаны. Осындай Отан деп соққан жаужүрек кейіпкер тұлғасы арқылы жас буын көкірегіне еліктеу туғызады.

Біз шығарманы оқытпас бұрын оны жазған жазушыны танытамыз, содан кейін шығарманың өзіне көшеміз. Шығарманы жазудағы жазушының шеберлігін, оның тарихилығын айтар болсақ, әлденеше ғасырлық тарихы бар көне қазақ әдебиетінің толыққанды шежіресін жасап шығу - болашақтың ісі. Ноғайлы, Алтын Орда дәуірінен бергі қазақ хандығының тарихын терең зерттеген Мұхтардың мол білімі аясы мен суреткерлік шеберлігі «Аласапыранда» жақсы үйлесім тапқан. Романды оқығанда көз алдыңыздан XVI ғасырдағы қазақтың азат даласы, Ібір-Сібірдегі Көшім хандығы, мұнаралы Мәскеудегі орыс патшалығының ісі ретімен тізіліп өтіп жатады. Сонымен қатар, оны оқығанда ойыңа оралатын сан түрлі сұрақтарға жауап та табасың. Мәселен, Хан ордасы деген не? Хан кім, қалға кім? Алаш бегі, ұлыс бегі деген кімдер? Би, сұлтан, батыр, оғлан дегендер не міндет атқарады? Олардың ішер асы, киер киімі, асынған қару-жарағы қандай? Жазушы осы сұрақтардың ешқайсысын айналып өтпей, белінен баспай, білгірлікпен дәл суреттейді.

Сондай-ақ, сол дәуірдегі Ресей патшалығының ішкі және сыртқы саясаты, таяу болашақта Шығыс Еуропа мен жарты Азияның қожасына айналғалы тұрған елдің жан-жаққа өлермендене созған көз тоймас, ашқарақ қолы, Мәскеудегі тақ үшін тартыс, барлығы дерлік романда өз үйлесімін тапқан. Оны оқығанда адам баласының сүйсінерлігі соншама, мол материалды қамтыған кесек шығармадан шұбалаңқылық, не оқиға желісінен селкеулік сезілмейді. Себебі, соның бәрі де бас қаһарман Ораз-Мұхамет тағдырына қатысты түрде, негізгі айтар желіге көгенделіп берілген. Осы негізгі бір

кейіпкердің тұлғасымен баланың бойына оның жақсы қасиеттерін еліктеу арқылы бойына қондырамыз. Жалпы Ораз-Мұхамет бейнесі өзінің қайталанбас трагедиялық болмысымен оқушы айнасында өшпес із қалдыратын, қазақ прозасында бұрын-соңды ұшыраспаған, классикалық деңгейдегі, аса айшықты тұлға. Тағдырдың айдауымен жат ортада жүрген осы бір асыл текті азаматты жан тартып, жақсы көріп кететіні сонша, роман соңында оның қазасы суреттелетін беттерді көзге жас алмай, тебіренбей оқу мүмкін емес.

Қарасақ қазақта: «Өткен уақыт үнсіз мүлгиді, келер уақыт баяу жылжиды, ал бүгінгі күн құйындай ұйтқиды», деген қанатты сөз бар. Бұдан аңғаратынымыз білім-білік, ерік-жігер, парасат керектігін. Отанның болашақ азаматына: «Тарихыңды зерделе, аға ұрпақтың саған деген аманаты – ерлік, тәрбие алар сәтінді бос жіберіп алма», – деп тарихи туындыны оқытудағы күтілетін

нәтижеге көңіл аударсақ:

– оқырман батырмен бірге айқасқа, яғни майданға кіргендей болады;

– жеңіс қуанышы мен жеңіліс күйінішін бірге кешкендей болады;

– жеңіске жеткенде бойын мақтаныш сезім билегендей болады;

– кейіпкермен бірге қиналып, бірге қуанғандай әсер алады.

Тарихты зерделеу арқылы біз ұрпағымызға Отанымыз бен өз халқымызға шексіз берілгендік, қаһармандық патриотизмнің шынайы сабақтарын көреміз.

Қорыта айтсақ, «Аласапыран» романы қазақ көркем әдебиетіндегі тарихи шығармалардың ең сәтті үлгілерінің бірі деп санауға оның көркемдік-шығармашылық сипатымен қатар тәрбиелік мәнінің ерекшелігін байқадық. Яғни көркем шығарма өмір шындығын дұрыс тануымыз үшін де қажет екенін аңғарттық. Қазақ елі тарихының елеулі кезеңін зерттеп, дәуірді тірілттік.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Мектеп, 1976. – 374 б.

Резюме

В статье рассматривается роль исторического романа «Аласапыран» в воспитании.

Summary

The article examines the role of the historical novel “Alasapyran” in education.

АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОРНЫ

Құмар Жұмаханұлы –

Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасы Ата Заңының 27-бап, 2-тармағында “Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы” делінсе, “Қазақстан – 2030” бағдарламасында “Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдын-

дағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді...” делінген.

Ата-ана ең әуелі баланың тікелей биологиялық жағынан өмірге әкелуші ғана емес,

рухани жақтан негізгі тірегі, қорғаушысы, тәрбиелеушісі. Бала қашанда ата-анасының қамқорлығына зәру. Баланың болашақта қандай адам болуына отбасындағы жағдай тікелей әсер етеді.

Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың моральдық қана емес, заң жүзіндегі міндеті. Бала тәрбиесінде отбасы ықпалы басқа тәрбиелік ықпалдарға қарағанда ең басым, өркениетті, зайырлы, құқықты қоғамның азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі тірегі болып саналады.

Сәби алғаш жарық дүниемен қауышқанда, ата-анасының мойынына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Ол – ұрпағана дұрыс тәрбие беру. Бүгінгідей жаһандану кезеңінде түрлі жат пыйғылдан қорғанудың ең тиімді жолы да осы – тәрбие мәселесі. Ал, бала тәрбиесінің қалыптасқанша шешуші рөл атқаратын екі негізгі жауапты адам бар бірінші, ата-ана, екінші, ұстаз. Бұл мақалада ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлі туралы сөз етеміз.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген қазақтың аталы сөзінің астарына қарап көрсекте, ата-ананың бала тәрбиесіндегі орыны нақтылана түседі. Бұл енді теориялық тұрғыдан анық дәлелденген шындық. Сәби сәби кезінде әр нәрсеге сенгіш, еліктегіш, аңғал болып келеді, жылылықты, аялағанды, қамқорлықты қалап тұрады, бұл – баланың бойындағы негізгі ерекшелік. Бала бала кезінде ешқашан үлкен адамдар сияқты қуланып, саясатқа салмайды. Кез-келген жағдайды шынайы қыбылдайды. Сондықтан барлық ата-ана осы мәселелерді ескергені жөн.

Ұрпаққа дұрыс тәрбие беру ешқандай материалдық дүниемен, басқамен теңестірілмейді. Өлшеулі уақытта асқан жауапкершілікпен жүргізілетін үдеріс. Адам тәрбиесінің қалыптасуы бүгінде ана құрсағында қалыптаса бастайтындығы ғалымда дәлелденді. Отбасындағы сыйластық, құрмет, береке бала бойына жақсы мінездер қылыптастырады. Ал, керісінше отбасындағы дау-жанжал, түсінісбестік, реніш бала

психологиясына кері әсер етіп, жаман мінездер қалыптастырады. Бала өмірге келіп есейе бастағанда қоғамның тәрбиесін ала бастайды, көшеге, төңірегіндегі адамдарға қарап бой түзейді. Солай қалыптасқан мінез құлықтар адамның бойында өмір бойы қалады, ұлтымыз мұндайда «Етпен біткен сүйекпен кетеді» деп жатады.

Бабалар даналығы «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп жатады. Демек, бұл дегеніміз бала қашанда өзінің ата-анасына қарап өседі, соларға қарап мінез-құлықтары қалыптасады деген сөз. Адамдық сана материалдық игілікке бағытталған мынадай аласапыран қоғамда, ұлттың қамын, елдің болашағын ойлайтын ұрпақ өсіру бәріненде маңызды. Ел аман, жұрт тыныш болса, бәрі өз орынына келер, экономикамыз еселеніп, тіршілігіміз дөңгеленер, сол кезде, өз отанымызда, қазақ деген киелі атауды ұмытып, өзегінен жеріген ұрпақ көбейетін болса, одан артық қасырет болмас.

Бізді қашанда тура жолға салып отыратын, адастырмайтын, ол – данышпан бабаларымыздың дуалы аузынан шыққан пәтуәлі сөздер. Мәселен. Данышпан Абай: «Бала ата-анадан туғанда есті болып тумайды, естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, жақсы-жаманды танидыдағы, сондайдан көргені, білгені көп болған адам бақытты болады...» деген еді, мұнда да ада баласының ақыл-есінің өмірден, ата-анасынан алған тәрбиесі арқылы дамидынығы, қалыптасатындығы айтылған.

Қазақтың білгір ұстазы, ағартушысы Ы.Алтынсарин: «Балға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, таған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» дейді. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» қағидасын бірінші кезекте бала бойына дарыту әрбір ата-анаға жүктелетін асыл міндет, сол құрметті бала өзінің ата-анасына деген құрметтен бастаған жағдайда ғана, ертең

қоғамға, мемлекетке, ұлтқа пайдасы тиетін болады.

Бала есейіп мектеп жасына келгенде ата-ананың мойынына қосымша педагог болу міндеті жүктеледі. Әрбір баланың бойында болатын айрықша қасиеттерімен жұмыс жүргізу сынды ар-намыс, адамгершілік нормаларына келіп тірелетін жағдайлар мектепте үнемі ескеріле бермейді, мұндайда «Әкенің балаға сыншы болу» міндеті алғашқы кезекке өтпесе, бала өмірінде келеңсіз жағдайлар орын алуы мүмкін.

Осы орайда ұзақ жылдық тәжірибесі бар мұғалімдерден ата-ананың бала алдындағы тәрбиелік міндеті турасында сұрап көрген едік:

Гүлбану Жұмашқызы, зейнеткер-ұстаз:

Ата-ана бала тағдырына тікелей жауап беруші тұлға, ол адам болама, басқа болама, бәрі отбасындағы тәрбиеге байланысты, балабақша, мектеп, ЖОО балаға негізінен білім беретін орын, бұл сөзімді, аталған мекемелер тәрбиеде шаруасы жоқ деп түсінбеу керек, салыстырмалы түрде айтқанда мұндағы тәрбиені ата-ана тәрбиесімен мүлдем салыстыруға келмейді. Мәселен алып қарайық, имандылық, діни тәрбие мектепте жалаң түрде айтылады, себебі, біздің Конституцияда дін мен мемлекет бөлінген, ал, діннің ішкі ирімдерін түсіндіру, сауатын ашуды ата-ана қолға алу керек, Өкінішке орай бізде тәрбие міселесі ақсап тұр, ата-аналар өз ұрпағының тағдырына деген жауапкершілікті сезінбейді десем де болады.

Айман Тұрсынқызы, ұстаз:

Бүгінгі күні бала емес, ата-аналардың өздеріне тәрбие сағатын ұйымдастыру

керек, баламен қалай жұмыс жасау керек тұрғысында. Мектептегі бұрынғы сыйласытық дәстүрі бұзылды. Балалардың болымысын тану күрделеніп бара жатыр, ұстаз бен ата-ана ақылдаса отырып шешетін жағдайлар көп. Атап айтар тағы бір мәселе бар, ол – ұлттық тәрбие. Біз ұлттық құндылықтарымызды жоғалтқан елміз. Қайта оралту үшін қоғамда үлкен насихаттық жұмыстар керек, оны сіңіруді балалардан бастау керек, біз үлкендер тым «ақылдымыз», ескінің қалдығы деп, қолды сілтей саламыз, сынағышпыз. Мәселен, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің жұрт аңғара бермейтін өте нәзік эстетикалық қырлары бар, балалардың ақыл-ойына оң әсер беретін, осыны ұғып жатқан кім бар?

Сайып келгенде, қоғамда әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Әрбір ұяның қос тіреуі – ерлі-зайыптылар өздеріне қатысты әдеп-адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елде бейбіт те берекелі тұрмысқа негіз қаланбақ, демек, ұрпақтарына құтты қоныс, жайлы болашақ камтамасыз етілмек!

Жалпы алғанда ұлттың тағдыры, мемлекеттің болашағы ата-ананың қолында. Ұрпақ оңалса, ұлт оңалады. Отбасында сыйластық салтанат құрса, ел берекелі болады. Ұлтты тәрбие беру ұлттық мұратымызға айналғанда ғана, қоғамның келеңсіздігі өздігінен шешілмек, осының бәрінің қайнар бұлағы ата-ананың қолында, бұлақ лайланбаса ғана, еліміз сіз бен біз ойлағандай, «әлемді аузына қаратқан» айбынды елге айналарымыз хақ!

Резюме

В статье рассматривается роль родителей в воспитании детей.

Summary

The article examines the role of parents in the upbringing of children.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУЫ

Туксанбаева Г. Т. –

№ 34 орта мектеп оқытушысы

Қарағанды қаласы

Елімізде білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер көптеп саналады. Солардың қатарына жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талантын ұштаудағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, оқытудың озық технологияларын пайдалануды жатқызуды болады. Оның себептерінің бірі қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуына, технологиялық ғылым саласының озық жетістіктерінің өндіріске көптеп өзгерістер енгізуіне байланысты мектепте шығармашылық тұлғаға тән білім мен білікті беру қажеттігі туындайды. Өзгерістерді жүзеге асыруда белгіленген құжаттардың мазмұнындағы негізгі бағыттар мен мақсат, міндеттер басшылыққа алынууда. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» жаңа Заңда, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында мектептегі оқу-тәрбие процесі тұлғаның жеке қабілеттерін ашуға, шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамытуға бағытталу қажеттігі баса көрсетілген.

Шығармашылық – мәдени немесе материалдық құндылықтарды өз ойы бойынша жаңадан жасау ретінде түсінілетіні белгілі, әрі ол ойлаудың жоғары формасы болып табылады. Әр ұрпақ әлеуметтік-экономикалық жаңарулар тұсында ұрпақтың қол жеткізген жетістіктерін меңгерумен қатар, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Шығармашылықтың саласы көп (музыкалық, көркем, техникалық, т.с.с), әрі сала бойынша іс-әрекет нышандары әркімде

болатынын, бірақ оны дамыту керектігін еліміздің психологтары ХХ ғасырдың бас кезінде зерттеулер барысында негіздеді.

ХХ ғасырдың 80-жылдары ғалымдар Г.С.Альтшуллер мен И.М.Верткин шығармашылық жеке тұлға, яғни шығармашылық жекетұлғаны дамыту теориясының негіздерін әзірледі (жеке тұлғаның шығармашылық сапасы жөніндегі ілімді қалады [1]). Бұған дейін кейбір ғалымдар шығармашылық сапа балаға тұқым қуалаушылық бойынша ата-анадан беріледі және оны тәрбиелеу мүмкін емес деген көзқараста болған болатын. Егер бұл көзқарас дұрыс болған жағдайда педагогтар мектепте тек жеке тұлғаны дамытумен ғана шектелген болатын еді.

Осы мәселені шешу үшін ғалымдар (Г.С.Альтшуллер мен И.М.Верткин) мыңнан аса шығармашылық тұлғалардың (ақындар, суретшілер, композиторлар, инженерлер, дәрігерлер, ғалымдар және т.б.) өмірбаяндарын талдай келе, шығармашыл тұлғалардың іс-әрекетінің түріне байланысыз олардың төмендегідей негізгі сапаларды меңгергенін анықтады:

- шығармашылық (лайық) мақсатты қою және оған жетуге өзінің іс-әрекетін бағындыру іскерлігі;
- өзінің іс-әрекетін жоспарлау және өзіндік бақылау іскерлігі;
- жұмыс істеудің жоғары қабілеттілігі;
- мақсатының негізін құрайтын мәселені табу және шешу іскерлігі;
- өзінің сенімін қорғай білуі [1.Б.9-184].

Кейінгі жылдары қабылданған құжаттарда білім беру ісінде бастауыш мектептің өзінде оқушыларды шығармашылық іс-әрекеттерге баулу, шетел тілдерін, информатиканы оқыту қарастырылған. Республикамыздың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында: «...баланың жеке ба-

сын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту» – бастауыш мектептің негізгі міндеті ретінде айқындалған. Төменгі сатының (бастауыш білім беруде) өзінде оқу мен тәрбие оң уәжді қалыптастыруға және оқу іс-әрекетін білуге, оқу, жазу, санаудың берік дағдыларын үйренуге, тілдік қарым-қатынастың қарапайым тәжірибесіне, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан таныта білуге, мінез-құлықтың мәдениетіне, жеке гигиенаның және салауатты өмір салтының негіздеріне бағдарлануы белгіленген [2]. Ал Республикамыздағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында: «Жаңа білім беру мазмұнының базалық принципі – әрбір мектепте тұлғаның адамгершілік-рухани қасиеттерін дамытуды ынталандыратын ізгі білім беру ортасын құру: өзін-өзі тану, өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жетілдіруге бағытталған» – деп нақты белгіленген [3.Б.33].

Бастауыш сыныпта жоғарыдағы мәселелер бойынша зерттеулер жүргізілген. Зерттеуші Б.Тұрғынбаева аталмыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуды анықтаған. Бастауыш сыныптарда информатиканы оқыту, математиканы оқытуда компьютерді пайдаланудың мүмкіндіктері мен дидактикалық шарттарын ашуды зерттеген [4]. Ал А.Т.Рыбкин бастауыш сынып оқушыларының сәндік-қолданбалы өнер сабақтары мен еңбекке баулудың өзара байланыстарын және оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиелік ықпалдарды жетілдірудің әдістерін анықтаған [5]. Д.Ж.Кішібаева бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастырудың әдістемесін ұсынған [6].

Математика пәні оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін, интеллектісін дамытуды, математикалық тілдің элементтерін меңгеруді басты мақсат етіп қояды. Математиканы дүниетану пәнімен байланыстыра отырып, қоршаған ортаның

математика ғылымымен тығыз байланыста екенін бастауыш сынып оқушыларына ұғындыру қажет. Сабақтағы тақырып немесе есеп мазмұнының табиғат екенін, оның нешеу, олардан туындайтын түрлі өрнек мысал түрлерін есептеу ойлау мен қабылдаудың дұрыс қалыптасуына негіз болады. Бала көре отырып есептейді, табиғат құбылыстарын таниды. Бір пәннен алған білім, білік, дағдыны екінші пәнді оқытуға тірек ету, яғни пәнаралық байланыс қағидасын жүзеге асыру қарастырылады. Мысалы, дүниетануда жыл мезгілдері туралы алған ғылыми түсініктерді бейнелеу өнерінде «күз бояулары», «жапырақ мозаикасы», т.б. сияқты тақырыптарды пайдалану, еңбек пәніндегі ауылшаруашылығы еңбегімен байланыстырып, математика сабағында саны мен сапасы жайлы есептер шығару керек.

Математика сабағында түрлі логикалық есептер, сөзжұмбақтар, математикалық ребустар, геометриялық фигуралар құралған логикалық тапсырмалар баланың шығармашылық іс-әрекетін дамытады. Онда: топпен, үлестірме тапсырмалармен, жеке тапсырмалармен жұмыс жасау, «Көшбасшы» сияқты тез есептеуге үйрететін ойындардың ұйымдастырылуы балалардың қызығушылықтарын арттырады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру оқу материалдарының мазмұны; жаңа педагогикалық технологиялар, дамыта оқыту элементтері, бағдарламалық әдіспен, саралап оқыту жолдары; шығармашылық өзіндік жұмыс тапсырмалары; оқытудың көрнекілік құралдары; дидактикалық материалдар, т.б. арқылы мүмкін болатынына тәжірибе барысында көзімізді жеткіздік.

Сонымен жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша мынадай ұсыныстар беруге болады:

– бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыруда мұғалім нақты нұсқаулар беру қажет;

– оқушылардың шығармашылық іс-

әрекетін қалыптастыру үшін шығармашылық жұмыстардың әр түрін жүйелі, жеңілден күрделіге принципі бойынша пайдалану керек; – білімі төмен деңгейдегі оқушыларға арналған шығармашылық жұмыстардың жүйе-

сін жасау қажет; – білімі жоғары деңгейдегі оқушылар мен дарынды балалардың шығармашылық оқу іс-әрекетін ұйымдастыру жолдарын айқындау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Альтшуллер Г.С. Творчество как точная наука. – М.: Советское радио, 1979. – 179 с.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі, 2004, N2, – 66. 3-16.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 52 б.
4. Тұрғынбаева Б.А. Оқыту барысында бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту. – пед. ғыл.канд.дисс.автореф. – Алматы, 1998. – 27 б.
5. Рыбкин А.Т. Взаимосвязи занятий декоративно-прикладным искусством с трудовым обучением младших школьников. – автореф...дисс.канд. пед.наук. – М.: 1987. – 17 с.
6. Кішібаева Д.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін пәнаралық байланыс негізінде қалыптастыру. – Шымкент, 2006. – 28 б.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы развития творчества учащихся начальных классов. Раскрываются особенности организации учебно-воспитательного процесса начальной школы в формировании творческой деятельности учащихся.

Summary

The article examines the development of the art primary school children. The peculiarities of the organization of educational process in the formation of primary school students in creative activities.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Жумабаева Н.Е. –
№54 орта мектебінің мұғалімі
Қарағанды қаласы*

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиялық Жолдауында айтылған: «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өресі биік, денсаулығы мықты өкілдері болады. Олар, бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық

экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі, күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады», – деген [1.Б.45] пікірінің мәніне үңілер болсақ, елдің жарқын келешегінің келбетімен қатар, сол келешекке жету жолында шешілуге тиісті міндеттердің бірін айқын көре аламыз. Ол міндет – ұлттық құндылықтарымыз – бабалар

дәстүрлерін сақтай әрі дамыта отырып, тәуелсіз Қазақстанды өркендететін қоғам мүшелерін қалыптастыру. Бұл міндеттің мәні ұлттық дәстүрлер мен өркениет жетістіктерін сабақтастыра дарытып, кәсіби құзіреттілігімен арттыратын, әрі патриот, әрі ізгі ұрпақ тәрбиесімен айқындалмақ. Ұрпақ тәрбиесін ұлттық мүддеден, ұлттық мұраттан бөле-жара жүзеге асыру мүлдем мүмкін емес. Ел келешегінің қандай болмағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей қатысты. Ал бұл орайда назарға алынуға тиісті факторлар аз емес. Солардың бірқатары ұлттық мәдениетпен өзектесе танылады.

Жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру мәселесі қай заманда болмасын ойшылдардың, ағартушылардың, ғалым-педагогтардың назарынан тыс қалмағандығы белгілі. Қазақ ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев өздерінің саяси-қоғамдық, ғылыми және әдеби еңбектерінде халықтық педагогиканың балалар мен жастардың эстетикалық тәрбиесіндегі маңызы туралы құнды пікірлер айтып, тың тұжырымдар қалдырды.

Бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу болып табылады.

Эстетикалық сезім деп адамды белгілі толғанысқа салатын, айналадағы дүниені сұлулық не кейіпсіздік, жарқын мақсат не қара ниет, қайғылы не күлкілі тұрғыда қабылдап, бағалау қабілеттерін айтамыз.

Ал эстетикалық қабылдау деп әсемділікті қабылдау процесін айтады, мұның нәтижесі эстетикалық әсерлену, эмоция болып табылады.

Қоршаған өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру оқушыларда әртүрлі болады. Кейбір оқушылар әдемілікке сүйсіне қарап, оның сырын терең түсінуге тырысады, ал кейбіреулер оған мүлдем мән бермейді, еш қызықпайды да, қалай болса солай қарайды. Сондықтан оқушыларда эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу үшін оларға ең алдымен өнер, музыка және

әдебиет саласынан білім беру қажет. Сол арқылы олар сұлулықты бағалай білуге, түсінуге үйренеді. Айналадағы дүниеге сезімталдық, эстетикалық қабылдаудағы қырағылық, қамқоршылық баланың эстетикалық дамуының негізі болады [2].

Бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие берудің тағы бір міндеті – эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру. Әдетте адамның белгілі қатысы бар, ол жөнінде белгілі баға беретін пікірі бар ұғым жақсырақ та, күштірек қабылданады. Баға беріп, пікір айтудан адамның эстетикалық талғамы да көрінеді. Эстетикалық талғам дегеніміз – көркем өнердегі, адамдардың бейнесіндегі нағыз әдемілікті жалған әдеміліктен ажырата білу шеберлігі, табиғат құбылысының, қоғамдық өмірдің сұлулығын бағалау, сезіну [2].

Әрбір мұғалім алдымен, оқушыларды адам баласы жасаған мәдени мұраларымен таныстырып, соны терең түсінуге, сүйеге, яғни көркемдік сезімді байытуға тәрбиелеуі тиіс. Оқу-тәрбие жұмысының басқа түрлері сияқты эстетикалық тәрбие де оқушыларды идеялық тұрғыдан дұрыс қалыптастыру мақсатына қызмет етеді. Эстетикалық өмір шындығын көркем бейне арқылы қабылдауға жол ашады. Олай болса, оқушыларға эстетикалық тәрбие берудің, өмір мен өнерді жете таныстырудың жолдары да нақты, көрнекі келіп, олардың сана-сезіміне эмоциялық тұрғыда күшті әсер ететіндей болуы қажет.

Эстетикалық білімнің негізгі – оқу пәндері, сондықтан эстетикалық тәрбие беру мектепте, ең алдымен, сабақта іске асады. Жекеленген пәндерді оқу арқылы оқушылар өзі қоршаған табиғаттағы, адамдардың қарым-қатынасындағы, өнердегі әсемдіктің негіздерімен танысады. К.Д.Ушинский оқудың тәрбиелік сипатта болу принципіне ерекше мән беріп, былай деді: «Адам сезімін қамтымайтын оқу жақсы оқу емес. Тәрбиені оқу арқылы бала жанына ұрық себу үшін барлық кезеңде де пайдалану қажет. Бұл жағдай барлық ғылым саласында да мүмкін» [3].

Сабақта эстетикалық тәрбие беруде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру керек. Мәселен, бастауыш сынып оқушылары сыртқы ортаның әсеріне өте сезімтал болады. Олардың эстетикалық даму дәрежесінің айырмашылығын ескерудің маңызы зор.

Бастауыш сынып оқушылары әртүрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді. Олар әдемі жазуға, мәнерлі сөйлеуге және айтуға үйренеді. Ал бұл мәдениетті, қарым-қатынас жасауға, көркемдік танымын қалыптастыруға, қиялын дамытуға игілікті әсер етеді.

Ана тілі және математика пәндері оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытады, оларды әдемілікке баулиды, таным ынтасының, бейімділігінің қабілетінің дамуына ықпал жасайды. Оқушылардың мәдени эстетикалық талғамы, түсінігі бейнелеу өнері және еңбек сабақтарында дамиды. Бұл сабақтар – эстетикалық тәрбиенің алғашқы бастамасы.

Математика пәні бойынша геометриялық фигуралар оқушыларға мектепке дейін ақ қандай да бір дәрежеде таныс екені белгілі. Сондықтан алғашқы сабақтарда геометриялық фигуралар мен сәйкес терминдер түсіндіріледі. Олар санау материалдары ретінде пайдаланылады. Бірте-бірте нүктелер, үшбұрыштар, дөңгелектер, шаршылар санау материалдары ретінде ғана болмай, енді ондай қызметті бұлардың элементтері атқаратын болады. Міне, осыған орай оқушыларға геометриялық фигуралар туралы түсінік бергенде, қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын қолданып түсіндіру, тақырыптың нақты шешімін таба алады.

Сәндік-қолданбалы өнердің ішінде ең көп таралғаны – өю-өрнектер, оның ішінде геометриялық өю-өрнектерден, өмірде кездесетін қол өнер бұйымдары (сырмақ, текемет, кілем т.б.), киіз үйлердегі

фигуралардың бейнелерінен геометриялық фигураларды бір-бірінен ажырата білуге оқушыларды машықтандыра түсу қажет.

Сәндік-қолданбалы өнер материалдарын қолдану арқылы геометрия элементтерін оқытып үйретудің басты және аса маңызды нәтижесі – фигураларды бір-бірінен ажырату және оларды тани білу іс-әрекеттерін меңгертуге болады. Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары оқу процесінде, әсіресе, геометриялық мазмұнды жаттығулар мен материалдарды қарастыру барысында қолданылды. Дегенмен, бастауыш буынның соның ала осындай игі жұмыстар, ізденістер түрлерін арнайы қайталау, тиянақтау, жетілдіру, қорытындылау, бір жүйеге келтіру барысында арнайы жұмыстар ұйымдастырудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Халқымыздың сәндік-қолданбалы өнеріне негізделген әр тапсырмалардың қайсысы орындалғанда болсын, алдымен сәйкес фигуралардың сипаттамалық белгілері мен қасиеттері еске түсіріледі де, әрі қарай фигура қалауымызша алынған өлшем бойынша немесе берілген шарттарға сәйкес салынады.

Осындай жаттығуларды орындата отырып, оқушыларға, ең бастысы геометриялық материалдарды оқытуды дұрыс жолға қойсақ, екінші жағынан сәндік-қолданбалы өнер туралы кең көлемде мағлұмат береміз және осының негізінде оларды әдемілікті сезуге тәрбиелеп, эстетикалық көзқарастары мен танымдарын қалыптастырамыз [4].

Біз өз тәжірибемізде бастауыш сыныптар бойынша оқушыларға эстетикалық мәдениетті қалыптастырудағы қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер мүмкіндіктерін қарастырдық. Сабақтар көбінесе жаңа материалдарды түсіндіру, қайталау-қорытындылау, сарамандық түрлерінде өткізілді. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерін қолдану арқылы оқушылардың эстетикалық әрекетінің бірнеше түрлерін дамытудың мүмкіндіктері мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2030». Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, – 1997. – 176 б.
- 2 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университетінің баспасы, 1998. – 378 б.
- 3 Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. – М., 1994. – Т.1. – 482 с.
- 4 Сарбасова Қ.А. Бастауыш сыныптарда математикадан сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2002. – 82 б.

Резюме

В статье рассматриваются особенности эстетического воспитания младших школьников. Также определены современные условия эстетического воспитания учащихся начальных школ средствами декортивно-прикладного искусства и обоснованы ее воспитательные возможности.

Summary

The features of aesthetic education of junior schoolchildren are examined in the article. The modern terms of aesthetic education of initial schools of students are also certain by facilities of the декортивно-прикладного art and her educator possibilities are reasonable.

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҮЛГІЛЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Жакупова Б.Д. –

*№56 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып оқытушысы
Астана қаласы*

«Өнері өрге тартқан дарын иелерінің аузынан шыққан үлгілі де дана сөздер мен жырларды басқа айтушылар іліп әкетіп, өндеп, дамытып, нақышына келтіріп орындайтын болған. Атадан балаға жетіп, ел аузында сақталып келген сөз өнерін, оның айтылу және орындалу ерекшеліктерін фольклор дейміз».

Ә.Қоңыратбай

Халық ауыз әдебиеті – қазақ халқының сонау ғасырлар қойнауынан бері ұрпақтан-ұрпаққа қалтқысыз жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің өшпес асыл қазынасы.

Қанша тұрмыс ауыртпалығын бастарынан кешірсе де, асыл қазынамызды көзінің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған ата-бабамыздың қастерлі де баға жетпес мол мұрасы бүгінгі ұрпақтың ар-намысы, мақтанышы. Халық ауыз әдебиетінің түп қазығы тамыры тереңге жайылған түркі тайпаларынан тараған.

Ауыз әдебиетінде адамның дүниеге келген кезінен бастап, қартайған шағына дейінгі өмірі, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, айта берсек арнасы кеңейе түсетін, шексіз, баға жетпес мұралары қамтылған. Қазақ халқы әуел бастан ауыз әдебиетінен сусындай отырып, кейінгі ұрпақтарға да осы қасиетті дарыта білді. Халық ауыз әдебиетінің негізі – бұған дейінгі сан ғасырлық тарихы бар ертегі, аңыз, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда жатыр.

Халқымыз бауырында өсірген балапанын

келешек «сегіз қырлы бір сырлы» болуын аңсап, армандаған. Оған «бесік жырындағы» әлдиінен бастап, салт-дәстүр ғұрпынан туған ойын-сауықтар, әңгіме-жырлар мен өнегесі мен өресі кең мақал-мәтелдер, ой ұшқырлығын арттыратын жұмбақтар, ең арғысы тілінен бір мүкіс болмас үшін ойлап тапқан жаңылтпаштар дәлел.

Ең бастысы, жаңылтпаш бала тілін ширатудың қолайлы да ұтымды құралы. Баланың жас кезінде «р» дыбысын айтуға қиналуы мүмкін. «Р» дыбысының орнына «и» дыбысын айтып жататын кездер де жоқ емес. Мысалы:

Торта қойдым,

Орта қойдым

Орта қойдым

Жорта қойдым, – деген жаңылтпашты бала жылдам айтқанда «р» дыбысының орнына «и» дыбысын айтатындықтан, «тойта», «ойта» болып шығады. Жаңылтпаштың негізгі мақсаты – баланың әрбір дыбысты дұрыс әрі нақты сөйлете білуінде.

Жаңылтпаштың сөздері қарасөз түрінен, өлең түрінде ұйқасымды етіп құралады.

Мысалы: Ар жақтағы Құдияр құдам еді,

Ол мені қудаламады,

Мен оны қудаламадым, – деп соңғы екі жолын қайталап айтады. Мұндағы мақсат сөздің мәнін, мағынасын бұзбай, әдемі, көркем тілде сөйлей білуге үйрету.

Ата-бабамыздың өшпес мұра, бай қазыналарының бірі – ертегі. Дана халқымыз сонау жазба әдебиеті қалыптаспаған заманның өзінде-ақ, ертегінің бала қиялын қанаттандырып, рухын тәрбиелеп, қиялдандыруға және жүйелі түрде сөйлей білуге қалыптастыратынын түсінген. Халық ертегілерінің бала дүнетанымын қалыптастырудағы маңызы аса зор. Оның осы дәуірге дейін жетуі ертекілермен тығыз байланысты. Халық арасында үлкен беделге ие болған ертекілер ертегінің шебер орындаған. Жаңадан ертегілік сюжетті тудырып толықтырып отырған. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі мен арман-тілегін, қиялын, даналығын,

ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақта ол баланың ой-қиял ұшқырлығын күшейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады. Сондықтанда ертегіні оқытуда оның жанрлық ерекшелігін ескеріп, тәрбиелік мақсатына айрықша көңіл бөлгеніміз жөн.

Ауыз әдебиетіндегі балаларға арналған ертегілер – қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар жайындағы т.б. алуан түрлі болып бөлінеді. Бұлар баланы қызықтыра отырып, қиялын сан-саққа асқақтатып, жақсылық пен жамандықты, достық пен қастықты, өтірік пен шындықты, махаббат пен зұлымдықты, адалдық пен арамдықты ажыратуға бағыт-бағдар береді. Мысалы, «Жақсылық пен Жамандық» ертегісіндегі кейіпкерлер образы бала назарынан тыс қалмақ емес. Ұстаз жақсылықтың іс-әрекеттерін әсерлендіре отырып, оқушы назарына ұсына алатын болса, баланың бойындағы адамгершілік қасиетін оятып, үлкенге-құрмет, кішіге-ізет көрсетуге баули да алады. Ал, Жамандық образын бейнелеу арқылы жаман қылықтан жиренуге, тентектіктен арылуға үйретуге болады. Сондай-ақ, баланың батылдыққа, қайраттылық пен намысшылдыққа, табандылық пен қайсарлыққа жетелейтін «Керқұла атты Кендебай», «Толағай» сынды ертегілер де аз емес. Ертегінің қай түрі болмасын бала жанына жақын, жас жеткіншектің қиялын, ойын өрге сүйрейтін, еңбексүйгіш, өнегелі, өнерлі болып өсуіне жол сілтейтіні анық. Мысалы, «Жеті өнерпаз» ертегісіндегі жеті ағайынды жігіттерді алып қарайтын болсақ, үлкені – аспанға ұша біледі, екіншісі – мерген, үшіншісі – суға сүңгігіш, төртіншісі – асқан ұста, бесіншісі – жер астынан жол салғыш, алтыншысы – жол болжағыш болса, жетіншісі – аспазшы. Бұл ертегінің негізгі мақсатын балаға ұғындыра отырып, бала бойындағы түрлі еңбек саласына деген даралығын анықтап, өнерге деген құштарлығын арттырып, болашақ өнерпаздың шыңдалуына үлес қосуға болады. Осы секілді көптеген ертегілер

арқылы жас жеткіншектің өнерге деген құштарлығын оятуға болады.

Мысалы: «Қара батыр» ертегісінің тілінің тартымдылығы сонша, бірде қуанып, бірде қайғыртып, енді не болар екен деген терең сезімталдыққа баулу мақсатында балаларға әрбір нәрсеге зер салып, оны өмірде пайдалана білуге итермелейді. Мәселен, құстарға мұңын шағып көмек сұрау сәтінде әрбір құстың (тырна, қарға, сауысқан, қаз, аққу, қарлығаш) өзіндік ерекшеліктеріне қарай олардың тілін тауып қысылғанда өзіне деме болуын өтінуі, әсіресе қарлығаштың достық сезімі өте әсерлі етіп берілген жерге назар аударайық: «Қарлығаш аспанмен, баланың айтқан тілегі мен асқар-асқар таулармен, айдын шалқар көлдермен, батпақ-лай шөлдермен, түрлі-түрлі жерлермен, қос қанатын қамшылап, үстінен тері тамшылап, неше мерзім жерді өтті, неше мерзім елді өтті, нақ отыз күн болғанда бір ауылға сол жетті». Құс екеш құстың да тарыққан жанға жанашырлығы балалардың да аяушылық сезімдеріне әсер етуі сөзсіз. Сондай-ақ, әкесінің «Ау, шырағым, құлыным, маңдайдағы тұлымым, көлге біткен құрағым, жалғыз ұлым шырағым!»; Шешесінің «Жалғыз біткен талшыбық, келбетің келген қарағым, бір дерегін білуге, дүниені кезіп қарадым, аш бурадай жарадым, он екі мүшем сөгілді, аш күзендей бүгілді, таулардың насат тасындай, берік-ақ еді сүйегім, өрт шалғандай егілді, қайда кеттің сұңқарым, үміт еткен тұлпарым, бір көрсетіп алмады, сол ғана болды-ау іңкәрім»... Міне, бұл тұстан бала адамның бауыр еті, жанының қуаты сол қуаттан айырылған ана зарының әсерлі, мәнді күйде баяндалуы бала жанын тебіренге отырып, ата-ананың қадір-қасиетін, күйініш-сүйінішін түсіне білуге жетелейді.

Ертегілер бала жанына жақын, тілі жатық, үйлесімділігімен тыңдаушыны ұйытып, еріксіз еліктіретіндіктен, оның тәрбиелік рөліне шек келтіруге болмайды. Бала оқыту процесінде тәрбие талаптарын ескере отырып, ертегінің қай түрі болмасын оны

шәкірт алдында ұтымды әрі тиімді жолмен пайдалана білген жөн.

«Сөз анасы мақал» – дейді халық. Әдемі ұйқасты, үйлесімді ырғақты, өлеңді өрнекпен не шешендік қара сөзбен айшықталған қысқа да нұсқа айтылған нақыл сөздердің мәйегі.

Мұхтар Әуезов қазақ мақал-мәтелдерін былайша сипаттайды: «Мақал-мәтел халық әдебиетінің қоғамдық құбылыстарын кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай, ең бір мол саласы».

Мақал-мәтелдер көбінесе екі тармақтан құрылады. Бірінші тармағында ойдың түп нұсқасы пайымдалады, екіншісінде ой қорытындыланып түйінделеді. Мақал сөздер тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Мәтел-мақалға ұқсас, бірақ мақалдай екі-үш тармақты емес, өлең сипатында құрылатын ықшамды, кестелі нақыл сөз. Атадан балаға мирас болып тараған өнеге, үлгі, өсиет сөздердің қиесі. Оны айтушыда, тұтынушыда ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра етіп жеткізуші де халық. Сондықтан, мақал-мәтелдер халық тәжірибесінен туған, тұжырымдалған ой мен пікір, халықтың тыныс-тіршілігі. Бүгінгі күннің өзінде философиялық мәні бар мақал-мәтелдерді күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолдану әдетке айналған. Мақал-мәтелдердің бала тәрбиесінде алатын орны ерекше. Өйткені онда ел, халық, Отан, бірлік, ерлік, білім, жанұя, адамгершілік, өнер жайында айтылатын өнегелі сөздер өте көп. «Туған жерге туың тік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Ырыс алды-ынтымақ», «Еңбек адамның екінші анасы», «Жалқаулық аздырады, еңбек оздырады» деген мақалдарды пайдалана отырып, баланың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттырып, ынтымақты, еңбексүйгіш болуға үйрете білу – ұстаздың шәкірт алдындағы міндеті. Атақты орыс педагогы К.Д.Ушинский: «Мақал-мәтелдер баланың ақыл-ойын, санасын дамытудағы сөздің інжу-маржаны, бала тәрбиесіндегі

адамгершілік тәрбиесінің таптырмас ережелері» деген еді. Демек, бүгінгі күннің талабына сай сабақ барысында балаға халқымыздың ауыз әдебиетінің көркемдігін, қасиеттілігін дарыта отырып, баланы қызықтыруға арналған көрнекті құралдар, плакаттар, қызықты ребустар т.б ұйымдастыру әрбір ұстаздың біліктілігінің үлесінде.

Қазақ халқы өскен ортаның, кісінің кісілігінің қалыптасуына әсер ететіндігін жақсы білген. Сондықтан қазақта «көргенділік», «көргенсіздік» деген ұғымдар қалыптасқан. Атам қазақ балғын балапандарын жас күнінен-ақ «Ұлың өссе, ұлы ұлықтымен, қызың өссе қызы қылықтымен аралас бол», деп болашақ өмірге дайындап, қанаттарын қатайта бастаған.

Көрнекті педагог В. Сухамлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - дейді. Осыдан келіп бала тәрбиесіне аса назар аударып отырып, оның жанына адамгершілік қасиетін ұялатып, жүрегіне келешек тұлғаның қалыптасуына

сай болмыстарды дарыта білсек, нұр үстіне нұр болмақ. Сонда ғана бақытты бала, салауатты да саналы ұрпақ тәрбиелеуге қол жеткіземіз. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Қорыта келгенде, ауыз әдебиетінің тарам-тарам жолдарын орынды пайдалана білу әр мұғалімнің өз үлесінде. Десек те, жас шәкірттердің ұлттық санасын оятып, жол таба білсек болғаны. Халық ауыз әдебиетін тұтастай меңгеру екінші бірінің қолынан келе бермес дүние. Оның үстіне жинақталып, кітап болып басылып ғылыми тұрғыдан жүйеленбеген, сараланбаған қазынананы тауып алу оңай емес. Сондықтан ел аузындағы есті сөздерге құлақ түре жүру, ата-бабалардың баспа сөз бетінде жарық көрген ұлағаттарын тере жүру тәрбие тұтқасындағыларға тартымды да татымды білім олжасы.

Резюме

В статье рассматриваются особенности использования фольклорных образцов на уроках в начальной школе. Скороговорки, сказки, пословицы и поговорки имеют важное значение в развитии детей.

Summary

The article discusses the use of particular samples of folklore in the classroom in an elementary school. Tongue twisters, stories, proverbs and sayings are important in the development of children.



“Халықтың кемеліне келіп өркендеп, өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет”

Ш.Уәлиханов

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Нуриев М.А. Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда «Ұлттық тәрбие» журналының маңызы.....	6
Құлсариева А.Т. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің оқу үдерісі: бүгінгі мен ертеңі.....	9
Совет-Хан Ғаббасов Қазақстан республикасының білім беру тұжырымдамасын жаңашалау.....	13
Табылдиев Ә. Ұлттық тәрбиедегі теріс мінезді тәрбиелеу тәсілдері.....	17
Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Садыкова А.Е. Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда педагог-ұстаздар негізгі рөлге ие.....	29
Нуриев М.А., Якупова А.Н. Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы.....	33
Андабекова С. Тәрбие жұмысы – іркіліксіз және кешенді түрде жүргізілетін іс (сұхбат).....	38
Бөлеев Қ., Бұзаубақова К.Ж., Елубаева М.С., Досмуханбетова К. Негізгі және бейінді мектептер оқушыларына ұлттық тәрбие беру (бағдарлама).....	42
Иманбаева С.Т. Қоғамның жаңа әлеуметтік даму жағдайында тұлғаның құндылық бағдарын қалыптастыру.....	48
Даутова С. Б. Қоғамның дамуына қосқан әдебиеттану ғылымының іргелі үлесі.....	54
Молдабеков Ж.Ж. Үй болуда, үйлестікке үйрену де қиын (Гендерлік аспект).....	59
Гүлмарт Ә.М. «Қорқыт ата кітабындағы» отбасылық әдептің көріністері.....	66
Жұматаева Е. Ұлттық тәрбиенің біліктілік қуат көздерінің парадигмасы.....	72
Құрманғали А.К., Гизатова Р.Г.Тарихи романның тәрбие берудегі маңызы («Аласапыран» романы негізінде).....	91
Жұмахан Құмар Ата-ананың бала тәрбиесіндегі орны.....	94
Туксанбаева Г.Т. Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық-шығармашылық қасиеттерін дамыту.....	97
Жұмабаева Н.Е. Бастауыш сыныпта эстетикалық тәрбие берудің ерекшеліктері.....	99
Жакупова Б.Д. Фольклорлық үлгілердің тәрбиелік маңызы.....	102



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

4 (12) 2012

(шілде-тамыз)

3

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифтін өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде жазылса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана на русском языке, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического
университета имени Абая

Тікелей репродукциялық әдіспен басылады
Печатается методом прямого репродуцирования

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Анар Құрманғали
Беттеген/Верстка – Анар Құрманғали*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі 25 үй, Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 8 (702) 951-87-61,
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 09.08.2012 ж. Пішімі 60x84 1/8.
Қағазы сықтықвар. Басылым – офсет. Көлемі 13 б.т.
Таралымы 500. Тапсырыс №299.